**Бекітемін ___________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 08-12 қаңтар 2024жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | «Алуан түсті көңіл-күй» ойыны<br>Мақсаты: баланың көңіл-күйін қадағалау,ойын арқылы көтеру,баланың үнін есту.<br>Шарты: сары-ойын ойнағым келеді,көңіл-кйім жақсы:<br>жасыл-досыммен бірге ойнағым келеді;<br>көк-тыныш ,ертегі тыңдап отырғым келеді;<br>қызыл-көңіл-күйім керемет,бәріне де дайынмын;<br>сұр-не істегім келеді білмеймін,маған бәрібір.Осындай көңіл-күйді бір-бірімен | «Көңілді жіп» ойыны<br>Мақсаты: жіп арқылы балалардың бір-біріне қарым-қатынасын нығайту.достығын нығайту.<br>Шарты: тәрбиеші домалақ жіпті алып шетін бір балаға беріп сенің болғаның қандай жақсы,сен ақылдысың дейді,жіпті алған бала ары қарай жалғастырып,мысалы, сен әдемісің деген сияқты сөз айтып жіпті түсірмей жалғастыру керек.Түсіріп алған бала айыбын төлейді.(би,ән,тақпақ) | Әдемі тілекпен қарсы алу.<br>-Үлкен болып өс!<br>-Күндей жылу шаш!<br>-Айдай әсем бол!<br>-Әрқашан жолың болсын!<br>-Денсаулығың мықты болсын!<br><br>«Би терапиясы» ойын<br>Шарты: Музыка басталғанда жұптасып бір-біріне алақандарын тигізеді,қайырмасы болғанда шеңбер бойымен билеп жүреді. | «Қане,белсенді болайық!»<br>Мақсаты: балаларды сәлемдесу түрлерімен амандастыру,жағымды көңіл-күй сыйлау.<br>Шарты:<br>-бір-біріне күлімсірей қарап,алақандарымен амандасу;<br>-оң жақ,сол жақ тізелерін түйістіріп амандасу;<br>-оң жақ,сол жақ иықтарымен амандасу;<br>-бастарын түйістіріп амандасу; | Жылулық сәт:<br>Әуен ойнап тұрады. Көздеріңді жұмыңдар, басымызды сипаймыз және ішімізден мен өте жақсымвн деп айтайық.күн шуақтанып тұр,таза ауа,терең дем аламыз.Енді көзімізді ашып,бір-бірімізге жымиып күлейік.Күні бойы осылай әдемі боп жүрейік! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйлестіріп,күнді сәтті бастау мақсатында әдемі тілектер айтқызу. Әнұран айту | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-анаға **кеңес:** Жол қауіпсіздігі жайлы баламен жиі әңгімелесу керек,жүгірмеу,айна ласына қарау,ережеге бағыну керектігі айтылып отырса.. | Ата – аналармен **сұхбат**. Әдептілік әліппесіне үлкен мән беруге шақыру; «Сәлеметсіз бе?», «Сау болыңыз!», «Өтінемін», «Рахмет!», т.б сиқырлы сөз екенін,яғни әдептілікке үнемі баулып отыру. | Ата-анаға **сауалнама** ұсыну:<br>Тақырыбы: «Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?»<br>(келер аптаға тапсырма орындау) | Ата-анамен **әңгіме:**<br>-Балаңыздың қандай әрекетіне көңіліңіз олмайды?<br>-Оның қандай шешімі бар деп ойлайсыз?<br>-Менің қандай көмегім қажет?<br>(ашық әңгіме жүргізу) | Ата –анамен **сұхбат.**<br>«Жәй балалар»<br>Бұндай балалар сезімтал болмайды,олар өте ұстамды болады. Бірақ бір нәрсеге ренжісе терең қабылдайды,сондықтан осы қалпында қабылдаған дұрыс.. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер | Ертегі әлемінде «Алдаркөсенің басынан кешкендері» Аудиомен тыңдау. Өз ойларын айтқызу. | Танымдық үстел үсті ойыны<br>«Көлеңкесін тап!»<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау,көру,қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа,ұқыптыл ыққа үйрету. | «Кімнің даусы?»<br>(доппен ойын)<br>Мақсаты: жануарлардың дауысын ажырату және дұрыс атауға үйрету. | Кітап бұрышы<br>Мақсаты: кітапқа қызығушылығын арттыру.<br>Шарты: кітаптарды қарап,қызықты суреттерді тамашалап, алған әсерлерімен бөлісу. | «Ажарлы қыс»<br>Мақсаты: қыс мезгілін өз беттерінше бейнелеуге дағдыландыру.<br>Шарты: қағаз бетіне қыс мезгілін «елестете» отырып бейнелеу керек. |
| Жаттығулар кешені | Тәрбиешінің көмегімен ауызша айтуына сай дене жаттығуларын атрибуттармен орындау.(доп,жалау ша,т.б)<br>**«Біздің қолдар»**<br>Қолдарымыз белде,солға бір қадам,орнымызға келеміз,солға бір қадам.(4-5 рет) | **«Иілеміз»**<br>Аяқтарымыз иық көлемінде алшақ, Қолымыз екі жақта. Еңкейеміз аяқтың ұшына қол тигіземіз. (5-6 рет) | **«Микрофон»**<br>Аяқтарымыз иық көлемінде алшақ, Скакалка мойнымызда,шетінен ұстап оңға,солға бұрыламыз. | **«Бір аяқпен»**<br>Бір аяқпен тұрамыз,қолымыз белде,секіреміз.Екінш і аяқты алмастырамыз,қайтал аймыз (5-6 рет) | **«Доп жоғарыда»**<br>Допты екі қолмен төмен ұстап тұрамыз,аяғымыз алшақ.<br>Екі қолымызбен допты жоғары көтереміз,түсіреміз. (5-6 рет) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>«Р»-ға тілің келе | Қимылды ойын:<br>**«Кім жылдам**?»<br>Мақсаты: Түрлі-түсті | **Жұмбақ шешу**<br>Аспанда жүреді,<br>Қанатын қақпайды. | **Нейрожаттығула**р<br>Қарындаштарды саусақ ұштарымен | **Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық ойындарды дәріптеу:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ме?<br>Қаламқасқа «тұр»,-деші.<br>Қарындашқа «жүр»,-деші.<br>«Қара қарындашты Қаламқас алып тұр»,-деші,<br>Ал енді өзің «Ррр»,-деші. | стакандардан ғимарат құрастыру. | Жерде жүреді,<br>Бауырлап жатпайды. (ұшақ)<br>Көп үйлер жүр тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр көшіп. (пойыз) | ұстау, өз шамаларына қарай қарындаштың санын көбейтіп отыру. | **«Асықтарды сөреге жинастыру»**<br>Мақсаты:Ағаш сөреге асықтарды орналастыру, ойын элементтерін пайдалана отырып асыққа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру**<br>**Кеудеге** арналған жаттығулар<br>**Доппен ойын**<br>Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа,алға беру),жан-жаққа (оңға,солға бұрылу).<br>**«Төбеде доп қуу»**<br>Мақсаты:<br>Балаларды шапшаңдыққа үйрету,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты:<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді,әр топ бірінің артына бірі тұрады. Белгі берілгенде екі топ доптарын төбесінен асыра артындағы балаға жалғастыру керек.Бірінші болған топ жеңімпаз болады.<br>**«Көтеріп кет»**<br>(ұлттық-қимылды ойын) | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өзін-өзі құрметтеу, Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну,<br>Өзін-өзі тануға қызығушылықтары н арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу<br>Ойын**. «Мен еңбекқор баламын»**.<br>Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады.<br>«Үйде жалғыз қалғанда» тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.Суретті кітапшаларды бояу,<br>«Жылы сөздер ойыны»<br>Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады. | **Көркем әдебиет**<br>Театр әлемі. Алтын балта (орыс халық ертегісі) сахналау<br>**«**Жаңа ертегі»<br>Мақсаты: Ертегіні бірнеше мәрте тыңдап, оның мазмұнын айтып, сюжеттің<br>негізінде шағын көрністер құрастыруға үйрету<br>Мақсаты: Ертегі тыңдауға, талдауға, тыңдағанды «жандандыруға», құрастырған ертегі кейіпкерлеріне қатысты эмоционалдық тұрғыда толқу<br>қабілеттерін дамыту, үйрету.<br>Жүргізуші отырған балаларға ертегі кейіпкерлерін атайды, суреттерін<br>көрсетеді.<br>Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан, қоян, қасқыр. Аталған | **Математика негіздері**<br>Топтарды санау және салыстыру<br>Мақсаты: Балалардың есту, қабылдау қабілеттерін жетілдіру, қарапайым сан<br>мен санау түсініктерін қалыптастыру;<br>Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшінжаттықтыру.<br>Керекті материалдар: Тәрбиеші мен әрбір баланың алдында тілі бар<br>дөңгелек (3 сурет ) болуы тиіс.<br>Ойынның мазмұны.<br>1 нұсқа. Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң | **Сауат ашу негіздері**<br>Дауысты , дауыссыз дыбыстар<br>**«Бұл не қылған дыбыс»**<br>Мақсаты: Баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратып үйрету.<br>Құрал: Бірдей дыбыстан басталатын суреттердің аттары.<br>Ойын барысы: Ойынға 3-5 балаға қатысуға болады. Ойыншылар үстел басына отырады, тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп атайды. Балалар зейінді тыңдап сөздегі бірдей дыбыстарды танып білу қажет. Табылған дыбыс нақты айтылу қажет. Мысалы: ааапа, аана, ааайна, ааалма.**«Кім зейінді?»**<br>Мақсаты:дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың, байқағыштық қасиеттерін дамыту.<br>Ойын шарты:тәрбиеші балаларға әр-түрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты:<br>Ойыншылар екі-екіден арқаларын тақап жүрелеп отырады,шынтақтарын айқастырып ұстайды.Белгі берілген кезде бірін-бірі жерден көтеріп тұрып кету керек.Көтеріп кеткен бала жеңімпаз болады. | **«Осылай бола ма?»**<br>Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек. | кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды<br>ұсынады. Балалар ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады. | тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше<br>рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін<br>сандық фигураға қаратып  қоюы тиіс.<br>2 нұсқа. Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады.<br>Тәрбиеші ойын ережесінің<br>дұрыс орындалуын қадағалайды. | сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көктекшені көтереді.<br>Тәрбиеші балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша, не асықтар үлестіріп отырады. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Жалпы атауын ата»**<br>Мақсаты:Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.<br>ойын<br>барысы: Балаларға әртүрлі<br>суреттер беріледі,сол суреттің ішінен | **Тіл ұстарту жаттығулары**<br>Қыс туралы<br>Ыс – ыс – ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар – ар – ар,<br>Жауады қар.<br>Яз – яз – яз<br>Сақылдаған сары аяз.<br>Ран – ран – ран, Соғады боран. На – на – на,Зулайды шана.<br><br>. | **Артикуляциялық жаттығулар**:<br>«Кесе» - ауызды кең ашып, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.<br>«Сағат» - тілді ауыз қуысынан шығарып жіңішкертіп ұстап, оңға, солға қимылдату керек. | «**Вагондарға дөңгелек таңдау**»<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға | «**Тәулік бөліктері** »<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер<br>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы:ыдыстар,ойыншықтар,жануарлар. | | | лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Математика негіздері**<br>Жиын<br>жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамытуды жалғастыру.<br>«**Түсі бойынша жина**»<br>Мақсаты: түстерді ажырата білуге, оларды таңдап алу, бөлшектерден тұтасты құрастыру іскерліктерін дамыту.<br>Құрал – жабдықтары: Геометриялық бөлшектер.<br>Ойын шарты: Геометриялық бөлшектерден түсі бойынша бейнелерді жинау.<br>«**Ағаштар мен гүлдерді топтастыр**»<br>Мақсаты: топтастыруға, ажыратуға жиынды жинақтауға | **Музыка**<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы әуендерді қабылдау<br>Вальс би элементтерімен таныстыру , биге деген қызығушылығын арттыру.<br>«**Шортан**»<br>Мақсаты: Музыка әуенімен еркін билеуге баулу. Көрнекіліктер: Шортан мен кішкентай балықтардың бет пердесі. Шарты: Шеңбер құрып тұрған балалар — аквариумдағы тастар.Үлкен балық — шортан тастардың арасымен, кішкентай балықтарды қуалайды.Кішкенетай балықтар:бул-бул-бул деп әндететіп қашады. Ұсталған балық тақпақ немесе ән орындайды. | **Математика негіздері**<br>Әртүрлі заттардан тұратын топтар саны «Қапшықтан неше ойыншық алдың?»<br>Мақсаты: Балаларды затты қолмен сипалап, пішінін айтуға үйрету, ойлау қабілетін дамыту. Балаларды қолдың саусақтарымен сипалап, көп заттардың ішінен белгілі бір затты алып шығуға үйрету, ой-өрісін жетілдіру.<br>Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға қолдың саусақтарымен сипалап білу арқылы қапшықтан 4 шарик алуды тапсырады. Балалар тапсырманы орындау үшін қапшықтан шариктерді алып, стөл бетіне қояды және санайды.<br>Осыдан кейін балалар тапсырманы орындауын өзара тексереді, қателік жөнінде тәрбиешіге айтады.<br>Тапсырма бірнеше рет қайталанады. Ешқандай қателік жібермеген балалар | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздерде үстеулерді қолдану<br>үстеулерді салыстырмалы шақта, септелмейтін зат есімдерді дұрыс қолдануға үйрету<br>**Қыстап қалатын құстар** жайлы әңгімелесу Оларға қандай көмек көрсетеміз сұрақ-жауап «Қыс мезгілі немен қызықты?» ата-анамен бірігіп салынған сурет бойынша жұмыс жүргізу.<br>«**Дыбысталатын сағат**» Ойынның мақсаты: дыбысталатын сағаттарды тілмен дұрыс көрсете білуге үйрету. Қыс мезгіліне не керек? Ойынның мақсаты:Балаларды қысқа қажетті заттармен таныстыру. Қыс мезгілі суретінің жанына қатысты суреттерді іріктеп ілу.м/ы:шана,шаңғы т.б. | **Көркем әдебиет**<br>Кейіпкерлердің жасырын әрекеті.<br>«**Бір уыс мақта**»<br>(Ы.Алтынсариннің әңгімесі)<br>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:<br>- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:<br>- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,- деп.<br>Шешесі:<br>- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.<br>Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:<br>- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>**«Формасы ұқсас заттарды тап»**<br>Ойынның мақсаты: Түрлі за ттарды формасына қарай а жырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған білім – дағдыларын тиянақтау<br>**Ойын-тапсырма**<br>**Мақсаты.** Топтасты ру қабілетін дамыту.<br>Шарты:.Балалардың алдында кестесі. Онда логикалық фигуралар қаласындағы жаңа үйлер суреттелген. Бірақ қаланың тұрғындары-фигуралар үйлерге еш қоныстана алмай отыр. Ал үйге тұрғындарды орналастырғанда, олар әр бөлмеде көлемдері жағынан бірдей тұрғындар-фигуралар болғандай етіп жасау керек.Үйдің төменгі жағындағы белгілер қандай фигуралардың қай бөлмелерге орналасуы | | жеңімпаздар атанады.<br>**«Кімге қанша?»**<br>Мақсаты: реттік санауды бекіту, қимылдарды санау.<br>Ойын барысы: 1,2,3 кеттік енді секіріп, Шапалақтап, топылдатып.<br>Қоян келді секіріп 3,4,5 1,2,3 | **«Жаңа қуыршақ»**<br>Мақсаты: Балаларды топталған бөлмедегі жабдықтарды дұрыс атауға үйрету; олардың міндетін анықтау; балалардың сөйлеу қабілетін дамыту; жаңадан келгендерге ілтипатпен, мейірімді қатынасқа үйрету<br>**«Нені қайда салады?» (қантты – қант салғышқа және т.б.)Ойынның мақсаты:** Ыдыс аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойынның мазмұны:**<br>Тәрбиеші ыдыс аяқтың суретін береді. Балалар ол ыдыс аяққа не салатынын айтады мысалы: қантты қант салғышқа және т.б. | неғылады? - деп сұрады.<br>Әжесі айтты:<br>- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,-деді.<br>«**Кім көп біледі**?»<br>Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту; олардың заттар жайлы білімін кеңейту; тапқырлық, зеректік қабілеттерін тәрбиелеу<br>Шарты:әңгіме бойынша диалог жүргізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керектігін көрсетеді.Балалар фигураларды алып, оларды үйлерге орналастырады. Соңында тексереді және әр тордағы (пәтер) фигуралардың бір-бірімен несімен ұқсас, олардың қандай екендіктерін айтады | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жылулық сәті:<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | Жылулық сәті:<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | Жылулық сәті:<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | Жылулық сәті:<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Жылулық сәті:<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту**<br>Дыбыстарды дұрыс анық айту.<br>, Яз – яз – яз<br>Сақылдаған сары аяз. На – на – на,Зулайды шана.<br>**Артикуляциялық жаттығулар**<br>Еріндіалғақарайсозу. («Керней»)<br>Еріннінқалыптарын кезектесу: еріндікүлімсірету-керней | **Құрастыру**<br>Шығармашылық қиялды дамыту<br>**«Кім жылдам құрастырады?»**<br>Мақсаты: пішіндерді қайталау, логикасын дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер, үлгі суреттер.<br>Ойын барысы: Балаларға пішіндер беріледі. Балалар үлгідегі суретке қарап өздігінен өрнек құрастырады.<br>**«Аққалар»** | **Дене шынықтыру**<br>3-5 метр қашықтықта екі қолды жерге қойып жүру<br>(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). ір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп жүгіруді үйретуді жалғастыру. Доға астымен еңбектеуге (биіктігі 50 см) үйретуді жалғастыру<br>**«Қарғалар»**<br>Мақсаты: балалардың ойынға құштарлығын | **Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>. **«Мақтаншақ бақа»** ертегісі Бірде мақтаншақ бақа тастың үстінде күнге қыздырынып жатады,арасында «бақ-бақ» деп әндетіп қояды. Бақаның көңіл-күйінің керемет екенін көрген балық былай дейді: -Бақашық,не болды? Көңіл-күйің керемет қой.<br>-Иә,балық,сен мен | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Бірлескен еңбек әрекеті Көмек, көмектесу ұғымдары туралы түсінік беру. Бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыруБір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.<br>**«Құрылысшы»**<br>Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру.<br>Ойын арқылы үйлерді қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ауыздыжайбырақат ашып-жұму, ерінкүлімсірептұрады. Тілдіжалпыйтыпұстау. Тілдіжіңішкертіпұстау. Тілдіңқалыптарынкезектепжасау: жалпақ-жіңішке. Тілдіжоғарғытістердіңартынакөтеріпұстау. Тілдікезекпен: жоғарығакөтеріп-астынатүсіру. Тілдіңмынадайқалыптарынкезектеу (тілдіңұшытөменде) : тілдіауыздыңішінеқарай (түбінеқарай) ысырыпсосыналдыңғыастыңғытістергетигізіпқою **«Қыс»**туралыәңгімелеу. Мақсаты: Өзойларынтолықжеткізугеүйрету,дыбыстарды анық айтуын қадағалау. | **Мақсаты:** Бірлесе жұмысістеу барысында балаларды еркін қарым-қатынаста болуға үйрету. Құрал – жабдықтары: Әр түрлі геомертиялық пішіндер ( бірінші аққаланың көздері- көк, екіншісінікі-қара, біріншісінің басында-қызғылт сары, екіншісінің басында –қызыл шелек, түймелері-көк, жасыл) конвертке бірдей емес етіп геометриялық пішіндер салынады. Ойынның шарты: Тәрбиеші геометриялық пішіндер салынған конвертті үлестіріп, үлгі бойынша « аққала» құрастыруды ұсынады.Егер кейбір бөліктер жетіспесе, ол құрбысының конвертінен алуы тиіс. Жұмысбарысында балалар бір-бірімен еркін араласуы қажет. Ойын сонында балалар бірбірін тексеріп, қажетіне қарай қателіктерін түзейді**.** | дамыту,дене қимылын,бұлшық еттерін нығайту Шарты: балалар қарға болып жерде екі қолдарын тіреп жем шоқып жүреді.Боран деп белгі беренде ағаш түбіне тығылады.Тыныштaлды дегенде жем шоқуға қайта шығады. . Қимылды ойын: **«Бақалар»** Мақсаты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді. | сияқты таста,құмда еркін жата алмайсың.Мен суда да,құрлықтада өмір сұре беремін.Сен болсаң судан шықсаң өлесің де қаласың. Досым,саған жаным ашиды,-деп мұқатыпты. Ренжіген балық не айтарын білмей суға шолп етіп жүзіп кете береді. Мақтаншақ бақа өз ісіне риза боп тастың үстінде секіріп, билеп тұрғанда аяғы тайып,оңбай құлап түседі. Орнынан тұра алмай қиналған бақа өзінің айтқандарына іштей қынжылыпты. | салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. **«Нан дастарханға қалай келеді?»** **Мақсаты**:Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Сөздік қорын толықтыру:майдалау,себу,диқаншы,комбайын,элеватор,диірмен. **Ойын шарты**:Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып,қажетті суреттермен толықтыру. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Отбасылық құндылық**:Дидактикалық ойын: **«Отбасы мүшелерін ата»** Ойын шарты: | **«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны** – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, | **«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған | **«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос»** дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді | **Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»** Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.<br>Суреттегі отбасы мүшелерінін атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі.<br>Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады | кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Тағa, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс. | сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ...(биік), қоян ...(жүйрік), сағат ...(домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ...(жолақ | айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), | арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншықтуралыөзойынайта ды. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Туған өлкенің көрнекі жерлері,әсем табиғаты, тарихи орындары<br>**Біртұтас тәрбие** бағдарламасы бойынша:<br>«**Менің Отаным»**<br>Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.<br>**Қазақстан»** сөзін басқаша қалай айтуға болады?-Отаным, туған | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздің мағынасы<br>**«Ойлан да аяқта».**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.: Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.<br>Ат шабады, ал қарқа ...(ұшады)<br>Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді) | Сауат ашу негіздері.<br>Сөздерге дыбыстық талдау<br>**«Дыбысты дұрыс тап » дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге буындар айтамын,сендер ауызша дыбыстық талдау жасайсыңдар.Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо<br><br>**«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны**<br>–Тәрбиеші дауыссыз | Музыка<br>Ән сипатына қарай би қимылын орындау.<br>**Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>**Біз, біз, біз!**<br>Апа, апабұлсіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Әке, әкебұлсіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Ағатайымбұлсіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Қарындасымбұл сен бе?<br>**Иә, иә, иә!** | Дене шынықтыру<br>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар (жұппен)<br>**″Түсіріп алма»**<br>Қазақша молдас құрып отыру,Доп қолда.Допты жоғары көтеру,<br>Қолды бүгіп,бастан асыру.<br>Допты жоғары көтеру<br>2. **″Допты бастан асырып ұстау»**<br>Тізерлеп отыру,доп төменде,допты көтермелеп қолды алдыға созу.Қалыпқа келу.<br>**«Еңкею»**<br>Кілемге отыру, аяқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерім, атамекенім, туған өлкем, туған елім.<br>Атамекен. Туған жер. Туған өлке. Бұл – ең жоғары құндылықтардың, асыл ұғымдардың бірі.<br>Атамекен – туған халқының, ұлттың қасиетті мекен еткен, ата – бабаның қоныс тепкен жері.<br>Туған жер – әр адамның дүние есігін ашып, өмірге келген жері,<br>Туған өлке — ата – бабаның қоныс тепкен жері мен өмірге келген жеріңнің табиғат көрінісі. Адамның туған жері, өскен ортасы ерекше ыстық болады.<br>«**Менің Қазақстаным**» тақырыбында әңгімелесу, мазмұнды суреттер ұсыну.<br>Өздері тұратын өлкелері туралы диалогқа тарту.Мұражай,алаңдар жайлы түсініктерін молайту.<br>Мақал – мәтел | Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды)<br>Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді)<br>Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті)<br>Өзен арықтан терең, ал арық...(саяз)<br>Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа) Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен)<br>Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)<br>**Не қалай дыбыстайды?» ойыны** арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.<br>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ..<br>2. Қарға қалай дыбыстайды? – .<br>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? –<br>. 4. Аққу қалай дыбыстайды? – 5. Торғай қалай дыбыстайды? – | дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.<br>«Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін сөз айтасыңдар және ауызша дыбыстық талдау жасаймыз..<br>Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киізүйдің (уығы), ... жайылды (мал | Біздер тату жанұя<br>**Иә, иә, иә!**<br>**БИ БИЛЕЙІК.**Би билегім келеді Бірақ қалай бастаймын.<br>Бірі анда, бірі мұнда<br>Өзіңді - өзің<br>Бас аяқты топ – топ – топ<br>Шапалақта көп – көп Бір анда, бір мында<br>Өзіңді - өзің айнала.<br>**Қимылды - әуен ойындарыЛавата.**<br>Көңілді билейміз біз тра – та- та, тра – та – та Сүйікті биіміз бұл лавата лавата.<br>Менің қолым әдемі,Әдемі, Ал көршінікі одан да әдемі. (қолдарынан ұстап шеңбер бойымен жүріп айтылады. Жүргізуші әр шумақтан соң дене мүшелерін атап отырады (басы әдемі, аяғым әдемі т.б)<br>**ОЙЫН** Егер өмір қызық болса, былай істе<br>(қол шапалақтау)<br>Егер өмір қызық болса, былай істе<br>(қол шапалақтау)<br>Егер өмір қызық болса, Әрқашан да бақыт болсын | алшақ,доп ұстаған қолды бүгіп,кеуде тұсында ұстау.Алға оң(сол) аяққа шалу,қолды түзу ұстау.Қалыпқа келу.<br>**«Дайын бол» ойыны**<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді.<br>Мысалы: қоян-секіреді, құс-ұшадыт.с.с |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талдау, нақыл сөздер, жұмбақтар шешу Еліміздегі көрікті жерлердің суретін тамашалау **«Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па**?» әңгіңмелесу, сұрақ жауап | | | Әрқашан да бақыт болсын Былай істе (әр шумақтан соң қимыл өзгеріп отырады, басты ию, жүру, секіру, ырғалу т.б) | |
| Серуен | **Қардағы іздерді бақылай білу** Бақылау Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.. | **Қар басуын бақылау** Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараңғыланады және қар түсе бастайды; аспаннан жапалақтанған тасқыны ұшқандай сезіледі (ұлпа, ақ, жеңіл).Жан-жағымыз қозғалысқа толған және тыныштық .Қар, жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды. Қар кесектелген немесе жеке қиыршақталған секілді жауып тұр ма, соны ажырата білуге үйрету. Сөйлей білуді, ойлауды, елестетуді дамыту.Жансыз табиғаттың құбылысына қызығушылығын тәрбиелеу.Ауа-райы әсемдігіне эстетикалық қарым-қатынасты тудыру. | **Тайғанақты бақылау**. Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргеніжөніндеайтужән ебақылаудаынтасындам ыту. | **Қаңтарда күн көбейеді,айқын жарқырайды,** бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарға қырау тұрады. Ақпанда күшті жел соғады, боран болады: ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады. Қыстабиғатыныңәсем дігіне, сүйіспеншіліккетәрби елеугеталаптандыру | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула сыпырушы көмектесті. Балалардан аула сыпырушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау.Аула сыпырушының қар тазалау кезіндегі саймандары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу. |
| Жеке баламен | Жеке баламен | Көп сөйлемейтін баламен | Жеке баламен жұмыс: | Жеке баламен жұмыс: | Көлемі, пішіні, түсі бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жұмыс | жұмыс:<br>Ұсақ қол моторикасын дамыту | жұмыс:<br>Ертегі тыңдау.<br>Ертегі желісі бойынша диалогқа тарту. | Қайшыны дұрыс ұстауға үйрету. | Түстерді ажырата білуге үйрету. | ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. . |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың жетістігі туралы айту Жолдан абайлаңыз! Кеңестерайту | Атааналарғақауіпсіздікере жесітуралыкеңестер беру | Балалардың жеке бас тазалығы жөнінде сөйлесу | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауды ескерту |

Тәрбиеші: М.М.Мырзабек

**Бекітемін __________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі:***
**2024 жыл 15-19 қаңтар**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **Біздің** кішкентай ғана жүрегімізде ізгілік пен адамгершілік мол. Денемізді бір сергітіп алайықшы (қимылмен көрсетіп).<br>Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды, Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым, Барлық істі атқарған.<br>Балалар, біз кез-келген істі жүрегімізбен сезініп, басымызбен ойланып, қолдарымызбен орындайды екенбіз. | **Балаларға** жағымды эмоция сыйлау, қырағылыққа, шапшаңдыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу. Кейіпкерлерді сомдауға үйрету.Достық қарым-қатынасты нығайту.<br>**Сәлемдесу:** Көтеріңкі көңіл күй сыйлай мақсатында дененің әртүрлі мүшелерімен амандасу ( қолмен, баспен, иықпен, құшақтасып, өкшемен т.б.) | **Балалар** жанында отырған көршісімен әр саусақтарын кезекпен түйістіріп, мына сөздерді айтып сәлемдеседі.<br>-Барлық (бас бармақтарын түйістіреді);<br>-кезде (балан үйрек );<br>-сәттілік (ортан терек);<br>-тілеймін (шылдыр шүмек);<br>-Сізге (кішкентай бөбек);<br>-Сәлем! (алақанмен) | **«Бір-бірімізбен амандасайық»**<br>**Мақсаты:** бір –біріне жақын болуға, бір-бірін түсіне білуге, балалар арасында жағымды атмосфера қалыптастыру.<br>І нұсқа: оң және сол жақ көршілеріңізбен құшақтасып амандасамыз.<br>ІІ нұсқа: арқаларыңызды тигізу арқылы<br>ІІІ нұсқа: оң және сол жақ тізелеріңізді тигізу арқылы<br>ІV нұсқа: мұрындарыңызды тигізу арқылы. | **Ойын «Көңілді ән»**<br>Менің қолымда домалақ жіп тұр.Қазір мен жіпті қолыма іліп алып өзімнің оң жағымда тұрған көршіме жіпті өлең айта отырып ұсынамын : «Балнұр,сенің топта сенің болғаның қандай жақсы»…. Ары қарай жалғастырамыз.Міне,жіп қайта айналып өзіме келді,бәрімізді біріктірді.Біздің достығымыз нығая түсті,көңіл күйіміз бұрынғыдан да көтерілді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ендеше, мына кішкентай ғана «құттықтау хаттарға» өз қолдарыңмен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылуы мен нұрын төккен күннің, немесе жұпар аңқыған гүлдің суреттерін салыңдар. (Жүрекшелерге суреттер салады)**Әнұран айту** | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардыңорындалуынқадағалауыңызкерек. | Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз. | Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз. | Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз. | Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңіздеболсынсіздіңсөйлегенсөзіңізді, ісәрекетіңіздібалаңызқа йталайды. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Мен 10 заттың атауын білемін…»** Ойын барасы: Бұл топтық ойын. Оқушылар шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен… ағаштардың… 10… атауын… білемін… қайың – бір, самырсын – екі, емен – үш» деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады | **«Қайтала»** (сіріңке шимен ұйымдастырылады ) Ойын барысы : Бұл ойынды оқушылар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шинен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырысады. Соданкейінокушылароpнынауыстырады, екіншісікөрсетеді, біріншісіқайталайды | **«Есте сақта және тап»** Ойын барысы : 3-4 картинада берілген суреттерді есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Бұл жаттығуды сандар мен әріптерден де жасауға болады. Ол үшін арнайы әріптер мен сандар кассасын пайдалануға болады. | **«Қанеки, есіңе түсір!»** Балаларға сұрақтар қойылады. Мысалы: «Бұл ғимаратта неше қабат бар?», «Дәліздегі перделердің түсі қандай?» «Бүгін Мәди не киіп келді?» т.б. Бәріне нақты жауап берген оқушы жеңімпаз атанады. Бұлойынбіржағынанбаланыңзейінініңартуына да көмектеседі. | **«Кезек»** ойыны Ойын барысы : Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы, тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап тұруын сұраймыз, карточкалаардың орнын ауыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және т.б сұраймыз. |
| Жаттығулар кешені | «Диірмен» н. қ – аяқты алшақ ұстау, қол төменде 1-4 рет қолмен диірменді айналдыру 5-6 керісінше.<br><br>Н. қ- аяқты алшақ ұстау, қол артта, 1- қолды жоғарыда шапалақтау, 2-3 төмен қарай еңкею басты аяққа қарай созу,шапалақтау. | Тіземен отыру, алға қарау, 1-2 аяқты тікейту, ұшымен тұру 3-4 н. қ 4-5 рет қайталау.<br><br>«Футбол» арқамен жату, тізені тіке әкелу оң және сол аяқпен допты тепкендей тебу, екі аяқ. | « Насос» н. қ- аяқты алшақ ұстау, қол белде 1-2 оңға бұрылу, оң қол төменде, сол қол жоғарыда, еңкейгенде ш-ш-ш деп дем шығару.<br>« Шапалақтау» н. қ – отыру, қол артта 1-2 оң аяқты көтеру, тізе астынан шапалақтау. | Аяқты алшақ ұстау, доп қолда, артта, 1-2 сол қолды жан- жаққа жіберу, доп<br><br>оң қолда 3-4 н. қ 4-5 рет қайталау.<br><br>Н. қ- доп оң қолда, 1-2 оң аяқты жоғары көтеру, допты сол қолға салу,<br><br>3-4 н. қ 4-5 ретқайталау | Аяқты алшақ ұстау, доп сол қолда, 1-2 төмен қарай еңкею, допты оң қолға ауыстыру сол қолды аяқтың өкшесіне тигізу, 4-5 рет қайталау.<br>Допты жоғары лақтыру, екі қолмен арттан шапалақтау, допты қағып алу, екі рет қайталау. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Артикуляциялық жаттығулар: Допты қақпаға кіргіз.Мақсаты**: ұзақ бағытталған ауа ағынын істеп шығару. **Қысқа бейнелеу**: еріндi алға қарай шошайта созып, мақта шаригін ұзақ үргізіп екі кубиктін арасына кіргізеді ( шарик үстелде баланың алдында жатады).<br><br>**Қол саусақ жаттығулары**Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, | **Артикуляциялық жаттығулар: Бағынбайтын тілді жазала.Мақсаты:** Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету; **Бейнелеуі**: Ауызды кішкене ашып, тілді астынғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.<br><br>**Қол саусақ жаттығулары**Алақан | **Артикуляциялық жаттығулар: Тілді жалпақ қыл.Мақсаты**: тілді сабыр, бос қалыпта ұстау икемділігіне дағдыландыру.**Бейнелеуі**: күлімдеп, ауызды ашыңқырап, тілдің алдыңғы жалпақ шетін төменгі ерінге салып қоямыз. Тілді осы қалыпта 5-10ға дейін санағанша ұстау керек. **Қол саусақ жаттығулары** Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен | **Артикуляциялық жаттығулар: Тісті тазалауМақсаты**: балаларға тілдің ұшын астыңғы тістердің артында ұстап тұруын үйрету. **Бейнелеуі**: күлімдеп, тістерді көрсету, ауызды ашынқырап тілдің ұшымен астыңғы тістерді «тазала». Әуелі тілді оңнан солға қарай, содан соң астынан үстіне қарай қозғау керек.<br><br>**Қол саусақ жаттығулары** Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар | **Артикуляциялық жаттығулар: Кәмпитті жапсырМақсаты**: тілдің бұлшық ететін күшейту және жоғарыға көтерулуін жаттықтыру. **Бейнелеуі**: тілдің жалпақ ұшын астынғы ерінге салып қояды. Тілдің ең шетіне жіңішке иристің бөлігін салып қойып, кәмпитті таңдайға үстінгі тістердің артына жапсырып қою<br><br>**Қол саусақ жаттығулары**.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталайды. | дар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. | қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. | жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды. | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру** Гимнастикалық қабырғада тартылу **Гимнастикалық қабырға бойымен өрмелеу.**Отыру қалпында допты бастан асыра лақтыру. **Мақсаты:** Рейканы дұрыс ұстау (4 саусақ үстінен, 1саусақ астынан), гимнастикалық қабырға бойымен жоғары қарай кезектестірілген адыммен өрмелеу, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруді орындауды үйретуді жалғастыру. Доп ұстаған қолын бастың артына қарай апару, доптың ұшуына алға-жоғары қарай бүгілген қолдарды екпінді жазылуымен дұрыс траектория бере білуді | **Қоршаған ортамен таныстыру** Республикадағы қалалар мен ауылдардың атауы Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы айтамын. - Балалар, сендер білесіңдер ме, Қазақстан Республикасының көптеген қалалары мен ауылдары бар. Сол ауылда сендер сияқты бақытты балалар  тұрады. Әр адам өзінің туып өскен жерін мақтан етеді . Мен де өзім туып өскен жерімді мақтан етемін. Сол себептен мен сендермен өздерің тұратын ауылымыз туралы әңгімелескім келіп тұр. - Ал, балалар сендер | **Көркем әдебиет** Шешендік сөз өнері Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Балаларды «Шешендік өнерге» баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан, балаларға  ата – баба ізімен шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, олардың үлгі өнегесін бойларына дарыту – басты мақсат. «Шешендік өнер» балалардың сөйлеу мәдениетін жетік меңгеріп, шебер сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Би-шешендердің сөздерін жаттап | **Математика негіздері** Заттар тобынан 2-3 белгілері сәйкес келмейтін затты бөліп алу **«Төртінші артық» ойыны.** Ойын шарты: басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 3 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 3 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша) <u>**«ОЙЛАН ТАП»**</u> **Мақсаты.** Заттардың | **Сауат ашу негіздері** Ирек сызықтар **Практикалық жұмыс**: қолдарына қалам алып, алдарындағы қағаздың бетіне ұшын тіреп, қаламды көтереді. Не пайда болды? (Нүкте). Енді сол нүктеге жанастырып бірнеше нүктелер саламыз. Не пайда болды? (Көп нүкте,сызық). Сызықтың түрлері: түзу, қисық, сынық. Жіпті алып партаның бетіне тастайды. Қандай сызық пайда болды? (Қисық сызық). Жіпті екі ұшынан ұстап көреді. Не пайда болды? (Түзу сызық). Сызғышпен таныстырып, қағаз бетіне бір нүкте белгілеп, сол нүкте арқылы түзу сызық жүргізіледі. Тапсырма бірнеше рет қайталанады. Бір нүктеден сансыз көп түзу жүргізуге болады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бекіту.<br>**Қимылды ойын: «Айдаһардың құйрығы»**<br>Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу. Ойын шарты:Ойынға қатысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам – «айдаһардың басы». Ең соңғысы - «құйрығы» болады.Ойын кезінде көңілді музыка қойылады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты – ұстатпау, қайткенде де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол - «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.<br>**Математика негіздері** Шама<br>**Логикалық ойын: «ДОМИНО»Мақсаты.** Берілген | қай ауылда тұрасыңдар ?<br>- Дұрыс айтасыңдар. Біз Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласында тұрамыз.<br>– Балалар біздің қаламызда орталық саябақ, әкімшілік, мұражай бар.<br>**Тапсырма:** Балаларға ауылымыздың табиғатының суретін салдыру.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Өзің тұратын қала (ауыл) қалай аталады?<br>-Ол қала (ауыл) Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан? Тірек сұрақтар қою арқылы балаларға туған қала, ауылдары туралы әңгімелетеді. (Демонстрациялық материалдағы сурет бойынша жұмыс.)<br>**«Асық алу» ойыны.** Мақсаты**:** дыбыстарға байланысты сөзді дұрыс табу,атау.<br>**Шарты:** Дорбадан асықты алып,бір дыбысты айтады, сол бойынша дыбыстарға байланысты | өсіп, жаңа ұғымдармен танысады. Мақалдың немесе өлең ұйқастарын таба отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойымен жалғастыра білуді үйренеді. Танымдық, шығармашылық қабілеттері артады.Жиренше шешен жайлы жалпылама айту.<br>**«Жиреншенің тағы бір айтқан сөзі»**<br>Хан бір күні:<br>— Осы Жиреншені неғылсақ та, жеңе алмадық, енді осыны бір жеңуге әдіс жасайық, — деп, бір жігітке:<br>— Сен ертең ертерек біздің үйге келіп отырып, Жиренше үйге кіріп келгенде қатты қылып бір осырдағы үйден шыға жөнел. Сонда мен Жиреншеге «ұста» дейін, сонда не дер екен? — депті.<br>Ертеңіне жігіт ханның айтқанын | ерекшеліктері атау (түсі, пішіні, көлемі, жуандығы), жалпылау оларды анаықтау қабілеттерін дамыту, заттың қандай дабір нақты ерекшелігінің жоқ екендігін сөзбен айтып жеткізу (қызыл емес, үшбұрышты емес және т.б.).<br><br>**Сөйлеуді дамыту** Негізгі ойды жеткізе білу. П\ж\о: «**Мен жақсы сөйлеймін»**<br>**Мақсаты:** балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөзік қорын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету.<br>**Шарты:** ертігіні электрондық қазақ үй құралынан тыңдап, желісі бойынша әңгімелеу.Ойларын дұрыс жеткізу.<br>**«Суретті жұмбақтар»**<br>**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілетін, сөдік қорын дамыту.<br>**Шарты:** тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. | деген тұжырым жасалады. Суреттегі түзулер, сымдар жайлы әңгімеленеді. Қарындаш тапсырмасында берілген нүктелермен түзулер жүргізу тапсырылады. Сабақта нүкте, сызық, сызық түрлері, түзу, бір нүктеден түзу жүргізу туралы мағлұмат беріледі. Сурет көрсету.**Мимикалық гимнастика**. Көзімізді ашып-жұмамыз (қатты-жәй)<br>Ерніміді түтікше тәрізді алға қарай созамыз.<br>**«Жымию»**<br>**Нүктелерді қос"ойын.Көрнекілік:** нүктелермен бейнеленген жұлдызша, жалауша бейнелері.**Ойын шарты*:*** Қағаз бетіндегі нүктелерді қосу арқылы бейнелерді анықтау, атын атау.Неше нүкте бер екен? Сұрағына жауаптарын тыңдау. Нүктелерді немірлету, сандарды тура және керісінше атату. Ойын нәтижесінде түзу, үшбұрыш, тікбұрыш ұғымдарын қалыптастыру, сандарды тура және керісінше атау.<br>***Көзге арналған жаттығулар:*** *Екі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктер бойынша заттарды салыстыра білуге үйрету, түсін, пішінін, көлемін анықтау және абстрактылау қабілеттерін дамыту.<br>**Мазмұны**<br>Ойынға төрт адам қатысады. Фигуралар ойыншылар арасына тең бөлінеді.<br>Ойыншылар ойынның ережесі туралы келіседі: қойылған фигураларға басқа түсті фигураларды ғана қоюға келіседі.ойыншылардың бірі (оны санамақ бойынша анықтауға болады) бірінші қадамды бастайды, ол кез-келген фигураны столға қояды. Қалғандары өз фигураларын кезекпен ережеге сәйкес салады. Кім қолындағы барлық фигураларын бұрын салса, сол жеңімпаз болады және сол ойыншы жүргізуші болып келесі ойынды жалғастырады.<br>Ережелер ауысып отырады: басқа пішінді немесе басқа көлемді фигураларды | қалаларды атау.<br>Мысалы, №**1**-асық. А-Алматы<br>№**2**-Қ №**3**-С<br>№**4**-Т, т.с<br><br>**Музыка**<br>Ән қарқынының өзгеруін сипаттау<br>**«Үш гүл»**Әуеннің көңіл күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.<br>Ойын құралдары<br>Көрнекілік:картоннан жасалынған үш гүл (гүлдің ортасында көңілді, көңілсіз және ұйықтап жатқан «тұлғаның» суреті салынған), әуеннің үш көңіл күйін көрсетіп жатады.<br>Жәй әуен, Көңілсіз әуен, Көңілді әуен (Гүлдердің орына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады.)<br>Таратылатыны: Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдірітен бір гүлден беріледі.<br>ОЙЫН ШАРТЫ :<br>. Бір бала шығып әуеннің көңіл күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де | істеп, Жиренше үйге кіріп келгенде осырып, тұра жөнеле бергенде хан Жиреншеге «ұста», — депті. Жиренше жігітпен жарыса далаға шығып, біраз кідіріп, есіктен қайта келіпті. Хан: — Ұстадың ба? — дегенде, Жиренше: — Баласы қашып кетті, әкесін ұстап әкелдім, — деп, бір адамның кепкен қу боғын ханның алдына тастай беріпті.<br>Сонда хан ұялғанынан:<br>— Мынаған дауа болмас! —деп күліп жіберіпті.<br>**Алдаркөсе мен шықбермес Шығайбай**.<br>(Ертегіні түсініп алып, екі кейіпкерді талдау, талқылау.)<br>Аудиодан тыңдау.<br>**Өлең, жұмбақ**, мақал - мәтел, өтірік өлеңдерді көбірек үйрету керек.<br>.Шаңырақ – күн, Уықтары- | Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.<br><br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>**«Күн,ай,жұлдыз»** ертегісі Ертеде Күн,Ай,Жұлдыз үшеуі күшті дос болыпты. Үшеуіде әдемі болыпты. Жұлдыз ерекше сұлу болған екен. Күн мен Ай Жұлдыздың сұлулығына қызғана қарайды екен. Бір күні олар өзара келісіп Жұлдызды жерге қарай итеріп құлатып жіберіпті. Жерге құлап түскен Жұлдыз көз жасына ерік беріп, достарына ренжиді. Бір кезде көз моншақтары лезде жылтыр,әдемі түске айналып, айналасы жап-жарық боп кетеді. Жердегі жәндіктер жиналып келіп,мәз | *көзімізбен оң жақ иығымызға қараймыз да, 5 секунд тұрамыз. Екі көзімізбен сол жақ иығымызға қараймыз да, 5 секунд тұрамыз.***Ойын::**<br>**«Түрлі түсті жіптер»**<br>Мақсаты: Фломастерді немесе майлы қарындашты дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>Шарты: жіптердің суретін алдарында тұрған фломастерлердің немесе майлы қарындаштың көмегімен парақтың сол жағынан бастап оңға қарай қисық сызық сызу арқылы салады.<br>**Қимылдық ойын: «Жіп орау».**<br>Шарты: Жарыса таркатылған жіптерді орау, түстерін айту.<br>**Көркем әдебиет**<br>Санамақтар<br>Бір дегенім бесігім.<br>Тербеткен ана бесігін.<br>Екі дегенім елім бұл.<br>Елбасындай сенімді ұл.<br>Үш дегенімм ұлтым.<br>Сақтаған әдет-ғұрпын.<br>Төрт дегенім көк туым.<br>Қалықтай бер көкте нұр.<br>Бес дегенім берекем. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап.<br><br><u>Алма жинап бөлісті.</u> -<br>- Алмас, Асан келісті,<br>Алма жинап бөлісті.<br>Арасында бір алма,<br>Айтыс болды бұларға.<br>Асан берсе, алмасы<br>Үштен бірі кем болар.<br>Алмас берсе, алмасы<br>Асанның да тең болар.<br>Алма санап көріңдер,<br>Екіге тең бөліңдер. | биіктікте секіру» жаттығуы әріптерді ара қашықтығын сақтап жазуға машықтандырады. Алдымен барлық саусақтарды уқалау керек. Егер бала жаттығуды өз бетімен жасай алмаса, ата-ана оған көмектесуі керек. Саусақтардың ұшынан бастау керек. Сізге сипау, айналмалы және үйкеліс қозғалыстарын жасау керек. Бұл массаждың ұзақтығы - 2-3 минут. Ол қаламмен немесе қарындашпен жұмыс істеуге дейін және кейін жасалуы керек. Бұл массажды кез келген жастағы балаларға жасауға болады. Оның арқасында саусақтардың қозғалғыштығы жақсарады. | **жалғастыр!**<br>Анам дүкеннен......<br>Мен карандашпен.....<br>Мен кітаптан.......<br>Менің әжем.....<br>Біз дастарқанға ..... **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау**«Сұрақ-жауап» әдісі** арқылы қайталау.1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?2) Дауысты дыбыстар3) Дауыссыз дыбыстар4) Қандай түспен белгіленеді?5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды?–Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен.**Артикуляциялық жаттығу**«Күрекше» – тілді | карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар екі суреттің арасындағы байланысты орнататын бір сөз ойлау керек. Ол сөз екі затты «байланыстыратын көпір» секілді. Әр бала кезекпен жауап береді. Баланың жауабы негізделген болуы керек.<br>Мысалы, екі сөз беріледі: «қаз» және «ағаш».<br>«Байланыстыратын көпір» қызметін мына сөздер болуы мүмкін: «ұшты» (қаз ағаштан ұшты). «ойды, кесті» (ағаштан қаз ойды), «тығылды» (қаз ағаштың артына тығылды) т.б.<br>Ескерту: бұл ойынды баламен жеке жұмыс жасауға да қолдануға болады. | Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>Салауатты өмір салтын сақтау үшін біз не істеуіміз керек?<br>Денсаулықтың достары туралы айтып беріңдерші 1.Спорт–Шынығу/<br>2. Таза ауа/ Свежий воздух.<br>3 Дұрыстамақтану Питание.<br>4. Тазалық/Гигиена.<br>5. Демалу/Труд и отдых.<br>6. Күнтәртібі-Режим дня.<br>7. Көңілкүй/Хорошее настроение<br>Жалқаубекжағынұстап, қолындақапшығы бар кірқожалақболыпкеледі.<br>- Жалқаубексаған не болды?<br>- Тісім ауырыптұр.<br>- Ол неге ауырады?<br>- Білмеймін.<br>- Тісіңдіуақытындатазалайсың ба?<br>- Жоқ.<br>- БалаларсендерқалайойлайсыңдарЖалқаубектіңтісі неге ауырады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>**« Қандай дыбыс естіп тұрсын?»**<br>Мақсаты**:** Дыбыстардың айырмашылығын таба білу білімдерін қалыптастыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, есту және естіген дыбыстарын айтып беруге дағдыландыру.Шарты: Үй жануарларының суретін көрсетіп дыбыстау, балалардың дыбыстарда қайталауын сұрау. | | - Тістіуақытындатазаламағандықтан, тамақтансоңауыздышаймағандықтан, тәттінікөпжегендіктен, тісдәрігерінеуақытындақаралмағандықтан Тістікүту: Ішсен де айран, жалғызшай, Тамақтансоңауызшай**Дидактикалықойын: «Тіскепайдалы, зияндызаттар»**<br>Сурет бойынша<br>а) Тістіекіретжуукерек. Таңертен де кешке де.<br>ә) Тісдәрігерінежылынаекіретқаралынукерек.<br>б) Тәттінікөпжемеукерек.<br>в) Қаттызаттарды тіспеншақпаукерек.<br>г) Әрадамныңжекещеткасы болу керек. - Тазалықболмаса, денсаулықдұрысболмайтынынсендербілесіңдер. Т азалықтысақтауүшінсумендос болу керек.<br>Сылдырлайдымөлдір су<br>Мөлдірсуғабетіңдіжу<br>Жусанегерардайым<br>Таза бетінмаңдайын<br>Тазалықтыңдосы су<br>дегенім осы.<br>Мақал-мәтел |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | а) Сусызөміржоқ<br>б) Судың да сұрауы бар |
| Серуенге дайындық | Балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, киімі ыңғайлы болуы.<br>. | Серуенге шығар алдында ойын алаңын дайындау қажет. | . Серуеннің қызықты өтуіне алдын-ала ( серуеннің жүрісін, ойын құралдарын) дайындауы тиіс. | Серуенге қажетті ойыншықтардың санитарлық-гигиенаға сай болуы қамтамасыз етілуі тиіс. | Балалардың өз бетінше ойнауына жағдай жасау, керекті құралдарды алу, ойыншықтармен қамту. |
| Серуен | **«Аязды бақылау»**<br>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br>Еңбек: Ауладағы қарды күреу.<br>Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету.<br>Күректідұрысұстауғаүйрету. | **Бақылау: Мұздыбақылау**.<br>Мақсаты: Мұздыкөрсетеотырасипаттау.<br>Қысмезгіліндеөзендермен көлдердіңбетінмұзбасатындығыжөніндетүсінік беру.<br>Еңбек: Тайғанақжергеқұмсебу.<br>Мақсаты: Балалардыбірлесіпжұмысжасауға баулу. Өздерінеберілгентапсырманытиянақтыорындауларынқадағалау. | **Боранды бақылау**.<br>Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.<br>Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Боран).<br>Қимылдық ойын: «Байқап қал».<br>Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. | **Бұлтты бақылау.**<br>Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.<br>Еңбек: Көшедегі қар инаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. | **Күнді бақылау.**<br>Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралытүсінік беру.<br>Еңбек: «Қыс қызығы».<br>Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етугеүйрету, үлкендердіңеңбегінеқұрметпенқарауғатәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу,ойындар | **«Шындыққа бір қадам» ойыны**<br>Балалар бір сапқа тұрады. Егер дұрыс болса бір қадам аттайды, дұрыс болмаса бір қадам артқа аттайды.<br>- Сиырлар ұшады | **«Бүлінген телефон» ойыны.**<br>Мақсаты: естесақтауғаарналған. Бірсөздімұғалімбірбаланыңқұлағынасыбырлапсолпікірдіқайталауды ,солайжалғасаберіпбар | **«Көңіл-күйімізді жаттықтыру» ойыны.**<br>Мақсаты: Шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл-күймізді жаттықтыра алуға арналады. | . **«Кім екенін тап» ойыны.**<br>Мақсаты: Топ мүшелерінің бір-бірін тануға көмектеседі. Әрбір адам өзінің аты-жөнін көрсетпей, өз-өзіне психологиялық мінездеме жазады. | **«Алып» ойыны.**<br>Мақсаты: Ұжымшылдыққа тәрбиелейді.<br>Екі бала қатар тұрады, біреуінің сол аяғын екіншісінің оң аяғына байлайды. Сөйтіп бір белгіленген жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Мысықтар мияулайды.<br>- Қыста қар түседі.<br>- Үлкенге орын береді.<br>- Ата-аналарды алдау<br>- Өтірікті досына жабу<br>- Шындықты айту. | лықбалаларғажеткізеді. Еңсоңғы бала бүкілсөздіестіпдауыстапайтады.<br>Мен әрқадайымшындықты айтамын. | Жүргізуші: Бүгін мен сендерге актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсет десем соны бет әлпеттеріңмен бейнелейсіңдер<br>1. Қабақтарыңды түйіп, ашулы адамның кейпін көрсетіңдер.<br>2. Қатты қорқу қажет. Қасқырдан қорыққан қоян сияқты, ұядан түсіп қалған балапан сияқты, иттен қорыққан баланы бет-әлпеттеріңмен көрсету керек.<br>3. Жылап тұрған адамды көрсету<br>4. Жәй күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету. | Өзінің ұнамды ұнамсыз қасиеттерін айтады. Тәрбиеші барлығының мінезін парақтарға жазады. Балалар мінездеменің иесін табу қажет.<br>Бұл жаттығу өзгелерді дұрыс қабылдап, тану арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін білуге үйретеді. | барады. Немесе, үш, төрт, т.б. балаларды бірге байлайды, сосын олар бірге жүруге тырысады. (бақағаұқсапсекіреді) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке жұмыс:***<br>Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br>**Көркем сөз:**<br>Далада қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастархан жапқандай,<br>Көз тоймайды қарасаң.<br>Мақсаты: Балаларға | ***Жеке жұмыс***:<br>Қыстың үш айын үйрету, ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Сұрақ-жауап**.<br>Балалардың қыс мезгілі өз ойларын айтуы | ***Жеке жұмыс***:<br>Қысқа байланысты **жұмбақтар жаттату**.<br>Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар).<br>**Көркем сөз:**<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, | ***Жеке жұмыс:***<br>Торғай,торғай,тоқылдақ<br>Жерден дәнді шұқып -ап<br>Бөтекесі бұлтиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ.<br>Мақсаты: Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту**.** | ***Жеке жұмыс:***<br>Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>Мақсаты:<br>Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмбақ, тақпақ жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. | | Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың көп сұрақ қоюына тиым салмаңыз. Қызықты сұрақтар: -Балаңызды еркелеткенде қандай сөздер айтасыз? | . Тәрбиешінің қоғамдық рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз. | .Психолог кеңесі: баланың интеллектуалдық жағынан дамуы үшін- күнiге 12 рет құшақтау қажет | Кеңес: «Үстіңді ретке келтір, шашыңды тара, киіміңді ауыстыр» — деп, баланың өзін жақсы сезінуіне көмектесу керек. | • Әңгімелесу: Балаңыздың бойыңызда, сіздің ойыңызша қандай жақсы қасиеттер бар? |

Тәрбиеші: М.М.Мырзабек

**Бекітемін ___________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл 29-02 қаңтар \\ ақпан**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | Ән салуға барамыз, (шеңбер бойымен жүреді)<br>Досымызды табамыз. ( тоқтайды)<br>Сәлемет пе! Міне, мен! ( қолдарын екі жаққа сермейді)<br>Доспын енді сенімен. (көршілерімен қол алысады)<br><br>Ризамын, ризамын бүгінге!<br>Ризамын, ризамын қазірге!<br>Ризамын, ризамын достарыма!<br>Ризамын, ризамын баршаға!<br><br>**Әнұран айту** | Аспан ашық болсын,<br>Күн қайырлы болсын,<br>Күн шуақты болсын,<br>Шаттыққа толы болсын!<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз әділдік.<br>(Балалар қол ұстасып құшақтасады)<br><br>**«Топтық сәлемдесу» жаттығуы.**<br>Мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету.<br>Нұсқау: Қыс, көктем, жаз, күз белгілеріне қарай 4 топқа бөлінейік. Әр топтың міндеті – мимика мен | Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br><br>**«Сәлемдесу» ойыны:** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен | Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздерме! – деп<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Амансыңба, асыл күн!<br>Амансыңба , асыл жер!<br>Амансыңба, көк аспан!<br>Амансыңба жан досым!<br>Жылуыма жылу қос , міне менің қолым<br><br>Әрбір күн – таңертеңнен басталады. Біз ойнауға тиіспіз. Бұл үшін мен келесіні ұсынамын – мен сендерге көрсетемін, -ашыл сендер менің артымнан қайталайсыңдар «көбелек» жаттығуы».<br>Таңертең көбелек оянды, тартылды,<br>Қанаттарын бұлғады, терең тыныс алды,<br>Азғана айналып, барлығына күліп, | Қайырымдыжандарайнала,<br>Шеңбергекелсінжайлана.<br>Жалықпастанқайтабіз,<br>Махаббатсөзінайтамыз.<br>Сүйемізбарлықәлемді,<br>Әлемдегі бар елді.<br>Бақыттымыз осы біз<br>Қасымыздадосымыз!<br><br>**«Мейірімді сөздер» ойыны.**<br>Жүргізуші:Сендер бүгін қызықты көп нәрсені білдіңдер деп ойлаймын. Балалар да үлкендерде өздерің мақтағанды ұнатады.<br>Осыған байланысты мен сендерге бір ойынды ұсынамын, бұл ойын барысында сендер бір-біріңе көптеген жақсы сөздер және мақтаулар айтасыңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ишарат арқылы басқа топтарға сәлемдесу түрлерін ойлап, құрастыру. | әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. | Қайта гүліне оралды. | Барлықтарыңбірүлкенш еңберқұрыптұрыңдар. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Кеңес:<br>Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек. | Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз. | Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс. | Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз. | Әңгімелесу:<br>Ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету. Баланың тәртібі жайлы сөйлесу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Кесте бойынша ойын»Мақсаты:**Балалар білетін ертегілерін еске түсіру аркылы тіл байлығын дамыту. Аталған ертегілердің мазмұнын, атын және 10-ға дейін санай білу. Балаларды тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелейді.<br>**Ойынның барысы:**<br>Үстел-үстіне ертегілер бейнеленген және оны сандармен белгілеген кестені жайып қояды. Ойынға 2 немесе 3 бала қатысады. Кесте бойынша белгіні қоя отырып, санды және ертегінің атын айтады. | **Ұлттық ойын «Асық ойыны»**<br>Ойын шарты: Әр топтың алдына асықтарды тастаймыз . Бұл ойында асықты кім көп құлатса сол топ жеңеді . | **«Қазақтың ұлттық бас киімдері ер адамға, әйел адамдарға арналған»**<br>Мақсаты: Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу, оларды айыра білу, оларды қашан, қайда, қай кезде киетінің білу, жеке-жеке топтастыру, тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.<br>Ойын шарты: балаларға бас киімдердің аттарын атай білу, оларды | **«Ұлттық аспаптар»**<br>Мақсаты:<br>Ұлттық аспаптарымыздың атауларын білуге, оларды айыра білу, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру.<br>Көрнекілік: ұлттық аспаптардың түрлері (аса таяқ, сыбызғы, шаң қобыз, домбыра, қобыз, жетіген)<br>Ойын шарты: балаларға аспаптардың аттарын атай білу, оларды айырып топтастыру. Олсөздергеқатыстырып, сөйлемқұрайды. | **«Сол жақ па, оң жақ па?»** Ойын шарты: Балалардың (не педагогтың) алдында сандар және ойыншықтар тұрады. Тәрбиеші бір санды көрсеткенде, бала төменгі сызыққа сонша шырша қою керек. — Барлығы неше шырша? Қай ойыншық жоғарыда тұр? (саңырауқұлақ) Ал, қай ойыншық төменде тұр? (шырша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осылайкелесі бала ойнайды. | | айырып топтастыру, қай мезгілге немесе қайда киетінің білу, айту. Ол сөздерге қатыстырып, сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер адам бас киімдерін жеке-жеке топстастырадыСәу келе-саукеле (қыз балаларға арналған бас киім) | | |
| Жаттығулар кешені | «1» дегенде екі қолды жоғары көтеру «2» дегенде аяқтың ұшына қолды тигізу, «3, 4» дегенде саусақтарды айқастырып төменнен-жоғары қарай жартылай шеңбер жасау. | «1, 2» дегенде сол қолмен, сол аяқты қарама-қарсы бағытта сермеу,«3, 4» дегенде оң қолмен,оң аяқты қарама қарсы бағытта сермеу, «5» дегенде қалыпты жағдай. | ▪ Алға, артқа, солға немесе оңға жүру. Осындай жаттығулардың арқасында бала ғарышта шарлауды үйренеді. | Бірге орманға барайық *(шеңбер бойымен жүру),*<br>Біз саңырауқұлақтарды жинаймыз<br>Осы уақыт аралығында біз ән айтамыз.<br>Мен орманға достарыммен бірге келемін *(жаяу),*<br>Мен саңырауқұлақтарды жинаймын *(алға иілу).*<br>Жаңбыр тамшыдай жауды<br>Саңырауқұлақтарды айналып өтпеді<br>Енді олар өсті<br>Біз оларды жинаймыз. | «Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп,<br>Басқа гүлге барайық».<br>----Қолымыз иықта, алға, артқа есу (3 - 4 рет). |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Сона»** - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы | **«Карусель» жаттығуы.**<br>Мақсаты: Қарым-қатынасты дамытуға арналады.<br>Топ балалары 2-ге бөлінеді. 1-ші топ ішкі , 2-ші топ сыртқы топ | **«Ауызша волейбол» ойыны**<br>Мақсаты: өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы | **«Ұзын-қысқа»**<br>Мақсаты: заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзынның атау.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар<br>Ойын барысы: | «**Дыбысты ұстау»** ойыны.<br>Ойын ережелері: Біз таңдаған дыбыс,әлемді шарлап жүруге кетті деп балаларға айтамыз.Қазіргі кезде дыбыстың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылды (сона) жасау керек.**«Ағаштардың тамырлары»** - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген.«**Ағаштар**» - екі қолдың алақанын өзіңе қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек. | болып бөлініп , екі шеңбер жасайды. Жетекшінің берген белгісі бойынша ішкі топ пен сыртқы топ бір-біріне қарсы тұрған адамдар бірігеді. Әрбір топқа кезекпе-кезек жетекші белгілі бір роль беру керек . Олардың тез арада сол рольді 2-3 минутта көрсету керек. Мысалы: сатушы-сатып алушы, мұғалім-оқушы, дәрігер-қаралушы, полиция-шофер, әке-бала, анасы-қызы. Бұл жаттығу әрбір адамның өзінің мінезін көңіл-күйін, қабілетін, өзгерте білу осы арқылы өзгелермен еркін араласу қабілетінің дамуына көмектеседі. | қасиеттерін білуге , бір-бірін терең түсінуге арналады. Допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек. Мысалы, шыншылдық, мейірімділік, адамдық, адамгершілік, әділдік, кішіпейілдік, батылдық, ұстамдылық,жанаш ырлық. | Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедіңүстінежолақтард ыңішіненұқсасжолақтар дытабуғатырысады. | болмағандығынан,біз оны сөздерді басып әріптерімен ұстайтын боламыз.Бала сөзде дыбысты естіген бойда,ол қол соғу тиіс .(Дыбыс саябаққа,орманға,серуен ге қыдырып шығады,сол себепті біз осы тақырыппен байланыстырамыз).Мыс алы: «П» дыбысы хайуанаттар саябағына баруға шешті,онда көп жануарлар өмір сүреді екен.Мен оларды айтамын,ал сендер «П» дыбысын естіген кездеқолсоғындар. Панда,попугай,бегемотт.б. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары Мектепке даярлық топта өзіне-өзі қызмет көрсету еңбек түрінде дағды түрлері орта топқа қарағанда күрделенеді. Тәжірбие кезінде бұл топтағы балаға ең жақын тұрмыстық еңбекпен шұғылдануға көп | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Киіз үй құрылысы** Кел балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уықтарша иіліп, Шаңыраққа қосылып. Қазақ үйді құрайық **Дидактикалық ойын «Киіз үй»** | **Көркем әдебиет** **Айтыс өнері** Төлдер айтысы. **Мақсаты:** Балалар дың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Төрт-түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен | **Математика негіздері** Танымдық-зерттеушілік тапсырмалар **«Сиқырлы таяқшалар»** Балаларды (5-7) (7-9) таяқшаларды пайдалана отырып,геометриялық пішіндер құрастырып үйрету.Жалғастыра құрастырған ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету.Санау | **Сауат ашу негіздері** Сөйлем сызбасы **.«Әртүрлі сөздерді жинақта»Ойынның мақсаты:** Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету. **Ойынның мазмұны:** Бірінші суретті орналастырады, содан кейін соның соңғы дыбысына басталатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл бөлінеді. Бұл өте маңызды, себебі балада өзіне-өзі сенімділік пайда болады,үлкендерге көмектесіп отырғандарын түсінеді, сонымен мектепке,өмірге қажетті күрделі дағдыларды үйренеді.Әр тәрбиеші бұл топта өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйретуді ары қарай жалғастырады, бірақ бір ерекшелігі күрделі тапсырмаларды дұрыс орындауды іске асырады, сонымен қатар оны жақсы қалай керектігін көрсетеді. Біракта тәсілді балаға деген оңай қамқоршыл еңбекке айналдырмау қажет. Баланың жұмысын бақылай отырып, оны өзін-өзі тексеруге үйрету қажет.Осы топта көмек көрсетуді толығымен үйрету үшін тәрбиеші балаларға қандай кезде көмек көрсетілетіндігін балаларға айтуы қажет:<br>1. Егерде сенен көмек | ойнатылады.<br>Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді)<br>Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді)<br>Керегелер керіліп (алақандарын ашады )<br>Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды)<br>Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер.<br>Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды.<br>Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі).<br>Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Уық – кереге мен шаңырақтың арасын | қарауға тәрбиелеу.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>1.Кезекті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе)<br>2.Аяғында тағасы бар, Мойнында жағасы бар. Мінсе көлік болар, Сауса қымыз болар.(Жылқы) .<br>3.Екі айнасы бар, Екі найзасы бар. Төрт сылдырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар.(Сиыр)<br>4.Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоңы бар.(Қой**)**<br>**Дидактикалық ойын:«Төлін тап»Ойынның шарты:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына төлдерін тауып ілуі керек. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**«Төлдер айтысы»**<br>Төлдердің айтысы. (сахналау)<br>- Иеміз қайсымызды жақсы көреді?<br>**Лақ:-** Әрине, мені | дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**«Жалғастырып сал»**<br>Балаларға берілген әртүрлі көлемді дөңгелектерді,үшбұрышты сопақшаларды жалғастырып салуға үйрету.Не салғанын,неге үқсайтынын айтқызып үйрету.Шытырман ойындарды ойнауға үйрету.Балаларды табандылыққа логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Тақырыбы**: « Бақаның қызықты тапсырмалар»**<br>Мақсаты: Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру,кеңістікте орналасу қалпын анықтау.Топтастырылған бейнені таба білуге машықтандыру.<br>**"Құстардың топтамасын тең бөліктерге бөлу"**<br>Мақсаты: Балалардың "он" саны туралы ұғымдарын | суретті қояды т.с.с жалғастырады. Ара-алма- автобус-сабын-нан<br><br>**«Әңгіме ойлаймыз»**<br>Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін дамыту.<br>Шарты: тәрбиеші сөйлемдерді оқып тұрады. Балалар, сөйлемнің арасына керекті сөздерді қойып отырады. Ол сөздер зат есім, етістік, сын, сан есімдер болады)<br>Мысалы,: " ... (Не?) босағада отырып мияулайды. Мысық алдында тұрған тәрелкедегі сүтті . . . . (не істеді?). Бақта жүрген мысық . . .(нені?) ұстап алды. Мысықтың жүні . . . (қандай?), тырнағы . . . (Қандай?). Мысық марғауларымен . . . (Қайда?) жатты. Марғаулар допты .. . . (қалай?) ойнады.<br>**«Сиқырлы сандық»**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.<br>Шарты: сыйқырлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұраса /оған бір жұмысты істеу қиын немесе істей алмаса/<br>2. Басқаларға ықыласпен қара: кімге көмек керектігін байқап жүр.<br>3. Кішкентай балаларға және құрдастарынға аққөңіл, қамқор бол.<br>4. Өзін дербес болуға тырыс, егерде біреудің көмегінсіз дербес бола алмайтыныңды сезсең, біреудің көмегін қабыл ал. Сонымен қатар заттарға ұқыпты болуға үйрету ары қарай жалғастырылады: киімді, аяқ киімді тазалау, ойыншық сынып қалса істеу, кітап жыртылып қалса желімдеу. Міне осыдан балаларда заттарды қалай ұстау керек, күту керек ұғымы қалыптасады.<br>**Математика негіздері** Шар , текше, цилиндр.<br>**Ертегіден үзінді:**<br>Шар,текше,цилиндр,конус өзара айтысқа түседі. Кәне балалар соны көрейік. Ертеде математика елінде,геометриялық | ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады.<br>Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды.<br>Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі).<br>Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы | жақсы көреді. Адам біздің сүтімізді, мамықтай түбітімізді пайдаланады<br>**Құлын:**<br>- Лақ сен орынсыз мақтанасың. Малда бізден ешқайсың аспайсыңдар. Біз майданның да еңбектің де тұлпарымыз. Біздің етіміз азық, қымызымыз ем.<br>**Бұзау:**<br>- Сендер босқа мақтанасыңдар. Ием мені жақсы көреді. Адамның тіршілігіне ең пайдалысы мен. Шелек - шелек сүт, қарын – қарын май, қап – қап құрт, ірімшік бізден шығады.<br>**Қошақан:**<br>- Бәрің де босқа мақтанасыңдар. Ием бәріңнен де мені жақсы көреді. Сақылдаған сары аязда тоңдырмайтын жылы пима, тондар менің жүнімнен жасалады.<br>**Бота:**<br>- Бәріңнен кем біз | қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "он" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту.<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>Қыс қызығы,ерекшеліктері<br>Жұмбақ:<br>Қолы менен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (АЯЗ)<br>«Қысқы ойындар» тақырыбына сурет бойынша әңгіме не ертегі құрастыру..<br>Тәрбиеші сөздерді балаларға оқып, осы сөздерді қатыстырып сөйлемдер, әңгіме құрастыру керектігін айтады. Тірек сөздер: ақ қоян, мәнерлеп сырғанау, шана,шаңғы<br>«Қыс» өлеңі (жаттау)<br>**Қыс**<br>Малынып қарға даламыз, Күн суық, аяз, қараңыз!<br>Омбылаймыз ақ қарда, Сырғанайды шанамыз!<br>**Саусақ жаттығуы. "Қолғап"**. Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен | сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру, яғни дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау.<br>**Көркем әдебиет**<br>«Мысық, әтеш және түлкі» ертегісіне сахналық қойылым<br>**«Қайсысы немен»** ойыны.<br>Мына жануарлардың немен коректенетінін және оларды өз балаларына сызба арқылы қос.<br>2.Мысық, Әтеш және Түлкі суреттерін сандар арқылы құрастыру<br>3.Аудио тыңдау. Ертегіні тыңдау.<br>— Ертегіде не туралы айтылған?<br>— Қай кейіпкер саған ұнады?<br>— Түлкінің жасаған қылығы дұрыс па? (Әрекетті өз бойыннан іздеу)<br>4.**Жаңа сөздермен жұмыс:** Шап беріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фигуралар қамалында сиқырлы геометриялық денелер өмір сүріпті. Бір күні олар: «Бәрінен де кім күшті?»-деп өзара айтысып қалыпты. Сол кезде **текше** былай депті: «Мен бәрінен де күштімін. Өйткені менің бұрыштарым көп»-деп мақтаныпты. Мұны естіген **шар**:Босқа мақтанба,сенің бұрыштарың кімге керек?Мына менде бұрыш жоқ.Мен үнемі дөңгеленіп,көңілді жүремін. Осы кезде **цилиндр** келіп,былай депті: «Босқа айтыспаңдар .Мен бәріңен күштімін .Менің арқамда адамдар ауыр заттарды үстіме қойып,итеріп,қозғалтады. Сондықтан мен күштімін»-депті.Қызу айтысты естіп тұрған конус былай депті: «Неге босқа айтысып тұрсыңдар. Біз барлығымыз адамдарға өте қажетпіз . Біз әрбір үйден табыламыз. Адамдар бізді | өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.<br>**Музыка**<br>«Қаражорға» биі . «Қара жорға» - қазақтың халық биі, қазақ биінің төресі, атасы. Олай болса, біз халқымыздың қасиетті биі «Қаражорғаны» да қастерлеп, оны қазақ билерінің атасы, ескіден келе жатқан ежелгі мұрамыз деп білгеніміз абзал. . Залдын ортасына тұрғызып «Қара жорға» биінін қимылдарын жеке-жеке орындап көрсетіп, балаларға жасату<br>2. Төрт нүктеде екі қолды белге қойып ыйық қимылдарын жасату 3. Дізеге отырып-тұру жасалатын қимылдарды жасату<br>**Бидің негізгі қимылдары**:<br>І. Екі аяқпен кезек - кезек алға сырғанаңқырай секіру . ІІ. Тізені серпінді бүгіп жүгіру.Аяқ артқа қарай бүгіледі | бе екенбіз? Малдың ен қадірлісі бізбіз. Адам біздің шұбатымызды, мамықтай жүнімізді пайдаланады. Ерте кезде күш көлігі де біз болғанбыз.<br>**Адам:**<br>- Сендер босқа таласпаңдар. Бәрің де адамға пайдалысыңдар. Әрқайсыларыңның өз орындарың бар.<br>**«Төлін тап”**дидактикалық ойыны:<br>Берілген суреттерді пайдаланып үй жануарларымен төлдерін біріктіру.<br>Қой атасы – Шопаната<br>Жылқы атасы – Қамбарата<br>Ешкі атасы – Сексеката<br>Түйе атасы – Ойсылқара<br>Сиыр атасы – Зеңгібаба Ата деп отырғанымыз сол малды бағып күткен адам.<br>**Математика негіздері**<br>Геометриялық | екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау).<br>**Музыка** Би шығармашылығы,таныс би қимылдарын қолдану.<br>Т**ақырыбы: Домбыра биі.**<br>**Мақсаты:** Балаларға басқада би өнерімен таныстыру және домбыра би өнерінің қимыл-қозғалысын көрсету.музыка әуеніне салып билеп көру .Сонымен қатар домбырамен қалай билеу керектігін,қалай пайдалануға,дұрыс ұстауға болатының көрсету.Бұл биді жұп болып билеуге болады және жеке орындаушы ретінде билеуге болады. Биге 8 қыз қатысады. иші қыздар екі топқа бөлініп, оң және сол жақтан шығады,сахнаның төр жағынан қарай қарама-қарсы жақтан жүріп бір-бірімен бас изесіп сәлемдеседі,ары қарай жұп болып қосылып ортадан көрермендерге | немесе (Ұстап алды ).Түлкішек ,Марғау Кәне балалар жаңа сөздерге сөйлем құрайық.<br>**Балаларды топтастырып, әр топқа ойындар бөліп беру.**<br>**1.Түлкі тобындағы балалар: ертегіні Мнемокесте арқылы реттілігімен қойып шығу.**<br>**2. Мысық тобындағы балалар:** ертегіні **«Менің ертегім»** тақырыбында өз ойымен жалғастырады.<br>**3.Әтеш тобындағы балалар:** ертегіні **«Жалғасын айт»** ойынын суретке қарап құрастырады.**Мысық, әтеш және түлкі**<br>Ертеде әтеш пен мысы болыпты. Бір күні мысық орманға кетерде, әтешке ескертеді: «Терезеден қарама түлкі сені көріп, үйіне алып кетеді». Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:<br>Әтеш, Әтеш Алтын айдарлы,<br>Терезеге қарашы,<br>Бұршақ саған берем. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақшадан танып біледі. Сондықтан адамдарға әрдайым қажетпіз. Олар бізді жақсы көреді»<br>-Балалар, ертегі ұнадыма ма сендерге?<br>-Ертегі нелер туралы екен? ( Геометриялық денелер) Дұрыс айтасыңдар.<br>**Қысқа өлеңдер** арқылы фигураларды тапқызамын. 1) Бұрыш жоқ менде еш қандай,<br>Ұқсаймын мен табаққа, Қарбызға да, шарға да<br>Тауып көрші қандаймын. (Дөңгелекпі, доптаймын 2) Менің досым бір қызық, Жан жағы бар тік сызық<br>Қабырғалары бірдей, Оның аты – төртбұрыш.<br>3) Үш төбем бар сүйірлі, Тауға ұқсаймын сүйкімді<br>Кім табады, қанекей, Үшбұрыш деді бәрі де.**Сөйлеуді дамыту**Бірлесе орындауға тапсырмалар.<br>**1. Ойын** | немесебүгілген тізе алға қарай жоғары көтеріледі. ІІІ. Бір аяқпен шетке басып, екінші аяқпен оны қағыңқырап басып, бір қырымен секіріңкіреп отыруы керек («галоп» - «атшабыс» тәрізді қимыл).<br>ІY. Оң аяқпен қадам жасап, тізені бүгіңкіреп, сол аяқты ұшынан басып соның жанына қояды. Екі аяқпен кезек - кезек бастап алға жүріп не шегінуге болады. Биге жұп сандағы ұл балалар қатысады.<br>**Жапсыру**<br>Сюжеттік композициялар жасау**.**<br>**«Түскиіз»**<br>Мақсаты:Балаларға екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық ою-өрнектерді симметриялы қиюды үйрету;балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру;шыдамдылық пен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру. Ою – өрнектер туралы айтып өту. Ежелден келе жатқан аңыз бар. Жан – жануарлардың | фигуралар мен денелерді ажырату.<br>1— ***тапсырма***<br>Мынау – үшбұрыш<br>-неше бұрышы бар?<br>-неше қабырғасы бар?<br>Мынау – шаршы<br>-неше бұрышы бар?<br>-неше қабырғасы бар?<br>Мынау – тікбұрыш<br>-неше бұрышы бар?<br>-неше қабырғасы бар?<br>Мынау – шеңбер<br>***2-тапсырма***<br>«Ұқсас бейнені тап» ойыны Геометриялық фигуралардан тұратын заттың суреттері мен соған сәйкес фигуралардың суреті салынған.Фигуралаға ұқсас заттың суретін сызықпен қосуы керек.<br>***3-тапсырма***<br>«Танграмм»<br>Балаларға үлгі бойынша құрастыруға фигуралар беріледі.Алдымен,б | қарай жүріп барып екі жаққа бөлінеді.<br>Жүруді аяқты алмастырып адымдау әдісімен жүреді.<br>Сол жүріспен айналып келіп екі басқарушы бишілер кездескенде шеңбер болып сағаттың тіліне қарама-қарсы айналып жүреді.Сол жүрісте қолдарын жоғары көтеріп оң аяқпен адымдап екі қолдарын жанына жайып бишілер бір-бірінің алақанына алақанынтигізіп кері қарай бұрылып сағат тілінің бағытымен жүреді.<br>Шеңберді сақтап әр биші оң жаққа қайырылып бір орнында айналып оң тізесін бүгіп отырады,сол тізені алға ұмтылдыра қойып,қолдарымендомбыраны тарту қимылын салады.<br>Бір биші қыз ортаға шығады ол сол тізесін бүгіп соң тізесін алға ұмтылдырып қойып,домбыра тарту қимылын салады.<br>Содаң соң әр қыз сол тізесінен тұрып өз орнында айналып қолын жоғары көтеріп | Әтеш шыдай алмай — терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады. Мысық, досым, Түлкі мені алыс орманға алып кетпек! Көмектесші! Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады. Екінші күні мысық тағы кетеді. Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** Қазақ халқының салт-дәстүрлері Балалар түстер бойынша ою суреттеріне бөлініп тапсырманы орындайық. Киіз үй, Бәйтерек, суретін құрастыру.<br>**Ойын:«Заттарды дұрыс орналастыр»**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>**1-топ** – «40 - шығару» салт - дәстүріне қажетті заттарды алады, суреттің қасына қояды.<br>**2- топ** –«Тұсау кесу».<br>Тәрбиеші: - «Тұсау кесу» дәстүрін өткізу үшін қандай заттар керек? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **"Интервью".** Алдымен балаларды жаңа сөздермен таныстыру керек.<br>Интервью –газет, теледидар немесе радиодан берілетін сұхбат әңгіме.<br>Тілші – сұрақ қойып отыратын кісі.<br>КорРеспондент – сұраққа жауап беретін адам. Балаларды микрофонға нық сөйлеуге үйрету керек. Ол үшін балаларды 10 дейін өсу, кему ретімен санауды ұсыныңыз. Сосын балаларға рөлдерді бөліп беріңіз. Мүмкін болатын тақырыпты талқылаңыз. Тілшілер сұрақ бастайды.<br>Сосын әңгімені ұжым боп тыңдап, талқылайды.Мүмкін болар тақырыптар: театрға барғанын, көрген қойылымды талқылау; мерекені талқылау; суреттер көрмесін, қызықты кітапты, аптада болған ең қызықты оқиғаларды.<br>Ойын нұсқалары: 1) тәрбиеші балалардан интервью алады, 2) балалар тәрбиешіден | бейнесін салмаған олардың бейнесін ою – өрнектер арқылы көрсеткен.<br>Мысалы: 1.Қошқар мүйіз.2.Ботамойын.3.Сынық мүйіз.4.Құс қанаты.5.Бұғы мүйіз.6.Толқын.7.Ирек оюларымен әшекейленген.<br>Ал бірнеше оюларды біріктіру арқылы өрнектер шығарған.<br>Топпен жұмыс.1 Топ. Ою – өрнектібастырып бояйды.2 Топ. Түрлі – түсті қағаздан үлгіге қарап қиып жапсыру.3 Топ. Ермексаз бетіне дәндерді орналастырып ою – өрнек жасайды..<br>**«Түскиіз»<u>Ойынның тәрбиелік мәні.</u>**<br>Туған халқының мәдени мұрасымен сәндік қолданбалы өнерінің түрлерімен таныстыру. Әсемдікті сезіну, ою-өрнекті үйлесімді құрылым жасай орналастыру арқылы кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың ой қиялының шығармашылық | ейнеленген заттардың әр бөлшектері қандай фигуралардан тұратын айтып кетейік.<br>**Жұмбақ:**<br>Сопақшада емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін.<br>Тіктөртбұрышқа аға боламын. (шаршы)<br>Мененде бұрыштар таппайсың,<br>Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын. Екі жағымнан қысыңқырап<br>Екі жағымнан сәл созыңқырап. (сопақша) Шелекке де ұқсайды<br>Қақпағымен түбі бар.<br>Екі дөңгелекті қосқан. (цилиндр)<br>Бір қарағанда шаршыға ұқсайды,<br>Бірақ бір біріне қарама қарсы алты қабырғасы бар? (текше)<br>Ойын: **«Пішіндерді орналастыр»**<br>**Шарты:** Тақтада 4 қатардан және 6 бағаннан тұратын кесте берілген. Кестеде пішіндердің | жоғарыда домбыра тарту қимылын жасайды.Содан соң барлығы денесімен және басымен тербеле қимыл жасап түзу тұрады.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Зат есімдерді сан есімдермен үйлестіру.<br>**Ойын-тапсырма**:<br>Бұл ойын үшін сізге ойыншықтың қояны мен аюы, сөмке, жеміс-жидек және көкөніс керек болады.<br>Көкөністер мен жемістердің немесе үлгілердің кескінімен суреттерді пайдалануға болады. Баланы қоян мен ойыншық аюмен не болғанын тыңдауға шақырыңыз.<br>«Қоян мен аю дүкенге кірді: қойнау жемістер мен аюды - көкөністерді сатып алды, сатушы сатып алуды бір орамға салып қойды, ал аюы бар қоян қазір оларды кім сатып алғанын анықтай алмайды».<br>Қоян мен аюға көмектесейік?<br>Бала өз кезегінде сөмкені барлық заттарын шығарып, сатып алуды түсіндіреді.<br>Ойынды қорытындылай келе: «Қоян не сатып | Балалар: - қайшы, түсті жіптер<br>**Тәрбиеші:** - «40 - шығару»дәстүрін өткізу үшін, қандай заттар керек?<br>**Балалар:** - леген, су, қайшы, қасық....<br>**Тәрбиеші:** - Топтастырып қойдық, бірақ бесік, май шам, пышақ, жастық, көрпе ...қалып қойды. Неге? Қажет емес пе? Бұл заттар қажет, бірақ басқа рәсімге. Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт - дәстүрмен танысамыз. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Мен сендерге Асылжан бөпені бесікке қалай бөлеу керек екенін Әжеміз көрсетсің .Сендер мұқият қарап отырыңдар. Бәрің де осы бесікте жатып,өскенсіңдер.<br>- Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі,бала құлап қалмас үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | интервью алады.<br>**Ойын "Қадамдар. (Кім тез жетеді...)»**<br>Бұл ойын арқылы баланы жарыстыра отырып оның тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіруге болады.<br>Ойыншылар қатар тұрып, мәренің қашықтығын белгілейді. (арақашықтық 8-10 қадам) Әр қадамға тақырып таңдалады. Мысалы, "Әдепті сөздер". Әр бала әдепті сөз айтса ғана қадам жасай алады. Ойлануға бір минут қана беріледі.<br>Басқа тақырыптар: "Барлығы дөңгелек", " Барлығы ыстық", "Барлығы дымқыл". "Анаға арналған жылы сөздер", "Мейірімді сөздер" және т.б.<br>Келесі нұсқа :<br>Балалар бір-біріне қарама-қарсы жұппен тұрып қадам жасайды. Ойын шарты солай, тек сөзд айтқаннан кейін ғана қадам жасайды<br>**Қазақ тілі**<br>Ойыншықтарды 5-6 сөзбен сипаттау. | белсенділігін және эстетикалық талғамының артуына мүмкіндік жасау.<br>Ойын ережесі.<br>Ою-өрнектерді түстеріне қарай таңдап, жинап алу. Негізгі фонға орналастыру. Ұсақ бөлшектермен толықтырып әшекейлейді. *Ойынға басшылық*. Тәрбиеші түскиіз суреттерін көрсетеді. Ою-өрнек түстеріне ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Өздеріне берілген ою-өрнек үлгілерінен тандап алып оны негізгі түске орналастыруды ұсынады. Үлгі бойынша түсіндіреді. Берілген негізгі түске үйлестіре ою-өрнекті тандап шеттеріне айналдыра орналастырып, ортасында ашық бос орынды ұсақ бөлшектермен әшекейлеу ұсынылады.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздегі дыбыстың орны .**Дыбыстық жаттығу**.<br>Буындармен қосылып | суреттері мен түрлі түсте бұлттар бейнеленген және екі кубик берілген. Кубиктердің бірінде: пішіндердің суреттері, екінші кубикте түстер бейнеленген. Ойынға шыққан бала бірінші кубикті лақтыру арқылы қандай пішін түскенін табады,екінші кубикті лақтыру арқылы сол пішіннің қандай түс екенін табады және кестеге жапсырады.<br>**Дене шынықтыру**<br>Қоғамдық орындардағы гигиена ережелері. Қоғамдық гигиена – айналамызды жұқпалы аурулардың таралуынан тазартатын ғылым мен тәжірибе. ... Қоғамдық гигиенаны сақтау қоршаған ортадағы жалғыз өмірге әсер ететін созылмалы және өте зиянды аурулардың алдын алу үшін маңызды. оғамдық гигиена | алды, қандай жемістер сатып алды, аю қандай сатып алды, ол қандай көкөністерді сатып алды?»<br>**«Ойыншықтарды сана»**Мақсаты:Ойыншық атауларын қайталау; оларды санай білуге үйрету.Шарты:Байланыстыра сөйлеуін дамыту; білімдерін жетілдіру төл дыбыстарға жаттығу; есте сақтау қабілетін дамыту.Суреттерді көрсетіп,не болмаса ойыншықты сипаттап,санату.<br>**П\ж\о:"Супермаркет".**<br>Мақсаты:. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарымқатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>"**Жұп суреттер"**<br>үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын | белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды.<br>Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сіріңкемен аластаймын. (бесікті аластайды)<br>«Алас-алас,пәледен алас, Иесі келеді,пәледен қаш! Алас-алас,пәледен алас Көзі жаманның көзінен алас Тілі жаманның тілінен алас, Отсыз омыртқасынан алас»<br>-Балалар ,қарандаршы бесіктің де,төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады. Ал мынау шүмегі,осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады. --Балалар,айтыңдаршы мынау қандай заттар?<br>— Мынау тарақ,айна.<br>—Иә,бұл айна мен тарақты кішкентай бойжеткен қызымыз «әдемі болсын» деп , ал мынау не?<br>— Иә,бұл пышақты бала шошымас үшін жастығының астына саламыз.<br>Бата:<br>Ас бергенге бас берсін,<br>Өмірі ұзақ жас берсін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын «**Кім жылдам?»** .<br>Тәрбиеші екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды:<br>Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады.<br>Тәрбиеші шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады.<br>Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек.<br>Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек.<br>3-4 бала мәтінді қайталайды.<br>Балалармен қайталау.<br>– Қ-қ-ақ-лақ-тыр-ма – лақтырма.<br>– Ы-ы-ын-сын-дыр-ма – сындырма | ән салу<br>до - ре - ми - фа - соль - ля - си - до. До - си - ля - соль - фа - ми - ре – до<br>**Тапсырма**: Енді мен сендерге екі сөз дайындап қойдым, сендер сол сөзге дыбыстық талдау жасайсыңдар. Сөзді буынға бөлесіңдер, әрі қанша дауысты, дауыссыз, барлығы неше дыбыс болғанын ажыратамыз.<br>- Таға, Арна<br>**Қолды жазуға дайындауға арналған «Трамвай»** жаттығуы. Қолды парақтың бетінен алмай және белгіленген жолақтан аспай сызық, жүргізуге (солдан оңға қарай жаттықтыру, парақтың түгелдей аумағында қос ирелеңген сызықтар (трамвайдың рельсі) бейнеленген.Үздіксіз сызықтар. Бұл сызықтар – трамвай жолдары.**«Дыбыстарды ажырат»** Дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болады. Қәзір мен сендерге жануарлардың суретін | біздің айналамыздағы және айналамыздағы адамдардың денсаулығы мен гигиенасын жақсартуға қатысты.<br>**«Нысанаға тигіз»**Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты : Қабырғаға дөңгелек түріндегі сурет ілінеді. Тәрбиешінің нұсқауы , белгісі бойынша балалар таяқшаларды сол суретте белгіленген нысанаға тигізулері қажет.<br>**Сауат ашу негіздері** Сөйлем, **«Кім болам?»** дидактикалық ойын.<br>Ойын шарты: балалардың ішінен | таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорын жетілдіру: ұқсас, ә түрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдейсуреттердііздеу. | Кетпес дәулет<br>Кең пейіл берсін<br>Ата-анасына мейірімді болсын Қатарының алды болсын Ырысты ,нәсіпті болсын<br>Еліне елеулі,халқына қалаулы болсын<br>Әумин!»<br>**Дене шынықтыру**<br>Кеудеге арналған жаттығулар 1. « Диірмен ».<br>Б.қ. Аяқты алшақ қойып қол төмен. 1 – 4 – алдыға, артқа қолды айналдыру. Басты түзу ұстау. 6 рет қайталау. « Футбол » Б.қ. арқамен жатып тізені ішке қарай бүгіп оң, сол аяқпен кезек допты соғу. 8 – 10 рет істеген соң демалып қайта 8 рет қайталау.<br>6. « Насос ».<br>Б.қ. Аяқтың арасы алшақ қол белде оңға солға иіліп « Ш – ш – ш » деп айту.<br>7. Б.қ. екі аяқ бірге, қол төмен. 10 рет скеіру орында, 90 0 – қа бұрылу. 4 рет, жүру. Жылдам жүру, жәй жүру.<br>***« АСЫҚ ЖИНАУ».***<br>**Ойынның шарты:** Еденге немесе тегіс алаңға асықтарды шашып тастайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дамытушы ойын. "**Жылы сөздер қобдишасы**". Мақсаты: Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жанжануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. | көрсетіп айтамын ол қалай дыбыстайды ?<br>— Балалар мынау ненің суреті?<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды<br>Бұзаумын деп ойла да<br>Даусын оның қайтала.<br>-Қалай дыбыстайды?<br>— Жуан ба, жіңішке ме?<br>Жіңішке естілсе тақтаның оң жағына ілеміз.<br>Дұрыс айтасыңдар мөөөөө деген дыбыс жіңішке естіліп тұр. - Ал енді келесі ненің суреті? Аң патшасы арыстан<br>Ақырады алыстан<br>Кәне ааааааа -«а» дыбысы жуанба , жіңішке ме?<br>Келе ғой дұрыс жуан дыбыс екен .Тақтаның сол жағына орналастырайық.<br>Келесі суретке назар аударайық.<br>-Мынау ненің суреті?<br>Нәзік даусы қозының<br>Естіледі алыстан<br>— Қалай дыбыстайды?<br>— Жуан ба, жіңішке ме? — ЖарайсыңкелеғойЖіңішкеестілсетақтаныңоң | «тілші» сайланады. Тілші болып сайланған бала басқа балаларға «Болашақта кім боласың?» деген сұрақты қойып, олардан сұхбат алады. Балалардың қалауы бойынша «тілші» рөлі ауысып отырады.**Жұмбақ:**<br>Өзі сондай нәзік,<br>Су құйсақ кетеді.<br>Алақанын жазып.<br>Бұл не болды, балалар?<br>- Гүл.<br>- Дұрыс. Гүлекен (суретінкөрсетеді).<br>- Енді осы гүлсөзінпайдаланыпбірнешесөздерайтайық.<br>- Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ.<br>- Дұрыс. Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық.<br>- Далада әдемі гүл өседі.<br>- Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен | | Балаларды екі топқа бөледі. Балалардың қолына кішкентай шелектер беріледі. «Бір, екі, үш» деген белгі бойынша олар асықтарды жинай бастайды. «Тоқта!» деген белгі бойынша асық жинау тоқтатылады да, кім көбірек жинағанын санайды. Ойынға келесі топ шығады.<br>***«АРЫНДЫ АРҚАН»***<br>**Ойынның шарты:** Ойнаушылар дөңгелене шеңбер құрып тұрады. Бір ойыншы арқанның бір жақ ұшын ұстап, шеңбер ортасында отырады. Екінші ойыншы арқанның екінші ұшына таяқша байлап, шеңбер бойымен айналдырады. Ал балалар арқанды аяқтарының астынан секіре алмай ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады да, арқаннан секіре алмай қалған бала ойыннан шығып қалады, осылайша бір ойыншы қалғанға дейін арқанды айналдыра беруге болады, соңғы қалған бір ойыншы жеңімпаз атанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жағынаілеміз. | байланысып тұр.<br>Көк ала костюм киеді,<br>Күннің көзін сүйеді. (Қарбыз)<br>Аспай піскен<br>Қайнамай түскен.<br>(Жеміс) (жауабын тауып, сол сөзге сөйлем құрайды). | | |
| Серуенге дайындық | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту<br>. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбексүйгіштікке баулу. | . Ойындар арқылы қимыл - қозғалысын, танымдық процестерін дамыту. | Балалардың серуен кезіндегі уақыттарын тиімді әрі қызықты ұйымдастыру. | Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкікөңіл-күйсыйлау.. |
| | балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!» Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**<br>**Математика негіздері Сан және санау**. **«Барлығықанша?»** Мақсаты: заттардысанау, сандардыжазу.. Ойынбарысы: Балаларсуреттегізаттардысанайды, тиістісандыжазады.**П\ж\о«Кімгеқанша?»** Мақсаты: реттіксанаудыбекіту, қимылдардысанау. Ойынбарысы: 1,2,3 кеттікендісекіріп, Шапалақтап, топылдатып. Қоянкелдісекіріп 3,4,5 1,2,3<br>**Сөйлеуді дамыту Байланыстырып сөйлеу** Дидактикалық | құндылықтарының бірі – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындардың көптеген түрлері бар. Мысалы: «Асық ату», «Арқан тарту», «Күш сынасу», «Аударыспақ», «Тақия тастамақ», «Сақина», «Қарақұлақ» Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесін ЮНЕСКО әлемдік ескерткіш деп таныды.**Қазақстандағы ең көне қалалар:** Түркістан, Сайрам, Қазығұрт, Отырар, Сығанақ , Тараз,Шымкент,Сауд акент. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Музыка**<br>**Қазақ халқының үздік билері**<br>**«Киіз басу» биі.** («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап, | арқылы сыпмақты безендіріңдер. Сырмақ сырып, көрпе құрап отыр. Кимылдар жасайды.Қосымша диалог құру:<br>- Ең мейірімді жан кім?<br>- Әжеден не үйренеміз?<br>–Ертегіні оқып беретін кім?<br>**Математика негіздері Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру**<br>**«Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.<br>**Мазмұны**.:Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк | қысқарақ, кеңірек – тарырақ, т.б.<br>**«Қай қолымда көп?» ойыны.** Мақсаты: Заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.<br>Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді,оның әрқайсысы алма-кезек тәрбиешінің үстеліне өз өкілін жібереді.Бір бала қолын артқа ұстайды. Алдымен тәрбиешінің одан соң балалардың бірі оның қолына текше, түйме әр түрлі ұсақ нәрселерді ұстатады. Бірақ ,ол бір қолда көп,екіншісінде аз болуы керек. Бала алдымен көз мөлшерімен нәрсенің қолында көп екенін анықтау.Қай қатарда көп, қай қатарда аз екенін салыстыру керек.<br><br>**Сөйлеуді дамыту Айналасындағылармен диалог құру Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».**. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойын: **«Қай мезгілде ойнаймыз?»** Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>Ойын шарты: Тәрбиеші көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>– Өрік, шие, алмұрт – ...<br>– Түлкі, қоян, қасқыр<br>– Шай, май, тұз – .<br>- Бет, мұрын, аяқ – ..<br>– Қауын, қарбыз, сәбіз<br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздерді қолданып жай сөйлем құру**.<br>**Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».**<br>Достар бері келіңдер. Қолдарыңды беріңдер, Ғажайып толы қоржыннан Ойыншықтар алыңдар. Балалар қоржыннан ойыншықтарды алып, көлік түрлетін атайды : Мынау автокөлік ( | Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Жапсыру**<br>**Киіз үй жабдықтарын қиып жапсыру**<br>**«Түстері бойынша жыл мезгілдерін ажырат» ойыны**.<br>– Сендердің алдарыңда түрлі | машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.<br>**Дене шынықтыру 20 см дейінгі биіктікке секіру**Жүріп келе жатып биіктігі 20 см әртүрлі 6 заттан рет-ретімен секіріп өтуді, шапшаң сермеп лақтыру, | аталатыны туралы айтып береді.<br>**Мақал-мәтелдер**: «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал»<br>**«Менің анам»** тақырыбына диалог-әңгіме құрау: – Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз.<br>– Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?<br>– Анаңның аты кім?<br>– Кім болып жұмыс істейді<br>– Анаңды сипаттап бере аласың ба?<br>-Ол қандай адам?<br>– Анаң сені жақсы көреді ме? -Оны қайдан білесің?<br>**Тақпақ:**<br>Құшағына кіргенде, Жылынамын бір демде. Не жетеді көзіңе, Мейірімді күннен де. Үн қатасың бал тілмен, Еркелеймін әр күн мен. (бірге жаттау)<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту Туыстық қарым-қатынас (бауыр,немере, туысқан т.т)**<br>**«Бір үйде біз нешеуміз?» д/ ойыны**. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед). Педагог балалардың зейінін тақтадағы көрікті көктем суретіне аударады.<br>(Жаңа сөздермен таныстыру. – Суретте жылдың қай мезгілібейнеленген? – Көктем. Көк-тем.<br>. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Көктем. – Мынау не? (Қар) – Қар неге еріп жатыр?<br>– Көктем жылы. Жы-лы. Көктем қандай?<br>– Мынау – күн. Күннің түсі қандай?<br>– Күн сары.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ө-Ө-Ө – КӨК-ТЕМ – КӨКТЕМ Ұ-Ұ-Ұ – ҚҰС<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | түсті жолақтар жатыр. Сол жолақтар арқылы жыл мезгілдерін ажыратып, қай түстің қай жыл мезгіліне сәйкес келетіндігі туралы айтып беріңдер.<br>– Жаз мезгілін қандай түс білдіреді?<br>– Күз мезгілін қандай түс білдіреді?<br>– Қыс мезгілін қандай түс білдіреді?<br>– Көктем мезгілін қандай түс білдіреді?<br>– Міне, балалар, осы төрт мезгілдің ішінде жаз мезгілінде адамдар жайлауға көшеді.<br>– Балалар, жайлауда болғандарың бар ма?<br>– Жайлаудағы адам қандай үйде тұрады?<br>1. Алдымен ақ түсті киіз үйдің сұлбасын қиямыз. – Қиып алған пішініміз қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>– Ал төбесі ше? Төбесін екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию.<br>2. Енді бөлек-бөлек бөліктерін қиямыз:<br>- есігін; - бауы мен | секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту.<br>**Қ\о: «Секір-секір»** Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Қ\о:«Ырғып секіру»**<br>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: | Саусақ ойыны:<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Кел, санайық екеуміз<br>Бас бармағым атам,<br>Балан үйрек әжем<br>Ортан түрек әкем<br>Шылдыр шүмек анам<br>Кішкене бөбек мен<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз«<br>**«Суреттер сөйлейді» сөздік ойны**. Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау,бірге қайталау.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.**<br><br>**Музыка «Қамажай», «Айгөлек» би әуендері**<br>**«Қамажай»** халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев). Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу «**Жеңіл би**»(Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | басқұрларын;<br>- түндігін; -<br>оюларын. Киіз үйдің бөліктерін рет-ретімен сюжетке жапсырамыз. Алдымен киіз үйдің негізгі бөлігін, содан кейін бау-басқұрларын, есігі мен оюын жапсырамыз.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау**<br>«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті | «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**<br>**Сауат ашу негіздері Дыбыстың сөздегі орны «Тиістісін көтер»** дидактикалық ойыны Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: | серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру .<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелекпен белгілейміз.<br>Доп – 3 -дыбыс,1 буын.<br>**«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.**.<br>Тапсырма: балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.<br>**Логикалық есептер**<br>Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды?<br>Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету) Мынау ненің суреті?<br>Қолда қанша саусақ бар?<br>2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>3. Себетте 2 алма, табақта 3 алмақосқандабарлығыболадынеше ал | | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | |
| Серуен | **Қардыбақылау**<br>Мақсаты: Қоршағанортаныңәсемдігінсезінебілугеүйрету; қардыңқасиетіментаныстыру. | **Күнді бақылау**<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін | **Су бетіне қатқан мұзды бақылау**<br>Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын | **Аспанды бақылау**<br>Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Терезеденжауыптұрған қардыбақылау.<br>Қарұлпаларынақаранда ршы, оларәртүрліпішіндебіре уіүлкенкесекболса, тағыбіріорташа,кішкент айяғниқаршықтарәртүр ліпішіндіекен.<br>Қарбізгетерезеденжылт ырапкөрінеді.<br>Олардыңәдеміпішінінта машалаңдар.<br>Жұмбақ: Жылт-жылтетеді,<br>Ұстасақеріпкетеді.<br>(қар)<br>Болжам: көпқар-көпнан.<br>Қимыл-қозғалысойыны: «Қоян мен аңшы».<br>Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру. **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | ұғындыру.<br>Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту.<br>Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.<br>Жұмбақ:<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)<br>Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады.<br>Тақпақ:<br>Шұғылалы күніміз<br>Бақшамызға барамыз<br>Күнге қарап жайқалып<br>Біз өсіп бармыз.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер»<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**<br>Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту<br>**Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы:** | өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.<br>Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған.<br>Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады.<br>Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.<br>Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)<br>Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.<br>Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар» | тәрбиелеу, тілдерін дамыту.<br>Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды.<br>Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.<br>Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)<br>Мақал – мәтелдер:<br>Қарға қарқылдаса, қысты шақырады,<br>Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **адал еңбекті құрметтеу.** | Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққаүйрету. | | |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Тіл гимнастикасы**<br>«Р»-ға тілің келе ме?<br>Қаламқасқа «тұр», - деші,<br>Қарындашқа «жүр», - деші.<br>«Қара қарындашты<br>Қаламқас алып тұр», - деші,<br>Ал енді өзің-ақ<br>«Р-р-р-р», - деші.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | **«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты карауға тәрбиелеу | **«Төртінші артық» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру | **«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:** «Қоржынды сәндейміз»<br>**Мақсаты:** Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Қаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>«Автобус»<br>**Мақсаты:**Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>(жұптық жұмыс) | |
| **Балалардың үйге** | **Ата –аналарға кеңес** | **Ата –аналарға** | **Ата –аналарға** | **Ата-аналармен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қайтуы** | - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. | **кеңес** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **кеңес** Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | **әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз |  |

Тәрбиеші: М.М.Мырзабек

**Бекітемін __________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл 11-15 наурыз**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **Ойын: «Күншуақ»** Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді «Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** **Әнұран айту** | Сыйластық туралы өз ойларын сұрау **Ойын: «Мен қандаймын?»** (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады) **Біртұтас тәрбие:ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** | **« Бізде кім жақсы?»** ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды | **« Менің досым»**ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту**. | **«Отбасы»** Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналарға баланың қауіпсіздігі жөнінде кеңес беру | Балаға үйде ертегі оқып беру керектігін айту | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. Әдептіліксөздердіүйре туінескерту | Мерекелік демалыс күндер жайлы ескерту. Тақпақтар беру |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Тігінші. Сән үйі»** сюжеттірөлді ойыны «Суретшінің қателерін табайық» дидактикалық ойын. Мақсаты: Суреттегіқысерекшелі ктерінтаныпбілугеүйр | **«Қолымда не бар?»** Ойынның мақсаты: ұзынқысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. | **«Танып ал да, атын ата»** Ойынның мақсаты: рәміздер туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілетін дамыту. Құрылыс материалдарымен | **Д/ о: «Адасқан цифрлар»** Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға | **Д/ о: «Сиқырлы қапшық»** Қапшықта геометриялық пішіндер: Балалар қолымен ұстап, сезу арқылы қандай пішін екенін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етудіжалғастыру | | және конструкторлармен ойындар. | іледі, балалар қалып қойған санды атайды. | |
| Жаттығулар кешені | **«Қолдар».** Күшті болсын қолдарым, Қысып-қысып аламын! Қолдарын шынтақтан бүгіп ұстап, қол басы, жұдырығын біртіндеп жылдамдата қысып, қайта босатып, бірнеше рет қайталайды. Қолдары шаршағанша жаттығады. Болған соң қолдарын босатып, сілкіп жібереді. **«Білезік»**. Уқаладым білезікті, Болсын деп буыным мықты. Оң қолмен сол қолдың білезігінен ұстап, аздап уқалау. Сосын керісінше қайталау. | **«Ұшу».** Құсқа ұқсап ұшамыз, Жерді көктен құшамыз! Бір орында тұрып, қолдарымен құсша ұшады. Көздерін жұмып, қанатын қағып, қаншалықты биіктікке ұшып бара жатқанын елестету. **«Алақан».** Алақаннан қатты бас, Күшің тасып сарқылмас! Бір қолдың жұдырығымен екінші қолдың алақанын **«Бұрғылау».** Қолдарын ауыстырып алып, екінші қолмен керісінше орындау. | **«Тыныштал».** Көзді жұмып тұрамыз, Біртіндеп барып тынамыз. Басбармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демін асықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту. Екіқолменқатароры ндау. | **Тізбекпен кедергілер алабынан өту**. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек.**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**. | **«Мерген болғым келеді»** Мақсаты: а) Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Әңгімелесу "Мен көшедемін"** Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту. Бөгде адамға жолама әңгімелесу | ***«Үйде жалғыз қалғанда»*** тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және | **Д/ о :«Жандыжәнежанс ызтабиғаттыажыр ат».**Жер,су,ауа. Мақсаты: балаларғаберілгента псырманы тез шешуге,жылдамжау апберуге, ауада,суда не | **Мақал – мәтел талдау, нақыл сөздер, жұмбақтар шешу** Еліміздегі көрікті жерлердің суретін тамашалау Мозайка,пазлдар құрастыру **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ** | **Сөздік ойын. «Қимылын көрсет»** Қарап алда есіңе сақта. Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жануарларының,аңдард |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | т.б | болатынындұрысайтуғатөселдіру. | **тілінің қолдану аясын кеңейту** | ын және құстардың жалпы аттарын айтқызу |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. Гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуге жаттықтыруларын 91 жалғастыру, қолдарын ширақ бүгіп, денесімен тартылу, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын және қол бұлшық еттерін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»** Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын | **Қоршаған ортамен таныстыру** Киіз үй құрылысы мен ішкі жабдықтары **«Үй мен киіз үйдің айырмашылығын ата»** Мақсаты: ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. **Кереге** – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. **Шаңырақ** – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. **Уық** – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. **Киіз е**сіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. **Абажа** – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен | **Көркем әдебиет** Әдеби жанрлар (әңгіме, өлең, ертегі) ажырату **Санамақтар, мақал – мәтелдер**, жаңылтпаштар, жұмбақтар, баланы ойландырып, толғандыратын өтірік өлеңдер, ертегі, аңыз әңгімелердің қай – қайсысы болмасын баланың сезімін селт еткізеді. **Дидактикалық ойын«Шынжырға ертегілерді жинайық»Мақсаты:** Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. **Шарты:**Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады. **Мысалы:"**Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек | **Математика негіздері** Қозғалыс бағыттары **«Сол жақта – оң жақта»** Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру **Сөйлеуді дамыту** Ойыншықтарды, заттарды сипаттауда нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау **Сағат,** доп, айна, кітап, үстел, орындық, кілем, сөре, сүлгі, ойыншықтар. Балалар қолдарын шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды. О-йын-шық-тар. **«Кім ақылды?»** Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі | **Дене шынықтыру**Жеке бас гигиенасы мен күн тәртібінің маңыздылығы **«Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі** Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Мен бәріңе денсаулық тілеймін! Мен бәріңе мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! **Тыныс алу жаттығуы** «Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару. **«Командалық эстафеталар»** (таза ауада) Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу. Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтады.<br>**«Кімнің добы алысқа ұшады?»** ( 3 рет). Допты алдыға-жоғары бағытында, бүгілген қолдарын жазып барып, шұғыл лақтыруға тырысады. Допқа қайтадан барып алып келу үшін Педагогтің белгісін күтеді. Белгі берілген кезде оң жақ (сол жаққа) айнала жүгіріп барып, допты сол жолымен алып келіп, қатардың артына, қауіпсіз жерге тұра қалады. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**<br><br>**Математика негіздері** Бүтінді тең , тең емес бөліктерге бөлуБүтін мен бөліктер заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету. Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, | қапталған.<br>**Кебеже** – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары.<br>**Әбдіре** – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.<br>**Ағаш төсек** – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары.<br>**Асадал** – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже.<br>**Жастықағаш** – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.<br>**Адалбақан** – киім ілуге арналған үй жиһаздары.<br>**Жүкаяқ** – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.<br>**Сандық** – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.<br>**Төсеніштер:** Алаша, киіз, сырмақ.<br>**Тұскиіз** – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы.<br>**Қоржын** – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. | үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан ").<br>**Ертегіні үш сөзден тауып ал:**<br>1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық") 2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ")<br><br>**Математика негіздері**<br>Заттарды кеңістікте орналастыру<br>**«Қағаз бетінде бағдарлау»**<br>Мақсаты:Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге, кеңістікті дұрыс бағыттай білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері**«Ден саулық» ойын-тренингі** – | қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: – Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: – Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.<br>**– Балалар,** сендерге әңгіме ұнадыма? – Әңгіме кімдер туралы? – Екі бала не істеп жүр еді? – Олар неге таласты? – Екі балаланың қайсысы ақылды екен? – Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші?<br>**Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»**<br>Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.<br>мысалы: ал– Кір–<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>Заттар мен ойыншықтарды сын,сан есімд қолд сипаттау **Киімдердің** | жаттығуы: «Еркін тыныс ал, көркем ойла! Бейнені көрсетіп қоймай, өз таңдауының дұрыстығын дәлелдейді. Демін сыртқа шығарғанда, ойша бейнелер тудырады. «Мен – мықты арыстанмын!» «Мен – ең шапшаң қабыланмын!» «Мен – жүйрік жолбарыспын!» «Мен – қайсар қасқырмын!»<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру. Талап құндылығы: командамен жұмыс істеу.**<br><br>**Қоршаған орта**<br>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар.<br>**«Біз аңдарды жақсы көреміз»**<br>Балалар «Біз аңдарды жақсы көреміз» деп хормен айтып, соң өз қалаулары бойынша жеке-жеке жануарлардың ерекшеліктерін айтады. Қоян қорқақ–ол сәбізді жақсы көреді, түлкі қу–терісі әдемі. Қасқыр батыр–табиғат санитары. Қарсақ түлкіге ұқсайды–терісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ал бөлік бүтіннен кіші)<br><br>**Сөйлеуді дамыту** Әңгімені бірізді айту. **Күшік пен мысықтың** үлгі суреттерін іліп қояды. – Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? – Күшіктің анасын қалай атаймыз? – «Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? – Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. – Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? – Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. – «Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? – Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық» Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі. – Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. – Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. – Жарайды, жүр, соңымнан қалмай | **Аяққап** – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді.<br>**«Сандық, түрлі түсті асықтар, тапсырмалар жазылған сандық»**.<br>**Ойын шарты:**<br>Қызыл, жасыл, сары ,көк түске боялған асықтар сандық ішінде жатады. Әртүрлі тапсырмалар болады.<br>Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешкізеді.<br>Сары асық алған бала мақал — мәтел айтады.<br>Қызыл асық алған бала тақпақ .<br>Көк асық алған бала өлең оқиды.<br>**Музыка**<br>Музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдауТақырыбы:<br>**«Киіз үй қонаққа шақырады»**<br>Мақсаты: Ұлттық музыкаға, қазақ халқының дәстүрлеріне қызығушылықты және махаббатын дамыту.<br>Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, | Қолдарыңды күнге созыңдар. Күннің шуақтары анамыздың жұмсақ қолы секілді бізді аймалайды, жылытады.<br>Сиқырлы күн жүрегімізді мейірімділікке толтырады, аурудың бәрін ерітіп жібереді, денсаулық береді. Мәтінге сәйкес қолдарымен қимыл-қозғалыстар жасайды.<br>**«Диірменші»**<br>Массаж – суық тию ауруларыы4 алдын алу. Диірменші аспандап, бұлтта отырып ойнапты. Саусақтарын маңдайдың ортасынан самайға қарай жүргізеді. Қабының түбі тесіліп, ұны төгіліп қалыпты. Беттеріне саусақпен ақырын жыбырлатады. Балалар оған қуанып, бауырсақ жасап илепті. Жұдырығын түйіп, бас бармақтарымен мұрынның шеттерін уқалайды. Сұқ саусақ пен ортаңғы | **түстерін, санын сұрау:** Мына көйлектің түсі қандай? Мына шалбардың түсі қандай? Неше шалбар? Мына күртенің түсі қандай? Мына етіктің түсі қандай? Мына бас киімнің түсі қандай?<br>.**Тіл дамыту жаттығулары**: То-то-то-тон<br>Де-де-де-жейде<br>Лек-лек-лек-көйлек<br>Ім-ім-ім-киім<br>Ғап-ғап-ғап-қолғап<br>Тік-тік-тік-етік<br>Шын-шын-шын-құлақшын.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.«Дүкенде»** ойынын ойнату:<br>Тақтаға киімдердіңсуреттері ілінеді. Бір бала тақтаға шығып, сатушы болады. Келесі бала сатып алушы болып келеді:<br>**Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>-Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы: | бағалы.<br>Тентек бала болмаймыз, Жануарларды қорғаймыз! Киік, жабайы шошқа, түлкі, қасқыр, қарсақ, қоян ,күзен, борсық, бұлан, елік, мекендейді.<br>**«Сен білесің бе?» ойыны**. Ойын шарты бойынша әрбір бала жабайы аңдар туралы өз білімдерін ортаға салады.<br>**Сен білесің бе?** Түлкі - ит тұқымдас жыртқыш аң. Барлық жерлерінде мекендейді. Құйрығы ұзын, үлпілдеген, ұшы ақ, аяқтары қысқалау. Түлкінің терісі бағалы . Көбіне тышқандармен коректенеді.**Ал, сендер білесіңдер ме?** Қасқыр барлық адамдарға бала кезінен таныс. Ертегілерде оны ақылсыз етіп көрсетеді. Қасқыр күшті. Үлпілдеген құйрығы мен аяқтары ұзын, әрі күшті жыртқыш аң..<br><br>**Көркем әдебиетНаурыз** ( Қ. Баянбай өлеңі) мәнерлеп айту Наурыз жаңару мерекесі Жақсылық", "үйлесімділік" құндылықтарының мәнін ашу. Наурыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді. – Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр. Қасқыр: – Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. – Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. – Мысық, мен сені жеймін, – дейді. – Мені тойдыр, күшік. – Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. – Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? – Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: – Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: – Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола | дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды. **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.** **Музыкалық-ырғақты** қимыл: Лентамен жаттығу. 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту **Құрастыру** Табиғи материалдардан бұйымдар жасау **«Қамшы өру»** Қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру; дербестік, шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Ұсақ заттар жасауды көрнекіліктерді қолдану арқылы және | саусақтарын жазып, құлақтарының алды мен артқы жағын уқалайды. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін а** **Сауат ашу** Ойнай отырып оқимыз **«Кері іс-әрекетті айт»** ойыны 1. Әкем киімін киді, інім ...(шешті) 2. Анам отырды, әкем ... (тұрды) 3. Анар отырды, Ажар ... (тұрды) 4. Асан кірді, Қасан ... (шықты **«Жалпы атауын ата»** ойынын педагог ойнатады. 1. Автобус, такси, трамвай – ... (көліктер) 2.Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері) 3. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар) 5. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (көгөністер) **«Кім көп сөз ойлап айтады?»** дидактикалық ойыны – Н дыбысынан басталатын сөздер | 1)Балмұздақ сатамын!Балмұздақ! 2)Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын? 3) Қай жеріңіз ауырып тұр?Қазір ыстығыңызды өлшейін. 4)Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін? 5)Бүгінгі сабақта біз балалар күзгі табиғат туралы әңгімелесеміз. 6)Мен манты жасап жатырмын,қазір дайын болып қалады. Ойын: «Қай мамандық иесі?» - Тарағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (шаштараз) - Қалағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы) - Ожауы бар қолында, імді айттым ойымда? (Аспаз **Музыка** Дауылпаз,асатаяқ,,сыр най аспаптары **Тақырыбы: «Сиқырлы сыбызғы»** Мақсаты: Қазақ халқының аспаптарының тембрлық үні туралы бейімдерін кеңейту. Қазақ халқының музыкалық мәдениетіне деген тұрақты | мерекесінің ерекшелігін түсіндіру. Жақсы қарымқатынастарын дамыту. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу. Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде – жаз, Түнде қыс Секілді екен наурыз. Төлдеп жатыр малымыз, Қазан толы сары уыз. Сүті көп те, Көмірі аз Болады ғой наурыз. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз. Көжесі көп, Қыры көк Қандай жақсы наурыз! **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.** **Сауат ашу негіздері** Дайын суреттермен жұмыс Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету. **«Жұп құр»** ойын-жаттығуы Тцәрбиеші тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алмайсың, – дейді..<br>**Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».**<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады<br>**Қазақ тілі**<br>**Туыстық қарым-қатынасты бекіту.**<br>«Аға-іні», «нағашы», «бөле» (жаттау,12-13 б)<br>**АҒА-ІНІ**<br>Мен қайсар қазақтың ұлымын,<br>Ел қорғар қазақтың бірімін.<br>Өзімнен кішіге ағамын,<br>Өзімнен үлкенге інімін.<br>Үлкенді сыйлаймын «ағалап»,<br>Ақылын тыңдаймын бағалап.<br>Соларға қараймыз бой түзеп,<br>Боламыз біз үлкен азамат!. **НАҒАШЫ**<br>Нағашы деген ел бар,<br>Ол Анамның жұрты.<br>Жиендерге қамқор,<br>Мінгізер тіпті жылқы.<br>**БӨЛЕ**<br>Бөле деген қауым,<br>Өз алдына бір ауыл.<br>Аналардан бөлінген,<br>Бір-біріне бауыр. | ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздің дыбыстық сызбасы **«Дұрыс тап»** дидактикалық ойыны – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін.<br>**«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы**<br>Тәрбиеші сөз сызбасын тақтаға іледі.<br>– Балалар, піл, апа, қап | ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.<br>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. –Р дыбысынанбасталатынсөзойлаңдар. Кімкөпсөзойласа, соғанбірфишкаданберіліпотырады. – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойынсоңындафишкалардысанап, жеңімпаздыанықтайды. | қызығушылыққа тәрбиелеу.. Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады.<br>2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.<br>Соқыр теке, бақ, бақ<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: ұлттық мұраға ұқыпты қарау. Ән айту.** «Тұлпарым» Әннің мәтінін үйрету.<br>. | басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Тәрбиеші тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.<br>**«Тиісті белгіні көтер»** дидактикалық жаттығуы Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дыбыстық жаттығу** – Қ-Қ-АҚ – АС – ЫҚ – АСЫҚ. – Қ-Қ-ҚЫ – ҚЫ – ЗЫЛ – ҚЫЗЫЛ АСЫҚ<br>**Ойын «Ақырын-қатты»** ойынын ойнату.<br>Тәрбиеші ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұрып киімдерін ұқыпты киіне білулерін қалыптастыру. Киіну ретін білу ( ауа-райынабайланысты), дұрыс киінуді бақылау**)** | Балаларды табиғатпен таныстыру. Табиғат құбылыстарын ажырата білу. | Серуен кезінде ұйыымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарымен және спорттық керек-жарақтармен балалармен әңгімелесу. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу |
| Серуен | **Бақылау:** Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр,қар т.б.)<br>**Мақсаты:** Ауа райындағы өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу. Олардың жыл | **Бақылау:**алғашқы көктем белгілерін<br>**Мақсаты:** Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізуле<br>рін ұсыну. Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақыла<br>ған ауа райының | **Серуенге қызығушылық туғызу**. Балалармен жеке әңгіме. Қардың алғашқы еруін бақылау<br>Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу. **Жылғалар мен шалшықтарды бақылау.** Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы | **Күнге бақылау жасау**<br>Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Шеңберге дәл түсір»**<br>**«Тышқан мен мысық»**<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңымызды жинастыру.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Мысық пен торғайлар»**<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын қалыптас-тыру.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру** | аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықтыдамыту | түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. **Қимылды, еркін ойындар** | үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын).<br>Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>**Еңбек:**<br>құстарға қомқорлық жасап жем шашу.<br>**Қимылды, еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу,ойындар | **«Құмырадағы гүл»**<br>**Мақсаты**: Балаларға құмырадағы гүлді жапсыруға үйрету. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: достарына қамқор болу,мейірімділік таныту.** | **Тіл ұстарту**<br>Пан – пан – пан, Сап – сарыбалапан.Ұс – ұс – ұс, Ұштыұлкенқұс.<br>Ғай – ғай – ғай,<br>Жем шоқиды торғай.<br>Ға – ға – ға,<br>Тал басында қарға.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту** | **Мимикалық жаттығу**<br>**Мақсаты:**<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту. Балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялар мен білдіруге үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын: «Домино»**<br>**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар. | **Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.**<br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.<br>**Ойын шарты**: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс.** Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру. | **Жеке баламен жұмыс.** Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. | **Жеке баламен жұмыс.**Ертегіоқу. Суретпенжұмыс | **Жеке баламен жұмыс.**Рек – рек – рек, Ұшты көлден үйрек. Еш – еш – еш, Шақырады әтеш. | **Жеке баламен жұмыс.**Қылқаламменжұмыс. Қылқаламдыұстапсуреттібояуғаүйрету |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата –аналарға кеңес** «Бала мен қоғам» Коммуникативтік дағдыларын жетілдіруде ауыз-әдебиет үлгілерін қайталату.Отбасы құндылықтарға баулу. | **Ата –аналарға кеңес** "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | **«Салауаттық кеңестері” Шарты:** Сезім мүшелері,олардың қызметі туралы түсінік беру. Өз дене мүшелерін күтіп ұстауға үйрету. | **Ата-анамен әңгіме**: Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | **Ұсыныс:** «Көктем» тақырыбына суреттері туралы әңгімелеп беру. Көрме ұйымдастыруға ұсыныс жасау. |

Тәрбиеші: М.М.Мырзабек

**Бекітемін ___________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл 18,19,20 наурыз мереке**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау. | Ойын. **«Мен еңбекқор баламын».** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты балаға лақтырады. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **«Жылы сөздер ойыны»** Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы:достарына мейірімділік таныту.** | **«Оянды анам»** Мақсаты: жақын адамдарына деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.** | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналарға ауа райының өзгеруіне байланысты балалардың киімдерін қадағалауды ескерту. | Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.Алдағы каникул күндері жайлы әңгімелесу. | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **«Мүсін» ойыны** **Мақсаты**: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге | **«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны** **Мақсаты**: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; | **«Не жоғалды?» ойыны** **Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа | сәйкес ойнау қабілетін | баланың сөздік қорын | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | дамыту | толықтыру | | | |
| Жаттығулар кешені | **Тік қойылған баспалдаққа сатылар** арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Фитболды «жыланша» иректеліп жүріп, заттардың арасымен алып жүруді бекіту. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** | **«Бір жағына еңкею»** Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау. 3. Б.қ. шалқалап жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 ретқайталау | **«Қамшыны тізеге қою».** Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау. | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Не артық»** Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **«Ұқсасын тап»** Мақсаты: екі бөліктен тұратын қиылған ойыншықтарды (доп, кубик, машина, матрешка, сылдырмақ, барабан, сағат) жинап, дөңгелек, шаршы қобдишаларға салып, қақпақтарды жабады. (смарт балаға бағытталған мақсат, нақты ойын барысында жасайтын іс – әрекет) Шарты: берілген ресустарды ұқсасын біріктіріп, соған сәйкес | Тақырыбы: **Көктем мезгілі (сурет салу)** Кляксография әдісі арқылы көктем мезгілі бейнесін бейнелейді (5 жас) Шарты: жасына қарай берілген ресурстар арқылы топтасып, берілген тапсырманы орындайды. **Біртұтас тәрбие :талап құндылығы: командалық жұмыс жасауға баулу.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қобдишаға ата салады. | | | |
| | **( жаз)**<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып,<br>Жер бетіне түсетін **(күз)**<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**(қыс)**Су көбейіп .<br>Бүршік шашып.<br>Жапырақ ашып ,<br>Бәйшешектер басады .<br>Айтыңдарышы балалар ,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**(Көктем)Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту**<br><br>**2 тапсырма.** Ай аттарын есіңде сақта.Әр жыл мезгілінде неше ай бар?<br>**Суреті қойылады.3 тапсырма.** Жаздық аяқкимді сары, қыстық аяқкимді көк түске бояу.<br>**«Апта күндері»**<br>Мақсаты: Апта күндерін қайталау.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: апта күндерінің атауы жазылған қағаздар, сандар.<br>Ойын барысы: Балалар сандарды апта күнінен сәйкес орналастырады. Ретімен айтады.**Дидактикалық ойын: «Ғажайып алаң»** | торға пілді,қоянды кіші торға орналастыр.<br><br>**«Үйжануарлары мен жабайжануарлардыата»**<br>**Мақсаты:**Үй жануарлары мен жабайыжануарлартуралыбілімдерінбекіту. Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін артыру.<br>**Ойынның барысы :**ойыншылар екі топқа бөлініп,әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады.<br>Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады.<br>Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса,сол жеңіске жетеді.<br>. **Музыка** Күй, күйші-композитор. | ң жолдарындағы ұйқасып тұрған сөздерді есте сақтауға үйрету.<br>**Шарты:** өлең жолдарын реттілігін сақтап ұйқасты бастайды, балалардан жалғасын тауып айтады. Мысалы:<br>-Ара, ара...<br>-Гүл... -Оны...<br>**Математика негіздері**<br>Циферблат бойынша уақытты анықтау<br>**«Сиқырлы текше»**<br>Екі текшені лақтырып,түскен сандардың қосындысын сағат бетінен көрсетуі қажет.<br>**Топтық жұмыс**:<br>І топ Апта \\\\ІІ топ Тәулік\\\\ ІІІ топ Сағат Әр топқа топтық жұмыс беріледі. І топқа Апта күндерін атау. ІІ топқа Тәулік мезгілдерін атау. ІІІ топқа Сағат бетіне дұрыс сандарды жазып шығу.**"Сен де осынша** | нешеу?<br>— Екі балада неше құлақ бар?<br>— Бес сиырдың басы нешеу?<br>-Бір ағашта 5 алма,<br>Бірін бердім Санатқа.<br>Бірін бердім Қанатқа,<br>Сенде қалды неше алма?<br><br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Бірізді сюжет құрастыру<br>**Тақырыбы: Менің досым.** Мақсаты : Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету. Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу**.**<br>**«Адал дос»** деген әңгіме оқып беру.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>1. Досы көпті, жау алмайды. Ақылы көпті, дау алмайды. 2. Дос, доссыз өмір бос.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану** | қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.**<br>**«Қоршаған орта**<br>Жыл құстары мен қыстайтын құстар**Қимыл-қозғалыс** жаттығуларын орындайды.<br>Шымшық ұшып-қонады, (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).<br>Бір орнында отыра алмас, (бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).<br>Бір-екі, бір-екі, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).<br>Зуылдады тоқтамай. (Бір орында тұрып айналамыз).<br>Міне, бірминутқаотырды, (Отырамыз.)<br>Тұмсығыменкеудесінқасыды,<br>(Орнымыздантұрып, басымыздыоңға-солғаиеміз).<br>Ұшты, қонды, (Біронындатұрыпсолаяқпенсекіреміз).<br>оңаяқпенсекіреміз).<br>Шыр-шыр! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты: Әуен ойналады, дөңгелен ғажайып алаңнан айналып жүреді.<br>Онда төрт мезгідің суреттері болады.<br>Балалар қай суретке тоқтайды сол суретке қарап,<br>ненің суреті және неге байланысты екенін әңгімелеп береді Балалар ойынды қызықты өткізеді.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Суреттер** бойынша сипаттау. - Сен кітапханада болып көрдің бе? Сен ата-анаңмен бірге қандай кітап оқыдың?<br>Суретте не көріп тұрсың, суреттегі балалар қайда жүр? Кітапханада балалар не істеп отыр?<br>Кітапханада шулауға, дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Тәрбиеші сотқар бала мен кітапханашы сөзін балаларға диалогпен айтқызады. (Балалар кітапханашы мен сотқар баланы сахналап береді.)<br>**Ойын: «Сөз айт, тез айт»**<br>Шарты: Балалар мен сөйлемнің басын айтам, сендер аяқтайсыңдар.<br>Өлең жазатын адам ... (ақын) Байды алдайтын кейіпкер? (Алдаркөсе)<br>Бәйгеде шабады ... (ат) | Құрманғазы,Дина НұрпейісоваБалалардың күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>Дина «Тойбас - тар» (күй тыңдау)<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, шығармаларымен таныстыру<br>**«Қамшы»Ойын шарты:** Балалар шеңібер жасап тұрады, ортаға бір ойыншы шығады, қолында қамшы, музыка сүйемелдеуімен шеңбердің ішінде секіріп жүгіреді, музыка тоқтаған кезде ортадағы ойыншы тоқтап қамшыны екі баланың ортасына қояды, екі бала екі жаққа жүгіріп тез | **көрсет”**Ойын мақсаты:<br>Балалардың көрген нәрселерін немесе естіген дыбыстарын санап, есте сақтап, оған басқа нәрселерді сәйкестендіруге үйрету.Ойын барысы :<br>**1 нұсқа** Тәрбиеші карточканы көрсетеді де, алып қояды. Балалар карточкада неше фигура, ою-таңба бар екенін айтып, сонша жалауша немесе басқа нәрсе көрсетуі тиіс.<br>Тапсырманы дұрыс әрі тезірек орындаған қатар жеңімпаз аталады.<br>**2 нұсқа** Тәрбиеші бірнеше рет алақанын соғады. Балалар оны зейін қоя тыңдап, одан соң соншама жалауша көрсететді.<br>**Дене шынықтыру**<br>Футбол ойыны элементтері.<br>Тақырыбы:<br>**«Футбол ойнап шынығa түс»**<br>Мақсаты: а) | **аясын кеңейту**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>Ойын шарты: тәрбиеші қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады.<br>Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ...<br>Қызыл, сары, жасыл, көк – ...<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту**<br><br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>Өрт сөндіруші ағаларға!» (жаттау)<br>**Суретпен жұмыс**:<br>От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бірақ ол өте қауіпті. Сіріңкемен, (оттықпен),тоқпен, | (БірорындатұрыпқосаяқтаПсекіреміз).<br>**«Үйшік» ойыны**Б: Түк-түк.<br>Үйшіктеқайжануартұрады?<br>П: Бұл – мен, әтеш. Өзіңше?<br>Б: Мен қарғамын. Кіргізшіменіүйіңе.<br>П: Кіргізейін. Бірақ сен олүшінбізбір-бірімізгеұқсаймыздеуіңкерек.<br>Б: Бізқұстармызғой. Сен де сайрайаласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен астықпенқоректенемін, сен де...<br>П: Ал ендібіздіңайырмашылықтарымыздыайтыпбер.<br>Б: Сен әтешсің, үйқұсысың. Ал мен дала құсымын. Бір-бірімізгетүсіміз де ұқсамайды. Мен жақсыұшамын, ал сен ұшаалмайсың…<br>**«Үшіншісіартық» аттыдидактикалықойыны**<br>Мақсаттары: балалардыңқұстардыңалуантүрлілігітуралыбілімдерінбекіту. Педагог құстардыңаттарынараластырып, шатастырыпайтады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ең сұлу құс ... (аққу)<br>Қонжықтың анасы ... (аю)<br>5-тен кейінгі сан ... (6)<br>Аң патшасы ... (арыстан)<br>Ұлттық ойынның бірі ... (асық, алтыбақан, ақсүйек)<br>Жеміс түрі ... (алма, алмұрт) Қасқыр, түлкі, қоян ... (аң) Әкемнің әкесі ... (ата) Көлік күтетін жер ... (аялдама)<br>Ең қадірлі ас ... (нан)<br>Анамның туыстары ... (нағашы)<br>Бір өркешті жануар ... (нар) **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту**<br>**Қазақ тілі** Сөздегі дыбыс орнын анықтау. (дыб арн жаттығу,24б)<br>**Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта».** Өткен тақырыпты қима суреттермен қайталау. Әдемі ... (ойыншық) Сары ... (ұшақ) Үлкен ... (машина) Кішкентай .... (пойыз) **Дыбыстық жаттығулар.** КӨ-КӨ-КӨ-КӨКТЕМ.<br>ҚО-ҚО-ҚО-ҚОЛШАТЫР.<br>ҚҰ-ҚҰ-ҚҰ-ҚҰС.<br>Тем – тем - тем-<br>келіп қалды көктем<br>Ой-ой-ой- қорада тұр қой.<br>Ай-ай-ай- жайылып жүр тай. Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ. Зы-зы-зы- секеңдейді | келіп қамшыны алулары керек. Кім тез және жылдам келіп қамшыны алады сол бала ойынды жалғастырады.<br>**Құрастыру** Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту **«Ою құрастыру»**<br>Мақсаты: ою элементтерін біліп, оларды атауға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бірнеше бөліктерден тұратын ою элементтері.<br>Ойын барысы: Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады. **«Әдемі құс»**<br>Екіге бүктелген қағаздан жасалған құс. Педагог өрнектерді алдын ала дайындап, сыныптағы балаларға таратады, осылайша олар жапырақтарындағы | Балаларды алған білім-біліктерін қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Жұппен футбол ойыны элементтерін орындауға үйретуді жалғастыру. Допты біркелкі қайталап ақырын теуіп, табанымен тоқтату, нысанаға дәл бағыттау дағдыларын жалғастыру.<br>**Тақырыбы: «Футбол ойнаймыз» (**таза ауада) Мақсаты: а) Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыл әрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру. ә) | газбен ойнауға болмады.Ал бізде осы өрт туралы тақпақ білетін балалар бар ма?Өрт болған кезде қандай номерге хбарласу керек.Онда нені дұрыс айту қажет.<br>**ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР – БАТЫР АҒАЛАР**<br>Қатерге тігер басын да,<br>Жүрегі толы жасынға.<br>Өрт сөндіруші ағалар,<br>Батыр ғой нағыз расында.<br>Күн-түн демей келетін,<br>Мұқтажға көмек беретін.<br>Көзіңді ашып-жұмғанша<br>Шапқан аттай желетін.<br>Өртіңді де өшіріп,<br>Қауіпті жерден көшіріп.<br>Халық үшін от кешер,<br>Қалмайды олар тосылып.<br>Ержүрек, батыр ағалар,<br>Қызметі биік саналар.<br>Елің әркез өзіңнің<br>Еңбегіңді бағалар.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту** | Қатенібайқаған бала қолшапалақтауытиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғайжәнет.б.).<br>**Көркем әдебиет**Көркем шығарманы сахналау **Дидактикалықойын«Шыңжырғаертегілердіжинайық»Мақсаты:** Ауызекі сөйлеужәнеестесақтауқабілетіндамыту.**Шарты:**Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады.<br>**Дидактикалық ойын«Бұл қай ертегі кейіпкері»Мақсаты:** Таныс ертегі және әңгіме кейіпкерлерін тануға, олардың қимыл-қозғалыстарын айтып беруге үйрету.<br>**Шарты:** Қоржынға балаларға таныс ертегілер кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтары салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығап қоржын ішінен бір ойыншықты алып: бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Ол не істейді? Ол қандай?<br>**Мысалы:** Қоян ойыншығын алып: Мынау қоян. Қоян ақ, Түлкімен қоян ертегісінде кездеседі<br>**Дидактикалық ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозы **Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту**<br>**Ойын: «Бүркітші»**<br>Шарты: Екі баланы шығарып тақтайшаның үстіндегі тақияны аузымен тістеп алу керек.<br>**Ойын: «Қай мамандық иесі?»**<br>- Тарағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (шаштараз) - Қалағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы)<br>- Ожауы бар қолында, імді айттым ойымда? (Аспаз) | силуэттерді айналдырады. Содан кейін құс контур бойымен кесіліп, жартысына бүктеледі. Қанаттарды сыртқа бүгіп, жіпті қолөнерге бекіту керек.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Ұяң дауыссыз дыбыстар **«Кім көп сөз ойлап айтады»** дидактикалық ойыны –<br>Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа. – Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br>**«Сөзге ұяң дауыссыздан** | Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.**<br>**Сауат ашу негіздері** Үнді дауыссыз дыбыстар Дыбыстарды айнаға қарап қайталаңдар: л, м, н, ң, р, у, й. Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз | **Музыка**<br>Тәттімбет,Дәулеткерей ,Ықылас(күйшілер)<br>Күй сандықты ашайық – до-до-до Тілдерін біз басайық.<br>Бас дыбысты басайық, Жәйлап әнге салайық.<br>Шалқып шығар сонда күй.<br>Бәрідо-данбасталар. До-нықоштарбасқалар. До-мен әндібастаймыз.<br>«До» нотасы- 1-тапсырма<br>Аспаптардыңсуретітұр. Бізкөпаспаптарментан ыстық.Ендеше осы аспаптардыдыбысынан танып,айтайық.<br>«Ре» нотасы- 2-тапсырма:<br>Күйдегенжазуы бар екен.(тәрбиешіоқиды) Күйдегеніміз не? Домбырағаарнайы шығарылған музыка. Күйдікімшығарады? К үйші, сазгерҚандайкүйшілер дібілесіңдер? Құрманға зы, Дина Нұрпейісова, Қорқыт, Тәттімбет.<br>**«Ми» нотасы- 3-тапсырма:** Қазір күй тыңдаймыз. күйді жазған- *Дәулеткерей* | **«Бұл кімнің сөзі?»Мақсаты:** Дауыс интонациясын айтылу мағынасына қарай өзгертуге машықтандыру. **Шарты:** Тәрбиеші балаларға кейіпкерлердің мінез-құлқын түсіндіреді, олардың айтқан сөздерін айтады. Балалар дауыс ырғағы мен интонациясын келтіріп қайталайды.<br>-Балапандарымды жылан жейін деп жатыр!( үрейленіп)<br>-Бүркіт қонаққа шақырып еді, уақытым жоқ.(немқұрайлы)<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Буын<br>Буындармен жаттығулар.<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Буынды қос»**(доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Т Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>Дидактикалық ойын: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **басталатын сөзді қос»** дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон)<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту**<br>**Ұяң дауыссыздар**: салдыр мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен салдыры басым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз. ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ<br>**Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді** | дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді. **«Дыбыс бер»** дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде үнді дауыссыз дыбыстар кездессе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар. – Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б. | Қандай аспапта ойналады *күй? Домбыра аспабында* **«Фа» нотасы- 4-тапсырма**: Музыкалық-дидактикалық ойын **«Әр жануарға сәйкес аспапты табу»** Көктемде, жазда жайлауда қойлар, жылқылар, түйелер жайылып жүреді. Қараңдаршы, мына жануарлардың бойлары бірдей ма? | **«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз»**.<br>Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі. Тәрбиеші бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да ( риға), Да (рия). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ата».**Ойын шарты: Ойынды тәрбиеші бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Жа-жа-жа – жалау. Жо-жо-жо – жол. Жу-жу-жу – жусан. Жы-жы-жы – жылан. Жи-жи-жи – жиек. Же-же-же – жер. Жә-жә-жә – жәшік. Аж-аж-аж – гаражЖаңылтпаша йту. Жоғалды бес шыбыш, Жоқәліешсыбыс. Жоқәліешсыбыс, Жоғалды бес шыбыш.<br><br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту** | | | |
| Серуенге дайындық | Тәрбиеші серуеннің қызықты өтуіне алдын-ала ( серуеннің жүрісін, ойын құралдарын) дайындауы тиіс. | Серуенге қажетті ойыншықтардың санитарлық-гигиенаға сай болуы қамтамасыз етілуі тиіс. | Таза ауадағы ойындарды өткізуге ата-аналарды қатыстыруға жоспарлау. | Серуенгеойыналаң ыналдын-ала дайындау; | Балалардыңөзбетіншеойын ауынажағдайжасау, керектіқұралдардыалу, ойыншықтарменқамту. |
| Серуен | **Ауарайынабақылаужаса** | **Күнге бақылау** | **Желге бақылау** | **Аспанға бақылау** | **Үй құрылысын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **у**Көктемгіауарайыөтеқұбылмалы,біраққүннен-күнгекүнжылынабастайды.Ауақысымыкөтеріледі. Ашыққүндеркөпболып,күнсәулесін мол шашады.Аспансұрғылттүсінашыққөктүскеалмастырады.Көктемніңалғашқыайы мен соңғыайынсалыстырабілугеүйрету. Ауарайыныңөзгерісінанықтап оны ажыратабілудіжалғастыру. Балалардыңбайқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасындамыту.**Қимылды ойын«Қасқыр мен лақтар»** Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. **Біртұтас тәрбие: физикалық дене белсенділігін арттыру** **Еңбек іс-әрекетіТопырақты тұқым салуға дайындау.** Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге | **жасау**Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. **Қимылды ойын«Күн мен бұлт»** Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. **Біртұтас тәрбие: физикалық дене белсенділігін арттыру** **Еңбек әрекетіГүл тұқымын топыраққа егу.** Балаларға жұмыстың | **жасау.**Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.**Қимылды ойын«Қақпақ пен таяқ».** **Еңбек іс-әрекеті**Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.Өсімдікті күту барысында | **жасау.**Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.**Қимылды ойын«Қазым,қазым қаңқылда!»**Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық танытa білдіруіне назар аудару.**Біртұтас тәрбие: физикалық дене белсенділігін арттыру**. **Еңбек іс-әрекетіТұқымды қарашірікке отырғызу.**Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | **бақылау**Балалардың назарын құрылыс алаңына аудару. Үй құрылысында түрлі құрылыс машиналары қолданылады; Экскаваторлар,бульдозерлер,қада қағу жұмысында крандар, бетондық жұмыста бетон араластырғыш. Құрылыс алдында жерді қазып тұғыр орнатады. Құрылыс материалдары жоғарыға кран машиналары арқылы көтеріледі. Кран машинасының үлкен қолы бар,ол стрела деп аталады.Краншы кран машинасында отырып жұмыс басқарады. Ауыр жүкті қалың трос сымымен көтереді. Еңбекке деген құрметті тәрбиелеу. **Қимылды ойын«Кілттер»**Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмектесу.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | | арттыру.физикалық дене белсенділігін арттыру<br>Еңбек іс-әрекетіАландағы құм мен қоқысты жинауҚоршаған ортаны күнделікті мезгілмен жинап, жан-жағынапайдасын тигізу.<br>Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу**.** |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Кітап бұрышында**: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау<br><br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: салауатты өмір салтын ұстану** | **Жаңылтпаш**<br>Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатка тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ. | **Шығармашылық уақыты**:<br>"Қала көшесі".<br>Мақсаты: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру | **Санамақ.**<br>Бір дегенім - бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі деген - елім,<br>Дала, туым, көлім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт,<br>Төрт дегенім - төзім,<br>Төзе білем - өзім,<br>Бес дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт. | **Құрылыс ойындары**<br>«Үй құрастырамыз».<br>Мақсаты:. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттыру.<br>Ойын атрибуттары.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "**Менің отбасым"**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде – бесеуміз | **Логикалық,** танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>(белсенді балалармен жұмыс) | **Табиғат** тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет,) | **Артикуляциялық жаттығу** Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. | **Гигиена егізі**,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар<br>(топтық жұмыс)<br>**.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. | . «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Балаға дұрыс сөйлеуді қалай үйретеміз?" тақырыбында атааналарға кеңес беру | • Балалардыңтазалығытуралыатааналарменәңгімелесу. |

Тәрбиеші:М.М.Мырзабек

**Бекітемін ___________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл 22-26 сәуір**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Амандасу түрлері»** Қазақстанда қол алысады Италияда құшақтасады Бразилияда иықтан соғады Зимбаба арқа сүйеп амандасады Македонияда шынтақпен амандасады Никарагуада қол шапалақтап, секіреді.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.**<br>**Гимн айту** | **«Сәлемдесу» ойыны:** Мақсаты:Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі мимика- ишарат арқылы амандасасыңдар. Мысалы, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** | **I нұсқа:** Музыка терапиясыбойынша жұмыс. Жануарлар, өсімдіктер, адамдар, аңдарболып, оқушылармузыкаға қосылыпбилейді. **II нұсқа**: Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Көңілді музыка қойылып, оқушылар билейді. Билеу келесі тәртіп бойынша жүргізіледі: біріншіден әрқайсылары қандай да бір қимылдар жасайды, ал жүргізуші қолымен шапалақ соққанда оң жақтағы | **Жағымды сөздер.** Мақсаты: Өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Жүргізуші жағымды сөздер айта отырып, кез келген біреуге доп лақтырады. Допты алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез-келгенін таңдайды да, оған өз жағымды сөзін айтады, ойын жалғаса береді. Жағымды сөздер қысқа бір сөзден тұрса болады. **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау.** | Біздің «**Жетістік»** қаламызда сағат орналасқан. Сол сағаттың қоңырауы соғылғанына байланысты «Жетістік» қаланың қызық дәстүрі бар. Сол дәстүрді орындауға тырысайық. Қоңырау бір рет соққанда – барлық тұрғындар келесідей амандасады:<br>- бір-бірінің алақанын сипайды, ал егер қоңырау –<br>- екі рет соқса – арқалармен бір-бірінің арақаларын сипа бастайды,<br>- үш рет соғылса тізелерді қосып «тізелермен амандасады». Жаттығуларды орындаған кезде балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көршінің қимылын орындайды. | | шашылып, еркін жүреді. Содан кейін – белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | беріледі, жаттығулар аяқталады<br>**Ұлттық құндылық күні: Тақырыбы: «Әдепті сөздер»Мақсаты**: Әдепті сөздерді үйрету арқылы имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз. | Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз. | Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. | Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз. | Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Мен жақсы сөйлеймін»**<br>Мақсаты: балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөзік қорын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөйлемде бекіту.<br>Шарты: ертігіні электрондық қазақ үй құралынан тыңдап, желісі бойынша әңгімелеу.<br><br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | **«Қадамдар» (Кім тез жетеді...)**<br>Мақсаты: тіл байлығын, сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Шарты: Ойыншылар қатар тұрып, мәренің қашықтығын белгілейді. (арақашықтық 8-10 қадам) Әр қадамға тақырып таңдалады. Мысалы, "Әдепті сөздер". Әр бала әдепті сөз айтса ғана қадам жасай алады. Басқа тақырыптар: "Барлығы дөңгелек", " Барлығы ыстық", "Барлығы дымқыл". "Анаға арналған жылы сөздер", "Мейірімді | **«Әңгіме ойлаймыз»**<br>Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін дамыту.<br>Шарты:тәрбиеші сөйлемдерді оқып тұрады. Балалар, сөйлемнің арасына керекті сөздерді қойып отырады. Ол сөздер зат есім, етістік, сын, сан есімдер болады) Мысалы,: ".... (Не?) босағада отырып мияулайды. Мысық алдында тұрған тәрелкедегі сүтті . . . . (не істеді?). Бақта жүрген мысық..... (нені?) | **Жаттығу ойыны: «Дұрыс сөзін табыңыз»**<br>Шарты: мұғалім балалардан сұрайды,мына заттың қайсысы деп. «Дөңгелек,тәтті,қызғылт-бұл не?» Заттар бір-бірінен дәмі,мөлшері,түсі және пішіні арқылы ерекшеленуі мүмкін.Сөздердің айтылуын өзгертуге болады.Балалар оларды айтып болған соң,тақтаға барып жазады. «қар,ақ,салқын...(тағы қандай?); қант тәтті,ал лимон...(қышқыл)» | **«Ақылды машиналар»**<br>**Мақсаты:**Адамдардын жұмыстарын жеңілтуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету,сөздік қорларын молайту:бульдозер,көтергіш кран,жедел жәрдем,ауыр жүк машина,қар тазалайтын машина т.б...<br>**Ойын шарты**:таратылған суретбойыншаәңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздер"  және т.б. | ұстап алды. Мысықтың жүні . . . (қандай?), тырнағы . . . (Қандай?). Мысықмарғаулары мен . . . (Қайда?) жатты. Марғаулардопты .. . . (қалай?)  ойнады. | -Қай жануар қалай қимыл зайтаны туралы еске түсір. Қарға (ұшады) балық (жүзеді), шегіртке (секіреді), жолбарыс (ырсылдайды, тышқан (пысылдайды) ал сиыр(мөңірейді) | |
| Жаттығулар кешені | **Бұрылыс жасап,** бір орындарында екі аяқпен секіру. Секіру барысында тізелерін сәл бүгу керектігіне назар аударады. Музыканың сүйемелдеуімен аяқтың ұшымен серпіліп, ырғақпен секіреді. Бір орындарында тұрып жүреді.<br>2-3 рет орындайды. **Біртұтас тәрбие:талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** | **«Өз-өзіңе кел»** психологиялық-қозғалыс жаттығуы<br>– Екі шынтағын екі алақанымен ұстап, қолын кеудесіне қатты қысады. «Егер бір нәрсеге ренжіп, біреуді ұрып немесе біреуге айғайлағың келсе, онда өз күшіңді дәлелдейтін мынадай әдіс бар: Екі шынтағыңды екі алақаныңмен ұстап, қолыңды кеудеңе қатты қыс.<br>Бұл – шыдамды, төзімдіадамныңтұрысы». | **Тыныс алуды қалыпқа келтіру.** «ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы. Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішіне еркін тарту. Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу | **«Теңгерім түймесі»** жаттығуы. Бастапқы қалып негізгі тұрысты қабылдайды. Оң қолының саусақтарымен оң жақ құлағының артындағы бас сүйегінің астына таяу тұрған шұңғымаға ақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең тыныс алады «энергияны ішіне тартады». | **Айналып тұрған секіртпенің астынан өту**. (3 рет)<br>Секіртпенің астынан оның қозғалыс амплитудасының ең жоғарғы нүктеде болған сәтінде, жүгірісін шұғыл шапшаңдатып жүгіріп өтеді. Балалардың назарын секіртпенің айналу жылдамдығы мен өзінің жүгіру жылдамдығын сәйкестендіруге аудару керек. **Біртұтас тәрбие:талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.** |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Өз үйіңді тап»**<br>Мақсаты: түстерді қайталау, оларды шатастырмауға дағдыландыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойын барысы: | **«Көлем. Кім бірінші?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: картоннан жасалған | **«Суреттің екінші бөлігін сал»**<br>Мақсаты: Балалардың логикасын дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: үлестірмелі карточкалар, | **Мақал-мәтелдер.**<br>1.Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>2.Жаны саудың – тәні сау.<br>3.Ата – балаға сыншы.<br>4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ<br>**Біртұтас тәрбие:** | **«Кеше, бүгін…»**<br>Мақсаты: ойын барысында «кеше, бүгін, ертен » туралы түсініктерін бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер, үш әртүрлі түсті үй.<br>Ойын барысы: Топтық үш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратылады, олар түсін атайды. Белгіденкейінбалалард өңгелектердіңтүсінесә йкесшеңбергетұрады. | геометриялық пішіндер. Ойын барысы: Баланың көзін байлайды, қолына пішін беріледі. Бала пішінді сипалап атайды. | қарындаштар. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады. | **ұлттық мүдде құндылығы: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | бұрышына үш үйдің суреттер орналастырылады. Балалар шеңбермен жүреді де тақпақ айтады (кез келген). Тәрбиеші: «Иә,иә,иә бұл кеше болған оқыға!» дейді. Сол кезде барлық балалар «кеше» үйіне барып суреттерін салады. Ойын жалғасады. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру** Доппен заттарды айналдыра жүру. **«Жаңылысқан ұтылады»** «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. **Ойын жаттығуы: «Допты тауып көр!».** Допты өздері таңдайды. Әртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауып алады. Бұл доптардың басқа доптардан өзгешелігін айтып береді. **Біртұтас** | **Қоршаған ортамен таныстыру** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру. **«Жануарларды қалай күту қажет?»** **Мақсаты:** Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту. **Ойын шарты:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала | **Көркем әдебиет** «Аққөжектің достары» ертегісі. Кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін бере білу **Дидактикалық ойын«Қандай ертегінің суреті?»Мақсаты:** Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. **Шарты:** Ертегілер дің суреттері көрсетіледі, балалар суреттерге қарап қандай ертегігі келетінің тауып айту керек. **«Ақ көжектің достары» «Бұл қай ертегі кейіпкері»Мақсаты:** Таныс ертегі және әңгіме кейіпкерлерін тануға, олардың | **Математика негіздері** Заттың бірнеше тең бөліктері **«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ | **Дене шынықтыру** Эстафеталық ойындар **«Теңге алу»** Аланда сөре мен мәре сызықтары сызылады. Дистанцияда тиындар салынады. Батырлар атпен (фитболдармен) шауып, мәреге дейін және кейін қарай жүгіріп, қозғалыс кезінде тиынды көтеруі керек. Тиындарды көбірек жинаған топ жеңеді. **«Итеріспек»** Диаметрі 3-4 метрлік шеңбер ішіне ойынға қатысушылар тұрады. Белгі бойынша қарсы тұрған қарсыластар бір-бірін шеңберден итеріп шығаруға тырысады. Қолмен де, денемен де итеруге болады. Шеңберде қалған ойыншы жеңеді. **Біртұтас тәрбие:талап құндылығы: физикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тәрбие:талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру.**<br><br>**Математика негіздері** Танымдық тапсырмалар**«Суретпен жұмыс»ойыны.**<br>Мақсаты:Балаларға 4 санын меңгерту,ойлауын дамыту. Шарты:Төрт саны шығатындай етіп жапырақтар арасынан заттарды табу.<br>**«Жазылмай қалған сандарды ата?»** ойыны.<br>Мақсаты:Балалардың сандардың реті туралы білімдерін бекіту. Ойын ойнау арқылы байқағыштыққа,тез орналастыруға үйрету.<br>Барысы: Тәрбиеші балаларға текшелер таратып береді.<br>Ол текшелерде сандар жазылады,сандар ретімен толық жазылмайды.<br>Мысалы: 1 3 6 8 9<br>Балалардың міндеті сол қолдарындағы текшелерде жазылмай қалған санды анықтап атау.Егер сандар ретін анық атап шықса, | сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.<br>- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:<br>Жануарларды жақсы көру керек.<br>Жануарларды күту керек.<br>Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек.<br>Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды . **Тыйым сөздер: малды тебуге болмайды.**<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.**<br>**«Зоологиялық фриздер»Мақсаты:**Балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету.<br>Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап | қимыл-қозғалыстарын айтып беруге үйрету.<br>**Шарты:** Қоржынға балаларға таныс ертегілер кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтары салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығап қоржын ішінен бір ойыншықты алып: бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Ол не істейді? Ол қандай?<br>**Мысалы:** Қоян ойыншығын алып: Мынау қоян. Қоян ақ, Түлкімен қоян ертегісінде кездеседі.<br><br>**Математика негіздері**<br>Артық, кем , тең<br>“**Қай қолымда көп?»**Ойын мақсаты:Заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.Көз мөлшерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қажетті құралдар: Ұсақ | болып жинайды (қайсысы жылдам?).<br>3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: жеке және командамен жұмыс істеу,білуге, жаңаны тануға құштар болу.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>**«Қажетті тыныс белгілерін қой».**<br>Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою.<br>"**Туған өлкем** " тақырыбында әңгіме құрау.<br>**Нүкте**<br>Нүкте деген білгенге,<br>Жай ғана бірноқат па?! Жоқ онсыз сөйлем де,<br>Жоқ өлең де, жоқ хат та!.. Жазып жатқан кездерде Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де,<br>Сол нүктемен бітеді.<br>**Артикуляциялық ойын-жаттығу «Саққұлақ»** | **дене белсенділігін арттыру, ұлттық мүдде: ұлттық мұраны насихаттау.**<br><br>**Қоршаған орта**<br>Табиғи –климаттық аймақтағы жануарлар .<br>**Қайсысы қайда тіршілік етеді**<br>**Мақсаты:**жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:**әр түрлі жануарлар,құстарды көрсетіп,олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. “**Электронды ойын мен жұмыс жасау”**<br>Мақсаты:<br>Жануарларды атап, дыбыстарын бір - бірінен ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қоян, кірпі, тиын, қасқыр, аю қайда мекендейді?<br>- Жабайы жануарлардың үй жануарларынан қандай айырмашылығы бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұлдыздармен марапатталады.Ал егер сандар қатарындағы жоқ санды таба алмаса,текшедегі бар сандардың құрамын анықтайды.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану. Мақал-мәтелдер:<br>1.Диқан жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды. 2.Жердің сәні – егін,<br>Ердің сәні – білім.<br>3.Не ексең соны орарсың. 4.Қырман басы – береке,<br>Көп жүрген жер – мереке.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қай ағаштың жапырағы?»**<br>Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. **Дид ойын**: **«Көпір»**<br>**Мақсаты:** сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту, байланыстырып сөйлем құрауға | зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы**:Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді,қоянды кіші торға орналастыр.<br>**Музыка**<br>Күй тыңдау**Тақырыбы: « Күйсандықты ашам ыз»**<u>**Мақсаты:**</u> Балалардың қолының пластикасын ұлттық би қимылдары арқылы дамыту.Аспаптарды тембрлік бояуынан ажырату,білу.Балалар ды ұлттық музыкаға,ойынға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.Күйлерді тыңдауға, тануға,сипаттама беруге дағдыландыру.<br>**Күй дегеніміз не?** Домбыраға арнайы шығарылған | нәрселер.<br>Ойын барысы:<br>Топ екі топқа бөлінеді, оның әрқайсысы алма-кезек тәрбиешінің столына өз топ басшысын жібіреді. Стол басына келген бала қолын артына ұстайды. Алдымен тәрбиеші, одан соң балалардың бірі оның қолына кубик, түйме, шарик секілді әртүрлі ұсақ нәрселерді ұстатады, бірақ олар бір қолда көп, екіншісінде аз болуы тиіс. Бала алдымен көз мөлшерімен нәрсенің қай қолында көп екенін анықтауы, одан кейін нәрселерді бірінің артына бірін қойып, қайсысының қатарында көп, қай қатарда аз екенін салыстыруы тиіс. Тәрбиеші екі қатардағы нәрселердің санын теңестіру үшін не істеу керектігін 2 тәсілмен орындауы | Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы: Қазақстанның мүддесіне қызмет етуге ұмтылу.**<br>**Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.**<br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту «Киіз үй»** өлеңін мәнерлеп жатқа айту<br>:<br>Дидактикалықойын**«Киізүй»**ойнатылады.<br>Көтеріліпшаңырақ (қолдарынжоғарыкөтереді)<br>Уықтарышаншылып (қолдарынжоғарыкөтереді) Керегелеркеріліп (алақандарынашады ) | Аңдар бір - біріне ұқсайды ма?<br>Қасқыр қайда?<br>Аю қайда?<br>Түлкі қайда?<br>Қоян қайда?<br>- Балалар аю қалай дыбыстайды? (қимылмен жүрісін салып, көрсетейікші?)<br>**Көркем әдебиет** (кіріктірілген)<br>**1. «Киіз үй»** Қ. Баянбаев өлеңін интонациямен айту. **2.. Киіз үй** жабдықтарымен таныстыру.<br>Атадан – балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу.<br>**Топпен жұмыс жасау.**<br>1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар.<br>2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар.<br>3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастыру<br>4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атау.<br>**(математика,құрастыру, сурет салу, көркем әдебиет)Біртұтас тәрбие:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Шарты:** заттар бейнеленген суретті карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар екі суреттің арасындағы байланысты орнататын бір сөз ойлау керек. Ол сөз екі затты «байланыстыратын көпір» секілді. Әр бала кезекпен жауап береді. Баланың жауабы негізделген болуы керек.<br>Мысалы, екі сөз беріледі: «қаз» және «ағаш». «Байланыстыратын көпір» қызметін мына сөздер болуы мүмкін: «ұшты» (қаз ағаштан ұшты). «ойды, кесті» (ағаштан қаз ойды), «тығылды» (қаз ағаштың артына тығылды) т.б<br>**Қазақ тілі**<br>ЖайлаудаЖайлаудан төрт түлік малдың бірі түйе келіп тұр екен. Бізге әкелген көптеген тапсырмалары бар екен.<br>1 - тапсырма: Суретке қарап әңгіме құрау, ат қою.(Жайлауда)<br>2 - тапсырма: Жұмбақ | музыка.Күйді кім шығарады? Күйші, сазгер.Қандай күйшілерді білесіңдер? Құрманғазы, Дина Нұрпейісова, Қорқыт, Тәттімбет.<br>Музыкалық үй<br>Мақсаты: Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.<br>Көрнекіліктер: Төрт ашпалы терезелердің ішінде музыканың түрлері бейнеленген суреттер. Шарты: Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек. Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би, ән,марш, күй суреттері бар. Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап, арнайы терезені ашса. сол бала жеңімпаз атанады.<br>**Сурет с алу**<br>Сюжетті суреттерді салу. **Тақырыбы: 8 Наурыз ашықхаты.**<br>Мақсаты: анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.<br>– Бүгін аналарыңа | керек.**“Доп лақтыру”**<br>Ойын мақсаты: Сонша, артық, кем ұғымдарын доп лақтыру дыбыс үні арқылы білдіреді: Қажетті құралдар: Доп.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші допты жоғары лақтырып, немесе еденге ұрып балаларға санату, сонша немесе біреуі (екеуі) артық (кем) ойын барысында неше болса сонша, содан (артық), “кем” деген … өзінің допты еденге ұруының балалар шапалағымен сәйкес келуін қадағалау, қол шапалақтатуы, әлде қарындашпентықылдату керек.**Логикалық тапсырма:** Екі аяқпен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің....<br>Нешеу болды қане,бол,<br>Санап шығар кім бұрын?<br>Жауабы: Алтау. | Өрімдей болыпөрілер (қолдарынбелгеқояды) Бәрімізбіргежүрсекайн алып, кизүйболыпкөрінер<br><br>**Артикуляциялық ойын-жаттығу«Жапырақтар»**<br>Мақсаты: Бірқалыпты, еркті дем шығаруға үйрету.<br>Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балаға күзде ағаштардың жапырақтары түсетінін түсіндіреді. Бұл құбылыс жапырақтардың түсуі деп аталады. Жапырақтардың түсуін үйде ұйымдастыруды түсіндіреді. Бала жапырақтар ұшатындай, оларға үрлейді. Жаттығу 2 - 3 рет орындалады.<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде** | **талап құндылығы: жеке және командамен жұмыс**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу<br>**Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»**<br>Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу. **Ө-шір-гіш-сызбамен көрсету.**<br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».**<br>Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады.<br>– Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға)<br>– Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға)<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау**<br>«Сағат» – тілді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шешу.<br>1. Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар (Қой)<br>2. Үстінде екі тауы бар<br>Кезікті бір жануар (Түйе)<br>3. Өзі сұлу, өзі жүйрік<br>Жарысады желменен (Жылқы)<br>4. Басында екі таяғы бар,<br>Төрт аяғы бар,<br>Бірақ сақалы тағы бар (Ешкі)**Дидактикалық ойын.**<br>Малдан алынатын өнімдерді табу.<br>Сәйкестендіру әдісі арқылы қай малдан қандай өнім алынатынын көрсету.“**Жайлау көркі” (тақпақ)**<br>Табиғат әлемі<br>Гүл толған әдемі.<br>Ұйқы ашар сағаттай<br>Бозторғай әуені.<br>Сайға түс, қырға шық,<br>Жүресің гүл басып,<br>Көбелек алдайды.<br>Бір қонып, бір қашып.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде:қазақ тілінің қолдану паясын кеңейту.**<br>**Мақал-мәтелдер**1. Досы көпті, жау алмайды. Ақылы | арнап **«8 Наурыз мерекесімен»** атты ашықхатты салуды үйренеміз.<br>Қағаздың ортасына 8 санын салуды көрсетеді; оның оң жағына және сол жағына қызғалдақ гүлдерін салуды көрсетіп түсіндіреді; салған суретті өздері таңдаған түспен бояп ұсынылады; ашықхаттың әдемі болуын, ұқыпты жасалуы қажеттілігін талап етеді; балалардың жұмысқа шығармашылықпен қарап, өз беттерімен толықтырулар жасауына да мүмкіндік беріледі.<br>– Алдымен тақтаға назар аударамыз, тақтаға ілінген үлкен ашықхат қандай әдемі.<br>–Кәне, енді рет-ретімен осы ашықхатты жасауға кірісейік. Алдымен қағаздың дәл орта тұсына үлкен етіп 8 цифрын салып аламыз. Цифрдың екі жағына екі-екіден қызғалдақтар саламыз. Оның астыңғы жағын әркім өзі ұнататын | **Дене шынықтыру** Ұлттық қимылды ойындар<br>**«Қазан»** – асықтырды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліп қозғалады. Негізгі қимылдарды орындайды.<br>Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтарды ортаға лақтырады.<br>Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады.<br>**«Малдас құрып отырған қалыптан»** асықтарды лақтырып, қағып | **құндылығы: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.**<br><br>**Музыка** Лирикалық баяу әуендер<br>**Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлем!» (әндете амандасу). (Т)<br>Мимикалық жаттығу. «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, өз беттерінде мимикамен көңіл күйін көрсетеді.**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>Мақсаты: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту. Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу. **Ән айту: «Бесік жыры»** (И. Нүсіпбаев). Ән айту ережелерін еске | жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау.<br>Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**«Буынға буын қос»** дидактикалық жаттығуы<br>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе<br>2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу.<br>Тәрбиеші сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.<br>Ау- (ла). Ал- (ма). Са-(ра). Сә- (біз). Қа-(уын).Мысалы: үй-рек, бүр-кіт ,қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде:қазақ тілінің қолдану паясын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көпті, дау алмайды.<br>2. Дос, доссыз өмір бос.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>1.Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br>**Жаңылтпаш**<br>Қай тай лақтай?<br>Қай лақ бармақтай<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде:қазақ тілінің қолдану паясын кеңейту.**<br>**Артикуляциялық ойын-жаттығу«Кім алғыр?»**<br>Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.<br>Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда»: | гүлдермен көмкереді. Енді қалауымызша бояймыз.<br>**Сауат ашу негіздері Сөздерді буынға бөлеміз.**<br>Дидактикалық ойын: **«Буынды жалға»**<br>– Мен сендерге сөздің басы буынын айтамын да допты лақтырамын, сендер сөздің екінші буынын жалғап допты кері қайтарасыңдар. Мысалы: ба-нан, сүл-гі, ора-мал, кі-тап, қай-шы, жү-зім, са-рай, ар-ман, ал-мұрт, күй-ші, са-ғат, шал-бар, көй-лек, қал-пақ, қам-шы, қа- мыс, құ-лын, қи-яр, қа-ғаз, ке-се, қобыз, қол-тық, жү-рек, тыр-нақ т.б.<br>**«Сылақшы»** - ауыз кең ашық, тілдің ұшымен қатты таңдайды сылау.<br>- **«Ат шауып келеді»** - ауызды кең ашып таңдай қағу.<br>- **«Тоқылдақ»** - тілдің ұшы үстіңгі азу тістердің артындағы қатты таңдайға тиеді, ауыз қуысынан шықпайды.<br>**Біртұтас тәрбие:** | алу. Алақанын ауыстырады. Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды.<br>**Біртұтас тәрбие:талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру, ұлттық мүдде: ұлттық мұраны насихаттау.**<br>**Сауат ашу негіздері** Буыннан сөздер құрастыру.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос**: - Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, | түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту.<br>**Біртұтас тәрбие:талап құндылығы: ұлттық мүдде: ұлттық мұраны насихаттау.**<br>**Ойын: «Көлеңке»**<br>Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді. | **кеңейту.**<br>**Артикуляциялық жаттығулар «Саңырауқұлақ»**<br>«Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>Аз – аз – аз, Жайдарыжаз.<br>Үн – үн – үн Ыстыққүн.<br>**« Гармошка»**<br>Ауыздыашып, гармошканыңжұмысжаса уқалпынкөрсету.<br>Қайталапауыздықаттыаш ып, тілдіжоғарғықалыптаұста укерек.<br>Яқ – яқ – яқ, Жүремізжалаңаяқ.<br>Иын – иын – иын, Боладыкөпойын.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде:қазақ тілінің қолдану паясын кеңейту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Аюды ал және мәшинеге отырғыз.<br>- Аюды мәшиненің ішінен ал.<br>- Мәшинеге қуыршақты отырғыз.<br>- Қуыршақты мәшинемен қыдырт.<br>Бала бұл тапсырмаларды естуі, түсінуі және орындауы қажет. | **ұлттық мүдде:қазақ тілінің қолдану паясын кеңейту.** | қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде:қазақ тілінің қолдану паясын кеңейту.** | | |
| Серуенге дайындық | . Серуенге қажетті ойыншықтардың санитарлық-гигиенаға сай болуы қамтамасыз етілуі тиіс. | Серуенгеойыналаңынаалдын-ала дайындау; | Бақылауды, зерттеужұмыстарынжүргізуқұралдары; | Балалерменжекежұмыстыжолғақою; | Ойыналаңындағыатрибуттардыңдұрыстығы; |
| Серуен | **1.Бақылау: балаларкүндібақылау**.Күнгеқарайаламыз ба? Күнгеқолдарыңдысозындаршы, жылындыма? Күнұзарды, көктемкелді. Жеке жұмыс: балаларөлеңдріміздіқайталаймыз.<br>**Еңбек**Ойыналаңыайналасындағыжолдардытазалауға аула тазалаушығакөмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын «Күн** | **Сутоғанды бақылау** Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары ерігген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары | **Бақбақ гүлін бақылау** Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару );<br>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық | **Бұлттарды бақылау** Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. **Бақылау барысы**.<br>Көркем сөз. «Бұлт» Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші сұрақтары**.<br>♦ Бұлт дегеніміз не?<br>♦ Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦ Бұлттар неден тұрады? (сан | **Кемпірқосақты бақылау** Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы:** Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **мен түн».**Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**.<br>**Жаттығу ойыны**: Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел**: Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.<br><br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.** | көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау.<br>**Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады.<br>**Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».** Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты:-Қимыл белсенділіктерін арттыру; - Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыруЕңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу. | жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>**Еңбек** Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.<br>**Халық болжамы**. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық құндылық:ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау,насихаттау.** | көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ?<br>♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».** Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру**<br>**Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту**. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.<br>**Халық болжамы**. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: адал еңбекті құрметтеу.** | | ашық болады. |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Тілшімен әңгіме:** Тілші сендер туралы мақала жазбақшы. Сондықтан да сендердің әрқайсыларың туралы жақынырақ білгісі келеді. Сонымен бүгін біз өзіміз туралы - аты -жөніміз кім, нені жақсы көреміз, нені ұнатамыз, немен шұғылданамыз, солар туралы айтамыз. . Тілші балалармен әңгіме өткізеді: -Аты-жөнің кім? Сен неше жастасың? Өз түріңді, мінезіңді сипатта. Шашың ұзын ба? Қысқа ма? Бойың ұзын ба? Аласа ма? | **ЕРКІН СӘТ: «Қандай доптар»** Шарты: Үлкен және кіші доп суреттері арқылы таңдау. 1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді. 2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді. **Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: топтық және жеке жұмысқа баулу.** | **«Ағаштарды ата»** Мақсаты: Ағаштар атау, өсімдіктерге кутім жасауға үйрету, олардыңпайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. | **«Тәулік бөліктерін ата»** Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту,тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойын барысы: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. | **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БҰРЫШТА: «Оюю-өрнектерді ата»** Мақсаты: Қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру, атай білуге үйрету. Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Біртұтас тәрбие: ұлттық құндылық:ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау,насихаттау.** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әлеумет: көлік түрлерін атау. | Шығармашылық әрекет: бояуды сыртына шығармай ұқыпты пайдалануға баулу. | Танымдық әрекет: кері санауды бекіту. | Денсаулықты сақтау: жүгіру қимылын реттеу. | Тілдік қатынас: артикуляциялық жаттығу жүргізу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Жекеленген баланың тәртібі жайлы әңгімелесу. | Тазалық туралы ескерту жұмыстарын жүргізу. | Үйдегі ойын бұрышы жайлы әңгіме жүргізу. | Мектеп формасын сақтауды ескерту. | • Демалыс күндері бала қауіпсіздігі жайлы әңгіме |

Тәрбиеші:М.М.Мырзабек

**Бекітемін ___________ Г.Ж.Сыдыкова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл 29 -30 сәуір, 01-02-03 мамыр**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **Жылулық сәт:Көктем нұры қуатты,**<br>Қарлар еріп, су ақты.<br>Күн күлімдеп төбеде<br>Төгіп тұр ғой шуақты.<br>Құстар келді ән салып,<br>Дала толды гүлдерге.<br>Осы шақты аңсадық,<br>Ғажап қой бұл білгенге! | **«Достық тілек»**<br>Мақсаты:Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталанады, ,<br>Шарты: балалар дөңгеленіп отырып, бір-біріне допты ұсына отырып, достық тілегін айтады, сұрақ қою арқылы жауап алуға да болады. (сөйлеуді дамыту) | **01\\05-мереке демалыс** | **«Айна» ойыны**<br>Мақсаты: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйренеді.<br>Шарты: балалар айнаға қарай отырып, өз әрекетіне , көңіл күйіне назар аудара отырып, басқа адамның көңіл күйін бағалауды үйренеді. (қоршаған орта, дене белсенділігі) | «**Автобус»** ойыны<br>Мақсаты: Сапты дұрыс құрап, саппен жүруді бекіту,бір-бірін итермеуге ,яғни сыйластыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: Балалар бойымен қатарға тұрады,тәрбиеші автобус жүргізушісі,дыбыстаған кезде қозғалады,сапты бұзбай топқа кіруге бағытталады.<br><br>**Ұлттық құндылық күні**: **Мақал-мәтелдер**<br>Мақсаты: Мақал-мәтелдер жаттату арқылы тілдік қорын байыту.Әр мақалдың мағынасын түсіндіру.Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | « Отбасы, отбасылық климат»<br>Мақсаты: Отбасы | «Телефонның зияны»<br>Мақсаты: Ата-аналардан балалар | | «Сіздің балаңыз»<br>Мақсаты:ата-анасынан баласының мінез- | «Спорт және бала»<br>Мақсаты: Ата-аналардың балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиесінің жалпы | телефонды үйде | | құлқындағы | арналған спорт түрлері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шарттарын анықтау. | қанша уақыт қарайтыны жөнінде сұрау | | ерекшеліктер жайлы сұрау. | жайлы әңгімелеу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеп тұрған таңғы радио:**<br>**«Нұр төккен,гүл көктем»**<br>жайлы әңгімелесу<br>Мақсаты: суракқтарға толық жауап беруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Дала гүлдерін білесің бе?»**<br>**Барысы:** Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі, шөптесін өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы суретпен жұмыс жасау<br>**Мақал-мәтел**:<br>Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз | **Үстел үсті театр ойыны:**<br>**Еріншектер:**<br>Тық-тық, тық-тық,<br>Тұр орыннан бас бармақ,<br>Балң үйрек сен де тұр,<br>Ортантерек, сен де тұр,<br>Шылдыршүмек сен де тұр,<br>Титтейбөбекқанетұр,<br>Саусақтарым, алжүгір. | | **« Сәлем жаңа күн»**<br>**Д/ойын :**«Жанды және жансыз табиғатты ажырат».<br>Жер,су,ауа.<br>**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. | **Ойын- жаттығу:**<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ақ жаңбыр.<br>(Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)<br>Астан-кестен жауатын,<br>Өткінші енді біз жаңбыр. (Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред |
| Жаттығулар кешені | **«Жануарлар »**<br>Мақсаты: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіреді.<br>заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеп өтеді.<br>Шарты: жануарлардың суретіне қарап қимылдарын жасайды | **«Тосқауылдар»**<br>Мақсаты: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>Шарты: балалар алдында тосқауылдар (батпақты су, тікенекті шөптер) бар, осы тосқауылдардан өтеді ( дене шынықтыру | . | **«Допты қағып ал»**<br>Мақсаты: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу; допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу.<br>Шарты: балаларды екі қатарға бөліп тұрғызып,қолдарына доп беріп бір –біріне лақтырып,қағып алу. | **«Көңілді би»**<br>Мақсаты: музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасау:<br>Шарты: Музыка ырғағымен жаттығулар жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (денебелсенділігі) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Табиғат мінезі» Дидактикалық ойын:**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>**«Көктем көрінісі»**<br>**Мақсаты:** көктем мезгілінің ерекшелігін білу.<br>**Шарты:** суретке қарап әңгімелеу. Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу | **Үстел-үсті ойыны «Түрлі-түсті домино»**<br>**Мақсаты:** балаларға балалар доминосын ойнау ережелерін үйрету, қажетті түсті таңдаудың маңыздылығын көрсету, түстердің дұрыс атауын үйретуді жалғастыру | | **Үстел-үсті ойыны «Суретті түсіне қарай таңда»**<br>**Мақсаты:** негізгі 4 түсті білімдерін бекіту, визуалды қабылдауды дамыту.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші балаларға, мысалы, сары шеңбері бар қақпақты көрсетеді, оның түсі қандай екенін сұрайды және балаларға бірдей түсті тақырыптық суретті таңдауды ұсынады.<br>Содан кейін жасыл шеңбері бар қақпақты көрсетеді, балалар түсті атайды, сонымен қатар суретті таңдайды.<br>**(Сөйлеуді дамыту, математика** | **Дидактикалық ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** Балаларды әртүрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Суреттер тақтаға ілінеді. Бала өзі таңдаған мамандығын қалап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру**<br>Велосипед тебу<br>**«Кім жылдам»**<br>Мақсаты: Лақтыру. Велосипед тебу(далада) Қос қолмен допты жоғары лақтыруды үйретуді жалғастыру. Шеңбер бойымен және тура жолмен қос дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылуға үйрету.<br>**Ұлттық ойын**: | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Мобильді құрылғыларды қолдану ережелері.<br>**Дид.ойын: «Мен бұл дауысты қайдан естіп тұрмын?»**<br>Мобильді құрылғыны дауысзорайтқышқа қосу арқылы құстардың әдемі дауысын естірту, және дауысын ажырату.<br>**«Телефон »** | **Көркем әдебиет**<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Дене шынықтыру**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br><br>**01\\05-мереке демалыс** | **Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері. Жыл айлары **«Жыл атасы»** дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру. Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды.<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Тәрбиеші қазір қай ай | **Дене шынықтыру**<br>Арқан бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Тақырыбы: «Біз әртүрліміз»**<br>Мақсаты: а) Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепетеңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Ортеке»**<br>Мақсаты: Домалату. Өрмелеу. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуға үйретуді жалғастыру. Көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсуге үйрету<br>**Математика негіздері** Заттар тобын салыстыру және сана**«Біреу және көп» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. | Заманауи балаларға тапсырма: мобильді телефон туралы әңгімеге тарту: телефон пайдасы,зияны, білетін маркалары жайлы сөйлеуін бекіту,сұраққа толық жауап беруге баулу.<br>**«Шаңсорғыш ойыны».**<br>Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.<br>**Музыка**<br>Ырғақты би қимылдары<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. **Ойын**: Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар | | екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, көктем айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>- Бүгін жыл атасы бізбен көктем туралы әңгімелескісі келеді. Олбізгежасыл карточкаәкеліпті.<br>- Не үшінжасыл карточка әкелді? Әрбіркарточкадакеректі сандықоюғаарналған көктем айларынасәйкескелетін тор көз бар. Тәрбиешіайдыатайды, балаларкеректіцифрды бос орынғақояды. Оданкейінтәрбиешіцифрдыатайды, ал балаларайдыатайды.**Сөздік ойыны**<br>Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы сөйлемді таңдайды. Ол сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды. Күзде жаңбыр жауады, ал қыста...(қар жауады). Көктемде ағаштар бүршік жарады, ал күзде...(жапырақтар түседі).<br>**Сөйлеуді дамыту** | дағдыларын бекіту.<br>**«Түйіншек»**<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. шеңбер ортасына бір ұшы үлкен түйіншек болып түйілген ұзын арқан ұстаған жүргізуші шығады . «Жай тұрмай, аяғыңды жоғары көтер!» – деп ескертіп, ол арқанды біртіндеп бүкіл ұзындығымен айналдыра бастайды. Арқан жерге параллель айнала бастаған кезде ойыншылар оны аяқтарына тигізбей секіре бастайды. Аяғына арқан тиген ойыншы шеңберден шығады. Ол жазалануы керек. Ойыншылардың талабы бойынша ол билеуі, ән айтуы немесе басқа бір тапсырма орындауы керек. Осыдан кейін оның қолына арқан ұстатылып, ол жүргізушінің орнына тұрады. Осылай ойын жалғасады.<br>**Қоршаған орта**<br>Арнайы көлік түрлері. Жұмбақ<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді, Су ішеді.<br>Бұл не екен балалар?<br>(Машина) Аспанда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Шығарманы әңгімелеп беру**Мақсаты** :<br>Мамандықтармен таныстыру<br>–Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? -<br>-Қандай мамандық иесі? -<br>Білесіңдер ме?<br>М.Хакімжанова.<br>«Кім немен ойнайды?» өлеңі Теңізші болатын бала,<br>Бұлақпен ойнайды<br>.Емші болатын бала,<br>Сынаппен ойнайды.<br>Батыр болатын бала,<br>Қынаппен ойнайды.<br>Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды.<br>Шопан болатын бала,<br>Диқан болатын бала,<br>Топырақпен ойнайды.<br>Ғалым болатын бала,<br>Кітаппен ойнайды.<br>Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап | таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап,әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл**:<br>Яғни оңға, солға бұлғауға болады.<br>Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.<br><br>**Мүсіндеу** Сюжетті композицияларды құру **.** Тақырыбы:<br>**«Қоян көжектерімен»**<br>Мақсаты: балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру, қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру.<br>І топ. «Қояндар» тобы оң жаққа, ІІ топ. «Көжектер» тобы сол жаққа отырады. Ақ түсті ермексаздан І топ үлкендеу, ал ІІ топ кішірек етіп үзіп алақанымен домалақтайды.<br>Бұл – қоянның басы, ал көжектің басы қоянның басынан кішірек болады.<br>**«Сөз ойла, тез ойла»**дидактикалық ойыны. Ойынның | | Сөздерді байланыстырып сөйлеу<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Кімге не керек?»**<br>Ойын шарты: Әртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауып жабыстырады.<br>Тәрбиеші балалардан «Кім болам?» деген тақырыпта шағын әңгіме құрауларын сұрайды.<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Бір сөзбен ата».**<br>Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Тәрбиеші көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>– Өрік, шие, алмұрт – ..<br>– Түлкі, қоян, қасқыр – ..<br>– Шай, май, тұз – ...<br>– Бет, мұрын, аяқ – ...<br>– Қауын, қарбыз, сәбіз – ...<br><br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br>Қазақстан-көп ұлтты мемлекет,ұлттар | жүзеді,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(Ұшақ) Үтікке міндім,<br>Мұхитта жүздім. (Кеме)<br>**«Топтастыру»** ойыны<br>1 топ –Жер көлігі тобы<br>2 топ - Әуе көлігі тобы<br>3топ - Су көлігі тобы.<br>Сурет бойынша тапсырма арқылы топтастыру.<br>П\ж: **«Қандай көлік жоқ?»** ойыны<br>Шапрты:Үстел үстіне түрлі көліктер ойыншығы қойылады балалар көздерін жұмады .Көздерін ашқанда қай көлік жоқ екенін анықтау керек.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Достық мерекесі»<br>С. Оспановтың өлеңін мәнерлеп айту.<br>**Тақырыбы: « Достық» мерекесі**<br>Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отыруды тапсырады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Киіз үй жабдықтары,ұлттық бұйымдар<br>**Тәрбиеші:** Балалардан киіз үй туралы кім тақпақтар біледі жатқа айтады.<br>1 – бала: Қабырғасы тор көз, Төбесінде зор көз. (Кереге, Шаңырақ)<br>2 – бала: Тұмсығын тесіп. Жүннен бұйда есіп Қазыққа байлады. (Уық )<br>3 – бала: Төбедегі көзінен. Күн сәулесі түседі. Бұрышы жоқ төрінен. Самал еркін еседі. (Киіз үй )<br>4 – бала: Жетпіс екі найзасы. Біріктіріп тұрады. (Шаңырақ)<br>**«Суреттен тап»-ойыны**. Киіз үйдің заттарын табу. : Дидактикалық ойын **«Киіз үй»** ойнатылады.<br>Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді)<br>Керегелер керіліп (алақандарын ашады )<br>Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге | шарты: бастаушы бір сөз айтады, балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.<br>Мен әншімін...<br>(ән айтамын).<br>Мен дәрігермін...(адамдарды емдеймін).<br>Мен ғарышкермін...<br>(ғарышқа ұшамын).<br>Мен мұғаліммін...(балаларды оқытамын).<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.<br>**«Буынға бөл»** дидактикалық жаттығуы<br>Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.<br>**Жұмбақтар**<br>Кір қоқысты сүймейді,<br>Сыртқа қуып сүйрейді.<br>(Сы-пыр-ғыш)<br>Жіп-жіңішке денесі,<br>Ортасында шегесі.<br>(Қа-рын-даш)<br>Екі аяқты бірізді,<br>Адам мініп жүргізді.<br>(Ве-ло-си-пед)<br>**Тіл ұстарту** | | достығы.**Дидактикалық ойын «Жалғастыру».**<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>Біздің Отанымыз – ... .<br>Қазақстан – көпұлтты республика.<br>Қазақстан республика.<br>Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы тұрады.<br>Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз.<br>**“Не үшін қажет?” ойыны**. Шарты: Мақта неге қажет? Көмір неге қажет?, Күріш не үшін керек? Мұнай не үшін керек? Мал не үшін керек? т.б. Қызылордада – күріш, Қарағандыда – көмір, Шымкентте – мақта Қостанайда – бидай, Алматыда – апорт алма, Өскеменде – мал шаруашылығы, Атырауда – мұнай т.б.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Та- та- та- та ектім мақта, бидай, арпа.<br>Мір- мір- мір жақтым көмір<br>Ал- ал-ал – жайлауда көп мал<br>**Музыка**<br>Қазақ халқының таныс үздік әндері.<br>**«Музыкалық сағат»**<br>Ойын материалы: Қатты | **«Қай ұлттың бас киімі?»**<br>Ойын шарты:<br>Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.<br>Достық, ынтымақ туралы **мақал – мәтелдер:**<br>Ырыс алды – ынтымақ.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br>Ұрыс, ырысты қашырар Ынтымақ, халықты асырар.**"Тілегіміз - бейбіт күн".**<br>Тілегіміз — бейбіт күн.<br>Сары, ақпыз, қарамыз,<br>Бәріміз де баламыз.<br>Бір қалада тұрамыз,<br>Бір мектепке барамыз.<br>Ақ, қара деп бөлмейміз,<br>Бір жыл туған төлдейміз.<br>Туысқанбыз, татумыз,<br>Биіктерге өрлейміз.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөзге дыбыстық талдау<br>**«Артығын тап» ойыны**<br>1. Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. (аю)<br>2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан)<br>3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық)<br>4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек)<br>5. Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық).<br>**Артық сөзге** дыбыстық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер. | Ба-ба-ба,<br>Бақылдайды бақа.<br>Оп-оп-оп,<br>Балалар ойнады доп.<br>Жау-жау-жау,<br>Желбіреп тұр жалау.<br>Ой-ой-ой,<br>Қорада тұр қой | | картоннан істелінген сағат.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойынсағаттағысуреттер діайналыпкелгеншежалғасады. | талдау жасау.<br>**Дыбыстармен жаттығулар**.<br>Дидактикалық ойын **«Дұрыс көрсет»**<br>Тәрбиеші балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з...<br>**Дыбыстық талдау**: «Қол» сөзіне дыбыстық талдау. «Қол» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыр | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу,сақтық шараларын ескерту. | . | Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту | Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу |
| Серуен | **Дүйсенбі** - өлі табиғатты (жауын-шашындар,ауа райы,жел,бұлтты,ала бұлтты) бақылау.<br>**Күнді бақылау**<br>Мақсаты: Күннің көзі | **Сейсенбі** - тірі табиғатты (өсімдіктер дүниесінің; ағаштардың, бұталардың,шөптердің жай-күйі) бақылау;<br>**Бақта өсетін** | | **Бейсенбі** -жылдың осы мезгіліндегі адамдардың еңбегін бақылау.<br>**Саябаққа саяхат**.<br>Саябақтағы тазалаушы жұмысын бақылау, бағалау. Көктем | **Жұма** -тірі және өлі табиғатты кешенді бақылау.<br>Көктем мезгіліндегі аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға сурет арқылы (аю, кірпі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру; күннің қозғалысымен шығуын қадағалауды жалғастыру, күннің ұзаруымен жылынуын белгілеу күн ұзын, күннің көзі ұзақ тұрады, жоғары көтерілсе ыстық болып, онан сайын ысиды, **Қимылды ойын «Кілттер»** Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардыңойынғадегенқызығушылығынарттыру. | **ағаштардың гүлденуін бақылау.** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу,ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.Қимылды ойын**«Секіргіш бақалар»**Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық,төзімділік қасиеттерін дамыту. | | мезгіліндегі ағаштардың әдемілігін сезіну, өзгерісін анықтау. Үлескедегі еңбек: Саябақтағы зат қалдықтарын жинап, бір жерге жинастыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, айналаны таза ұстауға үйрету. **Қимылды ойын: «Жалмауыз кемпір мен балалар».** Мақсаты: Тапқырлыққа, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. | тиіннің қалай оянатыны туралы әңгімелеу.) Үлескедегі еңбек: Күректі қалай пайдалану керек екені түсіндіріледі. Үлкен адамдар еңбегін бағалау. **Жеке жұмыс**: Ойша жұмбақтар құрату. Күн, бұлт, су, көктем, құстар туралы. Жан жақты болуға үйрету. **Қимылды ойын: «Тақия тастамақ».** Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Ойын- жаттығу** Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тазалықты сақтаймыз.<br>**Біртұтас тәрбие: талап құндылығы:** | **«Жақсы болу өзіңнен»** Өлең жолдарын түсіндіру. Жақсы болу өзіңнен.<br>Жаман болу өзіңнен.<br>Өзіңді өзің ая да,<br>Өзің үйрен өзіңнен. | | **Жұмбақ жасыру.** Қарбырғасы төртбұрыш,<br>Үш бұрыштан шатыры<br>Зәулім сарай білсеңіз<br>Паналайсыз кірсеңіз<br>(Үй) | **Өз беттерінше жұмыс жасау.** Геометриялық пішіндерді сала отырып, жатын төсек құрылысын салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **салауатты өмір салтын ұстану.** | Жақсылық көрсең біреуден, Мен қандаймын деп ойла . Өзіңді өзің қолыңа ал. Өзіңсің – ақыл айнасы, Тиеді саған мәні бар. «Өзіңді тану пайдасы» Жақынды, досты аяла. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке жұмыс:** Құмырсқаның суретін салу. Суретке деген қызығушылығын арттыру, (Ә.Омар, Ақниет) | **«Ойыншықтар»** Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой, дос ойнайық. Тақпақ жаттату арқылы тілін дамыту. ( Нұршуақ,Расул) | | **«Өзім және отбасым»** Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы әңгімелесу. Тілдік дағдысын байыту. (Наргиз, Томирис) | Жеке жұмыс: Сан таңбаларын қайталау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. | Ата-аналарменбаланыңынтасы, қызығушылықтарытуралыәңгімелесу | | **Ата-аналарға арналған кеңес:**Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | **Ата-аналарға арналған кеңес:** «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» сұрақ-жауап. |

Тәрбиеші:М.М.Мырзабек

**Бекітемін ___________ Г.Ж.Сыдықова**
**М/д оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: Аққемер жалпы білім беретін орта мектебі

**Сынып: МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл 06-07-08-09-10 мамыр**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Ғажайып жұлдызша»** Балалар қол ұстасып, шеңберге тұрады. Тәрбиеші үлкен «ғажайып жұлдызшаны» көрсетіп, оны бір-біріне беру арқылы балалардың амандасуын ұсынады. Тәрбиеші танысуды өзінен бастайды.Әр бала өз есімдерің жағымды көңіл-күймен қайталайды. | **07-05-2024 ж мереке-демалыс** | **«Тілек шоғы»** Тәрбиеші ғажайып гүлдер қалашығына саяхат жасайтынын хабарлап,балаларға әдемі раушан гүлдерін үлестіріп береді. Балалар гүлдің жұпар иісі,түсі,құрылысы (сабағы,күлтешелері) туралы әңгімелейді. Тәрбиеші қолындағы гүлді жанында тұрған балаға есімің атап,жылы сөз айтып ұсынады.Бала тәрбиешінің ұсынған гүлдің өзінң гүлімен бірге тілек айта отырып,келесі балаға береді. | **09-05-2024ж мереке-демалыс** | **Жылулық шеңбері** Балар өздеріне ұнаған ағашқа тағы да жаңындағы, оны құшақтап 1-2 минут көздерін жұмып, «табиғат әуенін» тыңдап тұрады.Үлкендермен бірге табиғатқа ризашылықтарын білдіреді. Жылу берген Күнің үшін рахмет! Өсім берген Суың үшін рахмет! Тіршілік берген Жерің үшін рахмет! **Ұлттық құндылық күні: «Нағашы,жиен,бөле»** Мақсаты: Нағашы,жиен,бөле сөздерін тереңірек ұғындыру. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Тәрбие аптасы.** Сұрақ –жауап: « Бала тәрбиесіне қатысты қазаққа тән қандай қасиеттерді дұрыс деп санайсыз?» | | Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде мектептің жауапкершілігі басым ба? | | Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па,қатаң тәрбиелеген дұрыс па? |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **«Менің отбасым»** **Мақсаты:** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», | | **«Ертегіде қонақта»** **Мақсаты:**Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, | | **Қазақ – тілі** **«Тіл ұстарту»** **Мақсаты:**Үлгі бойынша жай,жайылма сөйлемдер құрай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | «жиен»,«бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. **(қазақ тілі- сурет салу)** | | ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Ермексаздан әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндету. **(көркем әдебиет-мүсіндеу)** | | Мысалы, Ата мен әже, ана да, Алма мен алмұрттереді, АуырғаАрман бала да, Арбаментасыпбереді |
| Жаттығулар кешені | «Құмырсқалар соқпақпен келеді». Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. | . | Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттарарасымен (томаршалар) жәнезаттардыаттапжүружәнежүгіру. | | Адымдап алға қарай жүру, қадамды алмастыра жүру, жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Оюлы сырмақ»**<u>Мақсаты:</u> <u>.</u> Ұлттық тұтынатын бұйымдар жайындағы түсініктерін жетілдіру. Текеметтен сырмақтың | | **«Күн шыққанда» Мақсаты:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен | . | **Ойын: «Асық ату»** Мақсаты:қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға,ұлттық ойындарғадеген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылығы неде екенің байқап, ерекшелігін білуді үйрету. Қолөнер шеберлерінің еңбегін, туған халқының мәдени мұрасымен сәндік қолданбалы өнерінің түрлерімен таныстыру.<br>**Барысы**: Қиылған дайын өрнектерден құрылым жасауға бағыттайды. Балалардың түсіндіруден кейін өзбетінше әрекет етуіне басшылық жасайды. Кейбір қиындыққа кездесіп, іс-әрекетке белсенді кірісе алмай отырған балаларға ғана өзінің қолындағы шағын мольбертке қойып орындалу жолын түсіндіреді. Қарапайымэлементтер діөздеріқиып, толықтыруғажетелепү йретукерек. | | құбылыстардың атауларымен кеңейту, қоршаған ортадағы заттар мен табиғат құбылыстарын атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | қызығушылыққа баулу, ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздік шараларын сақтай білуге тәрбиелеу.<br>Кіріспе.<br>Жалпы дамыту жаттығулары: Б.қ: тура солай, ішімен,қолдары иек астында.1-6-аяқтарын жинау,ойнату 7-8 б.қ. Бастарын бұрып, қарау, 5-6 рет қайталау. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру**<br>Сомакат тебу<br>Шарты: Самокатпен жүріп кедергілердің арасынан өтіп жарысу **«Кім баяу?» Ойын мазмұны:** Балалар тәрбиешімен бірге жүгіріп келе жатыр. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Музыка**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Сурет салу** | **Көркем әдебиет**<br>Диалогтік сөйлеу **"Сөйлемді аяқта"Мақсаты:** Ест е сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.Диалогпен сөйлеуді бекіту.<br>**Мысалы:** Тәрбиеші | **Математика негіздері**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Қазақ тілі \\ тіл ұстарту**<br><br>**Музыка** | **Дене шынықтыру**<br>Шеңбер бойымен велосипед тебу **«Кім жылдам»**Мақсаты: Велосипед тебу(далада)<br>Қос қолмен допты жоғары лақтыруды үйретуді жалғастыру. Шеңбер бойымен және тура жолмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күтпеген жерден тәрбиеші: « Ал кәне көрелік» .Сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне былай-дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Содан кейін тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: « Ал енді бәрің де маған қарай жүгіріңдер»,-дейді. Балалар тәрбиеші апайға жүгіреді. Тәрбиеші кімнің жақсы орындағанын айтып мадақтайды<br><br>**Математика негіздері** Таразы .<br>**Логикалық тапсырмалар:**<br>1.Қолымда бес алма,табақта үш алма қосқанда Барлығын болады неше алма? Жауабы: Сегіз алма.<br>2. Ағаш басында 2 балық отыр еді,оларға тағы 2 балық ұшып келді.Барлығы неше балық болды? | | өлеңнің сөйлемін оқиды, балалар жалғасын табады.<br>Мен барамын .......(бақшаға)<br>Апайымның.........(қасына Ойнаймын мен........(бақшада)<br>Ұйықтаймын ........... ( бақшада)<br>Қайтамын үйге........(баптай)<br>Жан әжем екеуміз .........(асықпай**)**<br>**Дидактикалық ойын «Көңілді доп»Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін одан ары қарай жетілдіру. Сөзден байланыстырып сөйлем құрастыруға үйрету.<br>**Шарты:** Тәрбиеші допты лақтырады, допты ұстап алған бала маманның іс-әркетін айтады<br>Дәрігер ---емдейді<br>Аспасшы—пісіреді<br>Шаштаразшы- қиады<br>Тігінші- тігеді<br>Құрылысшы- үй салады<br><br>**Математика негіздері**<br>Өлшеу<br>**«Дүкен» ойыны** | . | қос дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылуға үйрету**.**<br>**«Велосипед тебу».**<br>Ойынның шарты: Әр қатысушы балаларға бір велосипедтен беріледі. Олар кезекпен велосипедке отырып, мәрені айналып қайтады. Топ басшысы балаларды велосипедке отырғызып, жіберіп тұрады. «**Аттар»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>**шарты:**Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. /Шабарманның қолында - ауыздық/. Аланның басқа жағында- аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармендар. Тәрбиеші: «Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!»- дегенде шабармандараттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. «Шабармандар, аттарыңды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жауабы: Балықтар ағашта отырмайды және ұшпайды.<br>3. Қызыл телпек әжесіне 5 тәтті нан,және 3 самса әкелді. Қызыл телпектің тәтті наны нешеге артық?<br>Жауабы: 2 тәтті нанға артық. 4.Үш алманы бақтағы<br>Кірпі алып жинады,<br>Ең әдемі біреуін<br>Ақ тиінге сыйлады.<br>Ыдыстағы алманың<br>Санап көрші қалғанын?<br>Жауабы: Төртеу.<br>**«Қай қолымда көп?» ойыны**.<br>Мақсаты: Заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.<br>Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді,оның әрқайсысы алма-кезек тәрбиешінің үстеліне өз өкілін жібереді.Бір бала қолын артқа ұстайды. Алдымен тәрбиешінің одан соң балалардың бірі оның қолына текше, түйме әр түрлі ұсақ нәрселерді ұстатады. Бірақ ,ол бір қолда көп,екіншісінде аз болуы керек. Бала | | Ойнышық таразысына дүкенші бала сатып алушының сұраған нәрсесін өлшеп беріп тұрады. Сатушы баланың дүкеншілер киетін бас киімі болу керек. Ойынның барасында сусымалы зат пен сұйық заттын өлшену айырмасына жаттығады, демек, сұйық заттар белгілі көлемдегі ыдыспен өлшенеді, сусымалы заттар таразыға салынып өлшенеді.<br>**Ойынның мақсаты** – сұйық затпен сусымалы заттын қалай өлшенетінін балаларға үйретіп, жаттықтыру.<br>**«Не ауырлау**<br>Мақсаты: салмақ туралы білу, екі затты салыстыра алуға үйрету, өз ойын дәлелдеу дағдысын қалыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: үлестірмелі қағаздар<br>Ойын барысы: балалар үлестірмелі қағазда берілген заттардың қайсысы ауырлау, қайсысы жеғңлдеу екенңн анықтайды. Мысалы: | | ұстаңдар»,- дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. «Аттарыңды ат қораға апарыңдар»,- дегенде апарады.<br>**Қоршаған орта**<br>Байланыс құралдары<br>Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді. (Телефон) Жазуы бар ақ парақ қанат қақты,Жеткізеді әлемдегі жаңалықты Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз?<br>– Ақпараттық құралдар арқылы. Олар: теледидар, радио, газет, ғаламтор.<br>**Қауіпсіздік ережесі:**(теледидар,ұялы телефон,компьютеріқолданғанда жақыннан көруге болмайды, көздің көру қабілетін нашарлатады).<br>**«Хат тасушы»** өлеңі<br>Ол жатқа біледі қаланы,<br>Бар көше, бар үйге барады.<br>Біздің де пәтерді табады,<br>Күнде кеп есікті қағады.<br>**«Телефон»**<br>Әй, телефон, телефон,<br>Апам келіп бұраса,<br>Кім керегін сұраса,<br>Тез шақырып келесің,<br>Айтқанына көнесің.<br>Әй, телефон, телефон,<br>Көкем келіп бұраса,<br>Кім керегін сұраса,<br>Тез шақырып келесің,<br>Айтқанына көнесің. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
